

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының 2011 жылғы жылдық қаржылық (шоғырландырылған және жеке) есептілігін, таза кірісін бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін және бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 850 Қаулысы

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңының 7-бабы 2-тармағының 2) және 10) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) қоса беріліп отырған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) 2011 жылғы жылдық қаржылық (шоғырландырылған және жеке) есептілігі;

2) Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 23 мекенжайында орналасқан, деректемелері: салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) 620200333937, жеке сәйкестендіру коды (ЖСК) KZ456010111000026976, Астана қаласы, «Қазақстанның халық банкі» акционерлік қоғамындағы банктік сәйкестендіру коды (БСК) HSBKKZKX, Қордың қаржылық есептілігіне сәйкес 330035160000 (үш жүз отыз миллиард отыз бес миллион бір жүз алпыс мың) теңгені құрайтын Қордың 2011 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі:

дивидендтерді төлеуге – 159112559000 (бір жүз елу тоғыз миллиард бір жүз он екі миллион бес жүз елу тоғыз мың) теңге жіберілсін;

инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру, борыштық міндеттемелерді өтеу және активтер сатып алу үшін 170922601000 (бір жүз жетпіс миллиард тоғыз жүз жиырма екі миллион алты жүз бір мың) теңге Қордың және оның компанияларының иелегінде қалдырылсын;

3) Қордың бір жай акциясына шаққандағы 2011 жылғы дивидендтің мөлшері 45 (қырық бес) теңге 71 (жетпіс бір) тиын болып бекітілсін.

2. Осы қаулыға қол қойылған күн - дивидендтерді төлеудің басталған күні деп белгіленсін.

3. Дивидендтер төлеу 10 (он) жұмыс күні ішінде «201301» бюджеттік жіктеу коды бойынша республикалық бюджетке қолма-қол ақшасыз аудару жолымен ақшалай нысанда жүргізілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	9	66.833	205.302
Колл/пут опциондарымен байланысты активтер		33.240	-
Қысқа мерзімді банк депозиттері	10	70.202	47.887
Өзге де ағымдағы активтер	11	10.857	19.205
Ақша қаражаты және оның эквиваленттері	12	451.902	401.586
		766.760	809.603
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		4.395.122	4.734.423
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	13	4.050.383	3.891.909
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв		(126.333)	4.881
Жинақталған шығын		(1.116.293)	(626.713)
Капитал жиыны		2.807.757	3.270.077
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	1.032.791	919.761
Үкіметтің қаражаты	15	404.731	352.812
Қаржы кепілдіктері бойынша міндеттемелер	16	25.845	24.985
		1.463.367	1.297.558
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	14	117.664	91.871
Үкіметтің қаражаты	15	275	1.845
Қаржы кепілдіктері бойынша міндеттемелер	16	3.091	2.722
Колл/пут опциондары бойынша міндеттемелер		717	69.435
Өзге де ағымдағы міндеттемелер		2.251	915
		123.998	166.788
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		4.395.122	4.734.423

6-44 беттегі есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Нұрлан Рахметов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескер.	2011	2010
Пайыздық кірістер	17	58.847	265.050
Пайыздық шығыстар	18	(107.125)	(83.897)
Дивидендтерден түсетін кіріс		81.483	44.243
Жалпы пайда		33.205	225.396
Жалпы және әкімшілік шығыстар	19	(42.072)	(11.608)

Қаржылық кірістер	20	59.033	44.482
Қауымдасқан компанияларға елеулі әсерді жоғалтудан түсетін кіріс	9	-	86.850
Борыштық құралдарды үлестікке айырбастаудан түсетін кіріс		-	12.343
Еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануы	5	(306.589)	(701.493)
Қаржы активтерінің құнсыздануы	7,8,10,11	(283.616)	(11.641)
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс, нетто		39	586
Опциондар құнының өзгеруінен кіріс, нетто		41.936	61.106
Қаржы активтерінің шығуынан болатын шығын	9	(6.867)	-
Өзге де операциялық шығыстар, нетто		(1.202)	(3.360)
Табыс салығын есептегенге дейінгі шығын		(506.133)	(297.339)
Табыс салығы бойынша шығыстар	21	(9.701)	(14.729)
Жыл ішіндегі таза шығын		(515.834)	(312.068)
Табыс салығын шегергендегі өзге де жиынтық (шығын)/кіріс			
Сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша таза (шығын)/кіріс		(131.214)	5.461
Табыс салығын шегергендегі өзге де жиынтық (шығын)/кіріс жиыны		(131.214)	5.461
Жыл ішіндегі жиынтық шығынның жиыны		(647.048)	(306.607)

6-44 беттегі есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Нұрлан Рахметов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескер.	2011	2010
Операциялық қызметтен ақша ағымдары:			
Табыс салығы есептелгенге дейінгі пайда/(шығын)		(506.133)	(297.339)
Мыналарға түзету:			
Тозу мен амортизацияға		270	220
Қауымдасқан компанияларға елеулі әсерді жоғалтудан түсетін кіріс	9	-	(86.850)
Борыштық құралдарды үлестікке айырбастаудан түсетін кіріс		-	(12.343)
Еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануы	5	306.589	701.493
Қаржы активтерінің құнсыздануы	7,8,10,11	283.616	11.641
Қаржы кірістері	20	(59.033)	(44.482)
Опциондар құнының өзгеруінен кіріс, нетто		(41.936)	(61.106)
Қаржы активтерін дисконттаудан шығыстар	18	13.747	5.374

Бағамдық айырмадан іске асырылмаған шығын/(кіріс)		42	(533)
Өзгелері		7.318	7.535
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағымдары		4.480	223.610
Берілген қарыздардағы өзгеріс		(269.436)	(338.574)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттағы өзгеріс		80.642	172.353
Өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		8.174	13.459
Үкімет қарыздарындағы және қаражатындағы өзгеріс		213.020	562.048
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		1.335	34
Операциялық қызметтен ақша ағымдары		38.215	632.930
Төленген табыс салығы		(22.560)	(38.469)
Алынған пайыздар		27.432	19.939
Операциялық қызметтен таза ақша ағымдары		43.087	614.400
Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары			
Банк депозиттерін орналастыру, нетто	10	(4.452)	(359.755)
Еншілес ұйымдардың акцияларын сатып алу	5	(154.442)	(331.075)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(209)	(322)
Қаржы активтерін сату/сатып алу), нетто		27.857	(193.920)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары		(131.246)	(885.072)
Қаржы қызметінен түскен ақша ағымдары:			
Акционерге дивидендтер бойынша алдын ала төлем	11	(9.077)	(7.056)
Жарғылық капиталға жарналар	13	147.552	141.447
Қаржы қызметінен түсетін таза ақша ағымдары		138.475	134.391
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		50.316	(136.281)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері		401.586	537.867
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері	12	451.902	401.586

АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР

Мынадай ақшалай емес операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке е с е п т е н ш ы ғ а р ы л д ы :

1. Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар бойынша дисконты тану (5-ескертпе).
2. Акционермен операциялар (13-ескертпе).
3. Үкімет қаражаты бойынша дисконты тану (15-ескертпе).

6-44 беттегі есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Нұрлан Рахметов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві	Жинақталған шығын	Жиыны
2009 жылғы 31 желтоқсан	3.748.299	(580)	(384.257)	3.363.462
Жыл ішіндегі таза шығын	-	-	(312.068)	(312.068)
Өзге де жиынтық шығын	-	5.461	-	5.461
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	-	5.461	(312.068)	(306.607)
Жарғылық капиталға жарналар	143.610	-	-	143.610
Үкімет қаражатын бастапқы танудан кіріс (15-ескертпе)	-	-	111.145	111.145
Акционермен операциялар (13-ескертпе)	-	-	(32.888)	(32.888)
Акционерге дивидендтер	-	-	(8.645)	(8.645)
2010 жылғы 31 желтоқсан	3.891.909	4.881	(626.713)	3.270.077
Жыл ішіндегі таза шығын	-	-	(515.834)	(515.834)
Өзге де жиынтық шығын	-	(131.214)	-	(131.214)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	-	(131.214)	(515.834)	(647.048)
Жарғылық капиталға жарналар	158.474	-	-	158.474
Үкімет қаражатын бастапқы танудан кіріс (15-ескертпе)	-	-	21.799	21.799
Акционермен операциялар (13-ескертпе)	-	-	11.511	11.511
Акционерге дивидендтер (13-ескертпе)	-	-	(7.056)	(7.056)
2011 жылғы 31 желтоқсан	4.050.383	(126.333)	(1.116.293)	2.807.757

6-4 беттегі есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

Басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Нұрлан Рахметов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы («Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын («Самұрық») біріктіру және Мемлекеттік қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне («Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өз меншік құқығын қосымша беру жолымен жүзеге

асырылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті білдіретін Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі мәтін бойынша «Акционер»).

Үкіметтің қайта ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаты Үкіметтің тиісті бағдарламалары мен даму жоспарларында белгіленген осы компаниялардың стратегиялық міндеттерді табысты орындауы мақсатында олардың менеджменті тиімділігін арттыру және ұйымдық құрылымын оңтайландыру болып табылады. Самұрық пен Қазынаның қосылуы және қосымша беру кәсіпорындарды жалпы бақылауға біріктіруді білдіреді, оны Қор үлестерді біріктіру ретінде ескереді.

Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы № 134-IV Заңымен реттелді және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталды. 2012 жылғы 1 ақпанда «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталды.

Қор 5 және 6-ескертпеде санамаланған бірқатар мемлекеттік кәсіпорындарды біріктіретін холдинг болып табылады. 2008 жылғы 3 қараша - 2009 жылғы 13 ақпан аралығында Қор Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің ұлттық және шетелдік валютада банк операцияларын жүргізуге 2008 жылғы 27 қарашадағы 5.2.66 № 0001231 лицензиясының негізінде қаржы операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асырады.

Компанияның тіркелген офісі Қазақстан Республикасы, Астана, Қабанбай батыр даңғылы, 19 мекенжайында орналасқан.

Осы жеке қаржылық есептілікті шығаруға 2012 жылғы 23 мамырда Қордың Басқарушы директор - Басқарма мүшесі төрағасы мен Бас бухгалтері бекітті.

Экономикалық жағдайлар

Қазақстан Республикасы нарықтық экономика шарттары талап ететіндей экономикалық реформаларды жүзеге асыруды және өзінің заңнамалық, салық және нормативтік базасын әзірлеуді жалғастыруда. Осы реформалар мен әзірленімдер және Үкімет қабылдаған экономикалық, қаржылық және монетарлық шаралардың тиімділігі Қазақстан экономикасының болашақтағы тұрақтылығын ұстауды мақсат етеді.

Қазақстан экономикасы іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуіне және әлемдегі экономикалық даму қарқындарының төмендеуіне сезімтал. Әлемдік қаржы дағдарысы капитал нарығының тұрақсыздығына, банк секторындағы өтімділіктің елеулі нашарлауына және Қазақстанның ішінде кредит берудің неғұрлым қатаң шарттарына әкелді. Үкімет Тұрақтандыру жоспарының шеңберінде қазақстандық банктер мен

компаниялардың шетелдік қарыздардың өтімділігі мен оларды қайта қаржыландыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдады, Қазақстанда экономикалық жағдайдың жақсаруы соның нәтижесі болды. Алайда Үкімет қабылдаған тұрақтандыру шараларының оң нәтижелеріне қарамастан капитал көздеріне қол жеткізу мүмкіндігіне, сондай-ақ Топ пен оның контрагенттері үшін капитал құнына қатысты белгісіздік бар, бұл Топтың қаржылық жағдайына, Топтың операциялары мен экономикалық перспективаларының нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. Топтың басшылығы ол Топтың осы жағдайлардағы экономикалық орнықтылығын қолдау жөніндегі барлық қажетті жағдайларды қабылдайды деп санайды. Алайда жоғарыда көрсетілген салалардағы жағдайдың одан әрі нашарлауы Топтың нәтижелері мен қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі кезде бұл әсердің қандай болатынын айқындау қиын.

Тұрақтандыру жоспары

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында елдің экономикасы мен қаржы жүйесін тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономикасы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары (бұдан әрі мәтін бойынша «Тұрақтандыру жоспары») бекітілді. Тұрақтандыру жоспары мынадай мақсаттарға бағытталған бірқатар іс-шараларды көздейді:

- Қаржы секторын тұрақтандыру
 - Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу
 - Шағын және орта бизнесті қолдау
 - Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту
 - Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру
- Қор Үкіметтен Тұрақтандыру жоспарын іске асыру жөніндегі негізгі оператор болып түседі.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы жеке қаржылық есептілік есеп саясатында және осы жеке қаржылық есептілікке ескертпелерде сипатталған жағдайларды қоспағанда, бастапқы құн қағидаты негізінде дайындалды. Қор бухгалтерлік есептілікті теңгемен ұсынған. Арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, осы жеке қаржылық есептіліктегі барлық мәндер миллионға дейін дөңгелектелген.

Осы жеке қаржылық есептілік Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дайындалды.

Осы жеке қаржылық есептілік 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосымша ретінде дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2012 жылғы 23 мамырда Қордың

Басқарушы директор - Басқарма мүшесі төрағасы мен Бас бухгалтері бекітті. Шоғырландырылған қаржылық есептілік данасы Қордың бас кеңсесінен алуға болады (1-ескертпе).

Сәйкестігі туралы мәлімдеме

Қордың осы жеке қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес («ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалды.

Жеке қаржылық есептілікті ҚЕХС-қа сәйкес дайындау маңызды бухгалтерлік бағалауды талап етеді. Жеке қаржылық есептілікті дайындау сондай-ақ басшылықтан Қордың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануда талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

Шетелдік валютаны қайта есептеу

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Осы жеке қаржылық есептілік функционалдық валюта және Қордың есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылатын функционалдық валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы жеке есепке қосылады. Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Валюта айырбастау бағамдары

Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген валюта айырбастаудың орташа салмақталған бағамдары Қазақстанда шетелдік валютаны айырбастаудың ресми айырбастау бағамдары ретінде пайдаланылады.

2011 және 2010 жылдардағы 31 желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына ҚҚБ айырбастау бағамы тиісінше 1 долларға 148,4 және 147,5 теңгені құрады. Бұл бағамдар 2011 жылғы және 2010 жылғы 31 желтоқсанда АҚШ долларымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылады. 2012 жылғы 23 мамырда ҚҚБ айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 147,70 теңге болды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер

Төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралып, 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Стандарттар мен Интерпретацияларды қоспағанда, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылатын есеп саясаты 2010 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылғанға сәйкес келеді.

БЕХС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» түзету

ҚЕХС жөніндегі кеңес БЕХС 24 түзету жариялады, ол байланысты тараптың айқындамасын түсіндіреді. Жаңа айқындамалар байланысты тараптарға қатысты бөліктегі тепе-теңдікке ерекше назар аударады. Түзету сондай-ақ жеке тұлға немесе негізгі басқарушы персонал компанияның байланысты тараппен қатынасына әсер ететін жағдайларды түсіндіреді. Бұдан басқа, түзету мемлекетпен немесе бақыланатын, есептілік жасайтын компания сияқты сол мемлекетпен бірлесіп бақыланатын немесе осы мемлекет елеулі ықпал ететін компаниялармен жасалатын мәмілелер үшін ақпаратты ашу жөніндегі талаптардан алып тастауды көздейді. Түзетуді қолдану Қордың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

БЕХС 32 «Қаржы құралдары: ақпарат беру»

ҚЕХС жөніндегі кеңес БЕХС 32 қаржы міндеттемесінің айқындамасын компанияларға акцияларға, опциондар мен варранттарға құқықтардың белгілі бір шығарылымдарын үлестік құралдар ретінде жіктеуге мүмкіндік беретіндей түрде өзгертеді. Бұл түзету, егер осындай құқықтар кез келген валютамен тіркелген сома үшін компанияның меншікті үлестік құралдарының тіркелген санын сатып алу мақсатында нақ сол сыныптағы барлық меншік иелеріне компанияның туынды емес үлестік құралдарын теңбе-тең берілген жағдайда қолданылады. Түзету Қордың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ, өйткені Қорда осындай құралдар жоқ.

Интерпретация 14 «Ең аз мөлшерде қаржыландыру туралы талаптарға қатысты алдын ала төлемдер»

Түзету компанияға қатысты ең аз мөлшерде қаржыландыру туралы талап қолданылған және компания осы талаптарды орындау мақсатында алдын ала төлем жасаған кезде болатын қажетсіз салдарларды жояды. Түзету компанияға болашақтағы қызметтердің құнына қатысты алдын ала төлемді зейнетақылық актив ретінде тануға рұқсат береді. Ең аз мөлшерде қаржыландыру туралы талаптар Қазақстан Республикасында қолданылмайды, сондықтан интерпретацияға түзету Қордың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

ҚЕХС жетілдіру (2010 жылғы мамыр)

2010 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес негізінен ішкі сәйкессіздіктерді жою және тұжырымдарды нақтылау мақсатында өз стандарттарына түзетулер шығарды. Әрбір стандартқа қатысты жеке өтпелі ереже бар. Төменде санамаланған

стандарттарды қолдану (өзгерістерімен) есеп саясатына өзгерістерге әкелді, алайда Қордың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

- «Бизнесті біріктіру» ҚЕХС 3 түзету бақыланбайтын қатысу үлесін бағалау тәсілдеріне өзгерістер енгізді. Бақыланбайтын қатысу үлестерінің өзінің иесіне компания таратылған жағдайда оның таза активтеріндегі теңбе-тең үлес құқығын беретін құрамдас бөліктері не әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалануға тиіс. Өзге де барлық құрамдас бөліктер сатып алу күнінде әділ құн бойынша бағалануға тиіс.

- «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» ҚЕХС 7 түзету ұсталынатын қамтамасыз ету туралы ашылатын ақпараттың көлемін азайту, және сипаттамалардың мән-мәтінінде сандық ақпаратты пайдалану туралы талаптың арқасында ақпараттың ашылуын жетілдіру есебінен ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды оңайлату мақсатында енгізілді.

- «Қаржылық есептілік беру» БЕХС 1 түзету компанияның не өзгерістер туралы есепте, не қаржылық есептілікке ескертпелерде өзге де жиынтық кірістің әрбір құрамдас бөлігіне талдау бере алатындығын түсіндіреді.

Төменде санамаланған, «ҚЕХС жетілдіру» жобасының нәтижесінде қабылданған стандарттарға өзге де түзетулер Топтың есептік саясатына, қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ:

- ҚЕХС 3 «Бизнесті біріктіру» (ҚЕХС 3 қабылданғанға дейін жасалған бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелермен келісілген шартты сыйақы (2008 жылғы редакция).

- ҚЕХС 3 «Бизнесті біріктіру» (акцияларға негізделген төлемдері бар орналастырылмаған және ерікті негізде орналастырылған сыйақылар).

- БЕХС 27 «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік».

- БЕХС 34 «Аралық қаржылық есептілік».

Төменде санамаланған интерпретациялар мен интерпретацияларға түзетулер қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ:

- Интерпретация 13 «Клиенттердің адалдығын ұстауға бағытталған бағдарламалар» (бонустық бірліктердің әділ құнын айқындау).

- Интерпретация 19 «Үлестік құралдарды беру арқылы қаржылық міндеттемелерді өтеу».

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар мен интерпретациялар

Қор шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген мынадай стандарттарды қолданған жоқ. Тізімге Қордың көзқарасы тұрғысынан, болашақта қолданған жағдайда ақпаратты ашуға, қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен интерпретациялар енгізілді. Қор ҚЕХС 9 қоспағанда, осы стандарттарды олар күшіне енген күнінен бастап қолдану ниетінде.

БЕХС 1 «Қаржылық есептілік: ақпарат беру» - «Өзге де жиынтық кірістің баптарын беру»

БЕХС-ге түзетулер өзге де жиынтық кірістің құрамында ұсынылатын баптардың топтамасын өзгертеді. Болашақтағы белгілі бір сәтте пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар (мысалы, тану немесе өтеу тоқтатылған жағдайда), ешқашан қайта жіктелінбейтін баптардан бөлек ұсынылуға тиіс. Түзету беруге ғана әсер етеді және Топ қызметінің қаржылық жағдайын немесе қаржылық нәтижелерін қозғамайды. Түзету 2012 жылғы 1 шілдеден кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

БЕХС 19-ға түзетулер «Қызметкерлерге сыйақы беру»

ҚЕХС жөніндегі кеңес БЕХС 19-ға бірнеше түзетулер жариялады, Олар іргелі өзгерістерден (мысалы, дәліз тетігін және жоспар активтерінің күтілетін кірістілігі түсінігін шығару) тұжырымдаманың қарапайым түсіндірмелеріне және өзгерістеріне дейін құбылып отырады. Түзетулер 2013 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық есептік кезеңдерден кейін күшіне енеді.

БЕХС 12 «Пайдаға салынатын салық» — «Кейінге қалдырылған салықтардың негізіне жататын активтерді өтеу»

Түзетуде әділ құн бойынша қайта бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке қатысты кейінге қалдырылған салықты айқындау тетігі түсіндіріледі. Түзетудің шеңберінде оны бағалау үшін БЕХС 40-қа сәйкес әділ құнның моделі пайдаланылатын жылжымайтын мүлікке арналып кейінге қалдырылған салықтың оның баланстық құнының сату арқылы өтелетіндігі туралы жол берілімдігі негізінде айқындалуға тиістігі туралы дәлелді жол берілім енгізіледі. Бұдан басқа, түзетуде активті сату туралы жол берілімнің негізінде ғана БЕХС 16-дағы қайта бағалау моделіне сәйкес бағаланатын амортизацияланбайтын активтер бойынша кейінге қалдырылған салықты есептеу қажеттілігі туралы талап енгізіледі. Түзету 2012 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

БЕХС 27 «Жеке қаржылық есептілік» (2011 жылғы редакцияда)

Жаңа стандарттардың жариялануының нәтижесінде жаңа редакциядағы ҚЕХС 10 және ҚЕХС 12, БЕХС 27 еншілес, бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан компаниялар ескеріле отырып, жеке қаржылық есептілікте шектеледі. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

БЕХС 28 «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялар» (2011 жылғы редакцияда)

ҚЕХС 11 және ҚЕХС 12, БЕХС 28 жаңа стандарттардың жариялануының нәтижесінде БЕХС 28 «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялар» деген жаңа атау алды және қауымдасқан компанияларға салынатын инвестицияларға қатысты ғана емес, сонымен бірге бірлескен

кәсіпорындарға салынатын инвестицияларға қатысты да үлестік қатысу әдісінің қолданылуын сипаттайды. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» — «тануды тоқтату туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптарды жетілдіру»

Түзету оларды тану тоқтатылмаған активтердің және тиісті міндеттемелердің өзара байланысының сипатын Қордың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға түсіну мүмкіндігін беру үшін берілген, бірақ оларды тану тоқтатылмаған қаржылық активтер туралы қосымша ақпаратты ашуды талап етеді. Бұдан басқа, түзету қаржылық есептілікті пайдаланушыларға оларды тану тоқтатылған аталған активтердегі компанияның жалғасып отырған қатысуының сипатын және онымен байланысты тәуекелдерді бағалау мүмкіндігін беру үшін активтерге жалғасып отырған қатысу туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Түзету 2011 жылғы 1 шілдеден кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету ақпаратты ашуға ғана қатысты болады және Қордың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

ҚЕХС 9 «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»

ҚЕХС жөніндегі кеңестің БЕХС 39 ауыстыру жөніндегі жобасының бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша шығарылған ҚЕХС 9 БЕХС 39 белгіленгендей, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеуге қатысты қолданылады. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді. Кейінгі кезеңдердің барысында ҚЕХС жөніндегі кеңес хеджирлеу есебін және қаржы активтерінің құнсыздануын қарайды. ҚЕХС 9 бірінші кезеңін қолдану Топ қаржы активтерінің жіктелуіне және бағалануына әсер етеді, бірақ қаржылық міндеттемелердің жіктелуіне және бағалануына әсер етпейді. Аяқталған көріністі көрсету үшін Қор олар жарияланғаннан кейін жобаның басқа кезеңдерімен байланыста қаржылық есептіліктегі тиісті сомаға осы стандарттың әсерін бағалайды.

ҚЕХС 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»

ҚЕХС 10 БЕХС 27 «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктің» шоғырландырылған қаржылық есептілікте есебі қарастырылатын бөлігін ауыстырады. Стандарт сондай-ақ «Шоғырландыру - арнайы мақсаттағы компаниялар» ПКИ-12 Интерпретациясында қаралатын мәселелерді қозғайды. ҚЕХС 10 арнайы мақсаттағы компанияларды қоса алғанда, барлық компанияларға қатысты қолданылатын бірыңғай бақылау моделін көздейді. ҚЕХС 10 стандарты енгізетін өзгерістер басшылықтан компаниялардың қайсысының бақыланындығын, және демек, БЕХС 27 талаптарын қолдану кезіндегіге қарағанда негізгі компаниямен шоғырландыруға тиістігін анықтау

кезінде пайымдаулардың барынша ауқымды көлемін талап етеді. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім»

ҚЕХС 11 БЕХС 31 «Бірлескен қызметке қатысу» және «Бірлесіп бақыланатын компаниялар - қатысушылардың монетарлық емес салымдары» ПКИ-13 Интерпретациясын ауыстырады. ҚЕХС 11 бірлесіп бақыланатын компанияларды теңбе-тең шоғырландыру әдісімен есепке алу мүмкіндігін жоққа шығарады. Оның орнына бірлескен кәсіпорындардың анықтамасын қанағаттандыратын бірлесіп бақыланатын компаниялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

КЕХС 12 «Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу»

ҚЕХС 12 бұрын БЕХС 27-де шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде көзделген ақпаратты ашуға қойылатын барлық талаптарды, сондай-ақ бұрын БЕХС 31 және БЕХС 28-де көзделген ақпаратты ашуға қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Ақпаратты ашуға қойылатын осы талаптар компаниялардың еншілес компанияларға, бірлескен қызметке, қауымдасқан және құрылымдалған компанияларға қатысу үлестеріне жатады. Сондай-ақ ақпаратты ашуға қойылатын жекелеген жаңа талаптар да енгізілген. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС 13 «Әділ құнды бағалау»

ҚЕХС 13 бір стандартта ҚЕХС сәйкес әділ құнды бағалауға қатысты барлық нұсқауларды біріктіреді. ҚЕХС 13 компаниялар әділ құнды пайдалануға міндетті болғанда өзгерістер енгізбейді, ал әділ құнды бағалау талап етілгенде немесе рұқсат етілгенде ҚЕХС сәйкес әділ құнды бағалауға қатысты нұсқауларды ұсынады. Қазіргі кезде Қор осы стандартты қолданудың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсерін бағалауда. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

Еншілес ұйымдарға инвестициялар

Еншілес ұйымдарға инвестициялар құнсыздану шегеріліп бастапқы құн бойынша ескеріледі. Қайта ұйымдастыру жолымен сатып алынған еншілес ұйымдарға инвестициялардың бастапқы құны осы еншілес ұйымдардың «капитал бабындағы» үлес ретінде бағаланды.

Бірлескен компаниялар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Қордың өзінің бірлескен компаниялары мен қауымдасқан компанияларына инвестициялары құнсыздану шегеріліп бастапқы құн бойынша ескеріледі. Қауымдасқан компания - бұл Қор елеулі ықпал ететін, бірақ еншілес компания да, бірлескен кәсіпорын да болып табылмайтын компания.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күні Қор активтің ықтимал құнсыздануының белгілерінің бар-жоқтығын анықтайды. Егер осындай белгілер орын алса, немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру жүргізу талап етілсе, Қор активтің өтелетін құнын бағалауды жүргізеді. Активтің өтелетін құны - мынадай шамалардың ең үлкені: активтің әділ құны және активті пайдаланудан болатын құндылық. Өтелетін құн негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары генерациялайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын генерацияламайтын жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнға дейін шығысқа шығарылады. Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау ставкасы бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады.

Әрбір есепті күні активтер үшін құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындардың енді жоқтығының немесе азайғандығының белгісінің болуы бағаланады. Егер ондай белгілер болса, Қор активтің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтірілген жағдайда активтің ағымдағы құны активтің өтелетін құнынан, сондай-ақ егер бұрынғы жылдары актив бойынша құнсызданудан болатын шығын танылмаған жағдайда ол бойынша осы актив танылса ағымдағы құннан (амортизацияны шегергенде) аспайды. Мұндай қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Сондай-ақ нақты активтерді бағалау кезінде мынадай өлшемдер қолданылады:

Еншілес компанияларды бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Әрбір есепті күнге Қор еншілес компанияларға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануының объективтік куәліктерінің болуын анықтайды. Егер құнсызданудың объективті индикаторлары болса, Қор құнсыздануға тест жүргізеді және өтелетін құн мен инвестицияның теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде құнсыздану сомасын есептейді.

Қаржы активтері

ҚЕХС 39 әрекеті саласындағы қаржы активтері тиісінше пайда немесе шығын; берілген қарыздар мен дебиторлық берешек; өтелгенге дейін ұсталатын қаржы активтері; сату үшін қолда бар қаржы активтері; туынды құралдар арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі; Қор өзінің қаржы активтерін олардың бастапқы танылуы кезінде жіктейді.

Қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта

бағаланбайтын, олармен тікелей байланысты мәміле жөніндегі шығындар инвестиция жағдайында ұлғайтылған әділ құн бойынша бастапқыда танылады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта («стандартты жағдайлардағы» сауда) қабылданған ережелермен белгіленетін мерзімде активтер беруді талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату жөніндегі барлық мәмілелер мәмілелер жасалған күні , яғни Қор өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күні т а н ы л а д ы .

Қордың қаржы активтері ақша қаражаты мен оның баламаларын, банк депозиттерін, сауда мен өзге де дебиторлық берешекті, берілген қарыздарды, кредиттік мекемелердегі қаражатты және алуға өзге де сомаларды қамтиды. Қаржы активтерін кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне тәуелді болады:

Кредиттік мекемелердегі қаражат, берілген қарыздар және өзге де дебиторлық берешек

Берілген қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта қолданылмайтын белгіленген немесе анықталған төлемдерімен туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқы мойындалғаннан кейін осындай түрдегі қаржы активтері құнсызданудан болатын шығындар шегеріле отырып, тиімді пайыздық ставка пайдаланыла отырып айқындалатын амортизациялық құн бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттар немесе сыйақылар, сондай-ақ комиссиялық немесе тиімді пайыздық ставканың ажырамас бөлігі болып табылатын шығындар ескеріле отырып есептеледі. Амортизация тиімді пайыздық ставканың негізінде жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайыздық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсызданумен түсіндірілетін шығыстар жиынтық кіріс туралы жеке есепте жеке жолмен көрсетіледі.

Өтелуге дейін ұсталатын инвестициялар

Тіркелген немесе анықталған төлемдері немесе анықталатын төлемдері мен тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Қор оларды өтеу мерзіміне дейін ұстауға қатты ниетте болғанда және қабілетті болғанда өтелуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтелуге дейін ұсталатын инвестициялар бастапқы бағалағаннан кейін құнсыздану шығынын шегергенде тиімді пайыздық ставка әдісі пайдаланыла отырып анықталатын амортизациялық құн бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттар мен сыйақыларды, сондай-ақ комиссиялық немесе тиімді пайыздық ставканың ажырамас бөлігі болып табылатын шығындардың құны ескеріле отырып есептеледі. Амортизация тиімді пайыздық ставка пайдалану негізінде жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайыздық кірістер құрамына енгізіледі. Құнсызданумен түсіндірілетін шығыстар жиынтық кіріс туралы жеке есепте жеке жолда көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары үлестік және борыштық бағалы қағаздарды қамтиды. Сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік инвестициялар, -

бұлар сату үшін арналғандар ретінде де, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын ретінде де жіктелмеген осындай инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар - бұлар компания белгіленбеген уақыт кезеңі бойында ұстап тұрғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсаттары үшін немесе нарықтық жағдайлардың өзгерісіне жауап ретінде сатылуы мүмкін бағалы қ а ғ а з д а р .

Бастапқы бағаланғаннан кейін сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары әділ құн бойынша бағаланады, ал ол бойынша сатылмаған кірістер немесе шығыстар сату үшін қолда бар құралдар қорының құрамында өзге де жиынтық кіріс ретінде жинақталған кірістер немесе шығыстар сату үшін қолда бар құралдар қорынан жиынтық кіріс туралы жеке есептегі пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелетін инвестицияларды тану тоқтатылған сәтке дейін танылады, немесе құнсыздану танылады, ал жинақталған шығын сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау жөніндегі резервтен жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

Әділ құнды анықтау

Олармен сауда есепті кезеңде белсенді нарықта жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле жөніндегі шығындар шегерілместен нарықтық белгілеулер немесе дилерлердің белгілеулері негізінде анықталады (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған белгілеулер және қысқа позициялар үшін сатып алуға а р н а л ғ а н б е л г і л е у л е р) .

Олармен сауда есепті кезеңде белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын өзге қаржы құралдарының әділ құны бағалау әдістемесі пайдаланылып анықталады. Бағалау әдістемесі таза келтірілген құн негізіндегі модельді, оларға қадағаланатын нарықта баға бар ұқсас құралдармен салыстыруды, опциондарды бағалау модельдері мен басқа да бағалау модельдерін қамтиды.

Тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активтері (немесе, қолданылуына карай - қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Қор активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не үшінші тарапқа алынатын ақша ағынын толық көлемде және елеулі кідіріссіз «транзит» келісімі бойынша төлеу міндеттемесін алса; не (а) Қор активтен барлық тәуекел мен пайданы берсе, не (б) Қор бермесе, бірақ активтен барлық тәуекел мен пайданы бермесе, бірақ осы активті бақылауды берсе теңгерімде тану тоқтатылады.

Егер Қор активтен ақша ағынын алудың барлық құқығын берсе, не транзит келісімін жасасса және бұл ретте активтен барлық тәуекел мен пайданы бермесе және сақтамаса, сондай-ақ активті бақылауды бермесе, жаңа актив Қор берілген активке өз

қатысуын жалғастыратындай дәрежеде танылады.

Бұл жағдайда Қор тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Қор сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе төленуін Қор талап етуі мүмкін ең көп сома.

Қаржылық міндеттемелер

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттеме танылуын тоқтатады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Кредиттік мекемелердегі қаражат, клиенттерге қарыздар және банк депозиттері

Есебі амортизациялық құн бойынша жүргізілетін кредиттік мекемелердегі қаражатқа, қарыздар мен банк депозиттеріне қатысты Қор бастапқыда жекелеген маңызды қаржы активтері үшін объективті белгілердің болуын жеке негізде және жеке маңызды болып табылатын қаржы активтері үшін жеке негізде немесе жиынтықта бағалайды. Егер Қор жеке негізде бағаланған қаржы активі бойынша оның маңызды болып табылағандығына қарамастан объективті құнсыздану белгілері жоқ деп анықтаса, Қор бұл активті кредит тәуекелінің ұқсас сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады және оларды жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағалайды. Оларға қатысты құнсыздану шығындары танылатын жеке негізде құнсыздану мәніне бағаланатын активтер құнсыздану мәніне жиынтық негізде бағаланбауға тиіс.

Құнсыздану шығындарының пайда болуының объективтік куәліктері болған жағдайда шығынның сомасы активтің баланстық құны мен болашақтан ақша ағындарының бағаланған қаражатының келтірілген құны арасындағы айырманы білдіреді (әлі жұмсалмаған берілген қарыз бойынша болашақта күтілетін шығындарды ескермейтін).

Болашақтағы есептік ақша ағындарының құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық ставка бойынша дисконтталады. Егер қаржы активі жөніндегі пайыздық ставка ауыспалы болып табылса, құнсызданудан болатын шығынды бағалауға арналған дисконттау ставкасы пайыздың ағымдағы тиімді ставкасын білдіреді.

Активтің теңгерімдік құны резерв шотын пайдалану арқылы төмендетіледі, ал шығын сомасы жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық ставканың негізінде төмендетілген теңгерімдік құн бойынша пайыздық кірісті есептеу жалғасады. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы есепте жеке жолда кірістің бөлігі ретінде көрсетіледі. Болашақта олардың орнын толтырудың шынайы перспективасы болмағанда, ал барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Қорға берілген жағдайда, берілген қарыздар мен тиісті резерв есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсызданудан болатын шығындар танылғаннан кейін болған

оқиғаға байланысты құнсызданудан болатын бағаланған шығындардың сомасы ұлғайса немесе азайса, құнсызданудан болған шығындардың бұрын танылған сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғаяды немесе азаяды. Егер бұрын есептен шығарылған сомалар қалпына келтірілсе, онда қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайдада және шығындарда көрсетіледі.

Акционерге беру үшін ұсталатын ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер

Егер активтер мынадай өлшемдерге сәйкес келсе онда олар акционерге беру үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі:

- Оларды ағымдағы жағдайында жедел беру үшін олар болса;
- Жоспарланған беруді жүзеге асыруға қатты ниет бар болса;
- Жоспарды аяқтау үшін белсенді әрекеттер қабылданса;
- Беруді жүзеге асырудың жоғары мүмкіндігі болса, және беру жітелу сәтінен бастап бір жылдың ішінде аяқталады деп күтілсе.

Акционерге беру үшін ұсталатын ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер жеке қаржылық есептілікте жеке бухгалтерлік теңгерімдегі ағымдағы активтер санатында ж е к е ұ с ы н ы л ғ а н .

Акционерге беру үшін ұсталатын ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер (және шығу топтары) беруге арналған шығындар шегеріле отырып, активтердің теңгерімдік құнының және әділ құнның ең азы ретінде ескеріледі.

Акционерге беру үшін ұсталатын ретінде жіктелуін тоқтатқан ұзақ мерзімді актив мыналардың ішінен ең аз мән бойынша бағаланады:

- егер осы актив (немесе шығарылу тобы) акционерге беру үшін арналған ретінде жіктелмесе танылған кез келген амортизацияға немесе қайта бағалауға түзетіле отырып , актив (немесе шығарылу тобы) акционерге беру үшін арналған ретінде жіктелгенге дейін оның теңгерімдік құнынан, және
- беруден бас тарту туралы кейінгі шешім күніндегі оның орнын толтыратын сомадан бағаланады.

Қосылған құн салығы

Салық органдары ҚҚС өтеуді нетто негізінде сату және сатып алу бойынша жүргізуге мүмкіндік береді, өтеуге ҚҚС ішкі нарықта сату бойынша ҚҚС шегергендегі ішкі нарықта сатып алу бойынша ҚҚС білдірелі. Экспортқа сатуға нөлдік ставка бойынша салық салынады.

Ақшалай қаражат және олардың баламалары

Ақшалай қаражат және олардың баламалары үш айдан аспайтын өтеудің бастапқы мерзімі бар өзге қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестициялар талап етілгенге дейін салымдарда тұратын қаражаттар кассадағы қолма-қолдылықты қамтиды.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

ҚЕХС 39 қолданылу саласында тұрған қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер және кредиттер мен қарыз берулер ретінде жіктеледі. Қор оларды бастапқы таныған кезде өзінің қаржылық міндеттемелерін жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер алдымен мәміле бойынша шығындардың олармен тікелей байланысты қарыздар мен кредиттер болған жағдайда ұлғайтылған әділ құн бойынша танылады. Қордың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа кредиторлық берешекті, банктік овердрафтарды, кредиттер мен қарыздарды, сондай-ақ қаржылық кепілдік шарттарын қамтиды.

Кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау мынадай үлгіде оларды жіктеуге байланысты:

Үкіметтің қарыздары мен қаражаты

Пайыздық кредиттер мен қарыздар бастапқы танылғаннан кейін тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Осындай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тануды тоқтатқан кезде, сондай-ақ тиімді пайыздық ставканы пайдалана отырып амортизацияны есептеу қажеттілігіне қарай жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық ставканың ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді ставканы амортизациялау жиынтық кіріс туралы есептегі пайыздық шығыстардың құрамына кіреді.

Шығарылған қаржылық аспаптар немесе олардың компоненттері егер шарттық келісім нәтижесінде Қорда міндеттеме бар болса, не ақшалай қаражатты немесе қаржылық активті жеткізсе, не міндеттемені өзге үлгіде орындаса, тіркелген меншікті үлестік аспаптар санына ақшалай қаражат немесе басқа қаржылық активтердің тіркелген сомасын айырбастау арқылы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай аспаптар Үкіметтің қаражатын және мәмілемен тікелей байланысты шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша ең алдымен ескерілген кредит мекемелерінен алынған қарыздарды қамтиды.

Соңынан, алынған қаражат амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, және алынған қаражаттың таза шамасы мен өтеу құны арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып қарыз беру кезеңі ішінде жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Егер Қор өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол жеке бухгалтерлік теңгерімнен шығарылады, ал міндеттеменің теңгерімдік құны және мәміле бойынша төленген өтелім арасындағы айырмашылық таза пайыздық кіріспен енгізіледі.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Үкіметтің қарыздары да және қаражаты да қағидаттарына сәйкес есепте көрсетілген Қордың айналымға шығарылған облигацияларында берілген.

Қаржылық кепілдік шарттары

Қор шығарған қаржылық кепілдік шарттары борыштық аспаптың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкердің уақтылы төлемді жүзеге асыру қабілетсіздігі салдарынан осы шарттың иесіне келтірілген шығындарды өтеуге төлемді жүзеге асыруды талап ететін шарттың өзін білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындары ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Соңынан, міндеттеме мынадай шамалардан барынша көп бағаланады: есепті күнге арналған қолданыстағы міндеттемені өтеу үшін қажетті шығындардың ең жақсы бағасы және жинақталған амортизацияны шегергендегі міндеттеменің танылған сомасы.

Инвестицияларды сатып алу кезінде туындайтын опциондар

Егер инвестицияларды сатып алған кезде Қор кәсіпорындағы сатып алынған үлес бойынша коллды опционның үшінші тарапына бөлсе, Қор осындай үлеске меншік құқығымен байланысты пайдалар мен тәуекелдерге қолжетімділікті үшінші тараптың осындай опционына қатысуы бере ме екен.

Сатып алынған үлес бойынша колл опционы бар болған жағдайда үлестік иеленудің пайдалары мен тәуекелдеріне үшінші тарапқа қолжетімділік бермейді, осы опцион Қордың елеулі ықпалы анықталған кезде ескерілмейді.

Қор үшін опцион бойынша міндеттеменің әділ құны сатып алынған инвестициялар құнының бөлігі ретінде танылады. Соңынан, қаржылық міндеттеме 39 БЕХС талаптарына сәйкес бағаланады. Қаржылық міндеттеменің әділдік құнындағы өзгерістер, сондай-ақ кез келген осы опциондарды іске асырумен байланысты кірістер немесе шығыстар жиынтық кіріс туралы жеке есепте ескеріледі.

Қаржылық туынды құралдар

Туынды құралдар бастапқыда туынды келісімшарт жасау күніне әділ құны бойынша танылады және кейіннен әрбір есепті күнге олардың әділ құнына дейін қайта бағаланады. Жиынтық пайда немесе шығын егер туынды құрал танылмаған және хеджирлеу құралы ретінде жарамды болған кезде ғана жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады, осындай жағдайда жиынтық кіріс туралы жеке есепте тану мерзімі хеджирлеу қатынастарының сипатына байланысты ие болады.

Оң әділ құны бар туынды құрал қаржы активі ретінде танылады, ал теріс әділ құны бар туынды құрал - қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Егер құралды қолданудың қалған мерзімі 12 айдан асса және оны сату немесе өтеу таяудағы 12 айда болжанбаған жағдайда туынды құрал ұзақ мерзімді актив немесе ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде көрсетіледі.

Кірісті тану

Кірістер Қор операциямен байланысты экономикалық пайдаларды алатын ықтималдық бар болған кезде танылады және кіріс сомасы дұрыс белгіленуі мүмкін.

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Амортизациялық құн бойынша барлық қаржылық құралдар және сату үшін қолда бар инвестициялар ретінде топтастырылған пайыздық қаржылық құралдар бойынша пайыздық кірістер немесе шығыстар тиімді пайыздық ставка бойынша көрсетіледі, ол бойынша күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе түсімдерді дисконттау кезінде қаржылық құралды пайдаланудың ұсынылатын мерзімі ұзақтығында немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішінде, мұнда бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза теңгерімдік құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептеу кезінде қаржылық құрал бойынша барлық шартты талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және комиссиялық немесе тиімді пайыздық ставканың ажырамайтын бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ та кредиттер бойынша шығындар есептелінбейді.

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны Қор төлемдер немесе түсімдер бағаларын қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген теңгерімдік құн бастапқы тиімді пайыздық ставка негізінде есептелінеді, ал теңгерімнің құнының өзгеруі пайыздық кіріс немесе шығыс түрінде көрсетіледі.

Құнсыздану салдарынан қаржылық есептілікте көрсетілген қаржылық активтің немесе ұқсас қаржылық активтердің топтарының құны төмендеген жағдайда пайыздық кірістер жаңа теңгерімдік құн негізінде бастапқы тиімді пайыздық ставка бойынша танылуы жалғасуда.

Дивидендтер

Дивидендтер бойынша кіріс Қордың төлемді алу құқығы белгіленгенде танылады.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтінде есептелінеді және есептеу әдісі негізінде оларға жататын кезеңде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Табыс салығы

Жыл ішіндегі табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы ол меншікті капиталға тікелей жатқызылған баптардағы көлемді қоспағанда жиынтық кіріс туралы жеке есепте көрсетіледі және бұл жағдайда ол к а п и т а л д а т а н ы л а д ы .

Салық бойынша ағымдағы шығыстар жыл ішінде салынатын салық кірісі бойынша төлеуге күтілетін салықты және алдағы жылдар қатынасында төленетін салық қатынасында кез келген түзетулерді білдіреді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер теңгерімдік әдісті пайдалана отырып барлық уақытша айырмашылықтар қатынасында есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар компаниялардың біріктірушісі болып табылмайтын және оны жасау сәтінде бухгалтерлік кіріске немесе салық салынатын кіріс пен шығынға әсерін

тигізбейтін мәміле бойынша гудвилдің, активтің немесе міндеттеменің бастапқы танылу нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығы туындайтын жағдайды қоспағанда, активтер мен міндеттемелердің салық базасы және қаржылық есептіліктегі олардың теңгерімдік құны арасындағы барлық уақытша айырмалар бойынша анықталады.

Кейінге қалдырылған салық шегерілетін уақытша айырмалар сомасына төмендетілетін салық салынатын кірісті алудың елеулі ықтималдығы бар қандай да бір дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық есепті күнде қолданыстағы немесе жарияланған (іс жүзінде қабылданған) салық ставкалары негізінде оларды қолдану активті іске асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде күтілетін активтері мен міндеттемелері салық ставкалары бойынша есептеледі.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Үшінші тараптарға жаңа акциялар шығарылымымен тікелей байланысты қызметтерді төлеуге арналған шығындар, кәсіпорындарды біріктіру жағдайларын қоспағанда, осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы төмендету ретінде капитал құрамында көрсетіледі. Шығарылған акциялардың номиналды құны үстінен алынған қаражаттың әділ құнының шегінен шығу сомасы үлестірілмеген пайдаға жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және егер олар есепті күнге дейінгі күнді қоса алғанда жарияланған жағдайда ғана есепті күнге капиталдың сомасынан есептелінеді. Дивидендтер туралы ақпарат егер ол есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығарылымға жеке қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептілікте ашылады.

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер жеке қаржылық есептілікте ескерілмейді. Олар егер ресурстардың ағыны мен экономикалық пайдалар мүмкіндігі шамалы ықтимал болып табылмағанда ғана ашылады.

Шартты активтер жеке қаржылық есептілікте ескерілмейді. Олар экономикалық пайдалардың түсімі ықтимал болғанда ашылады.

Өзара есепке алу

Активтер мен міндеттемелер өзара жоққа шығарады, және нетто сомасы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген соманы есептеу құқығы заңды қорғалғанда және нетто-негізде немесе активті бір уақытта сату және міндеттемені өтеуді реттеу ниеті болғанда көрсетіледі.

Кейінгі оқиғалар

Есепті күнге Қордың жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынатын есепті кезең аяқталғаннан кейін болған оқиғалар (түзету оқиғалары) жеке қаржылық есептілікте

көрсетіледі. Түзетуші оқиғалар болып табылмайтын есепті кезең аяқталғаннан кейінгі болған оқиғалар олардың маңыздылығы болған кезде ескертпелерде ашылады.

4. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК ПІКІРЛЕР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОЛ БЕРУЛЕР

Қордың жеке қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығына пікірлерді шығаруды, бағалау мәндері мен пайда, шығыстар, активтер мен міндеттемелер сомасы есептілігінде көрсетілетіндерге әсер ететін жол берулерді айқындауды, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Алайда осы жол берулер мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта жасалынатын осыған ұқсас жол берулер мен бағалаулар қатынасында активтің немесе міндеттемелердің теңгерімдік құнына қатысты елеулі түзетулерді талап ететін нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Есепті күнге арналған бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жол берулер және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері келесі қаржылық жыл ішіндегі активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнының елеулі түзетулерінің себебі ретінде қызмет етеді, төменде қарастырылады:

Қаржылық құралдардың әділ құны

Жеке бухгалтерлік теңгерімде танылған қаржылық құралдар мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны болған жағдайларда осы активті нарықтардың негізінде айқындау мүмкін емес, ол дисконтталған ақшалай ағындардың моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып айқындалады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға салыстырмалы жол берулердегі өзгерістер жеке қаржылық есептілікте көрсетілген қаржылық құралдардың әділ құнына әсерін тигізуі мүмкін.

Кредиттік мекемелердегі берілген қарыздар мен қаражаттың құнсыздануға арналған резерві

Әрбір есепті күнге Қор кредиттік мекемелерде өздерінің елеулі қарыздарына талдау жүргізеді, оны бағалау үшін құнсызданудан залал болатынын пайдалар мен шығындарда ескеруі керек. Атап айтқанда, басшылықтың пікірлері құнсызданудан болған шығынды анықтау кезінде болашақ ақшалай ағындардың сомалары мен мерзімдерін бағалауда талап етіледі. Осындай ақшалай ағындарды бағалау кезінде Қор қарыз алушының қаржылық жай-күйі және қамтамасыз етуді сатудың таза құны туралы пікір шығарады. Бұл бағалаулар бірқатар факторлар бойынша жол берулерге негізделген және іс жүзінде нәтижелер өзгеше болуы мүмкін, бұл резервте болашақта өзгерістерге әкеледі.

2011 жылы Қор кредит мекемелерінде және банктік депозиттерде 36.999 миллион

теңге және тиісінше 245.068 миллион теңге мөлшеріндегі қаражаттың құнсыздануынан болған шығынды таныды (8 және 10-ескертпелер).

Салық салу

Салық салынатын кіріс 2009 жылы 1 қаңтарда күшіне енген салық заңнамасына сәйкес есептелінеді. Қор 2011 жылы салық салынатын кірістен 20% ставка бойынша КТС есептейді және төлейді. Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық Қор даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Осындай анықтама елеулі пікірлер шығаруды талап етеді және салықтық тексерулерде күтілетін өз шешімі бойынша күтілетін нәтижелерді және салық органдары жүзеге асыратын сәйкестікке тексеру нәтижесін анықтау салық заңнамасындағы өзгерістер мен нормативтік-құқықтық актілер нәтижесінде өзгертілуі мүмкін.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер күмәнді берешектері және мынадай ықтималдық дәрежесінде басқа міндеттемелері бойынша барлық резервтерге сәйкес танылады, бұл салық салынатын уақытша айырмашылықтар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатына, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын табысты қолдануға негізделетін болады. 2011 жылғы 31 желтоқсандағы мерзімі ұзартылған салық бойынша танылған активтердің сомасы 2.700 миллион теңгені құрады (2010: 1.464 миллион теңгені) (21-ескертпе).

Еншілес ұйымдардағы инвестициялардың құнсыздануы

Құнсыздану егер еншілес ұйымдағы инвестициялардың теңгерімдік құны оның өтелететін құнынан асып кеткен жағдайда, ол мынадай шамалардың барынша үлкені болып табылады: сатуға арналған шығынды шегергендегі әділ құн және пайдаланудан құндылық. Сатуға арналған шығындарды шегергендегі әділ құнды есептеу кірістерді капиталдандыру әдісіне негізделген. 2011 жылы Қор 306.589 миллион теңге (2010: 701.493 миллион теңге) жалпы сомасында еншілес ұйымдардағы инвестициялардың құнсыздануын таныды (5-ескертпе).

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Келесі кестеде еншілес ұйымдардағы инвестициялар, Қордың еншілес ұйымдарының қызметі, тіркеу елі немесе орналасқан жері, сондай-ақ еншілес ұйымдардағы Қордың үлесі берілген:

Иелену үлесі						
Миллион теңгемен	Қызмет түрі	Ел	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
«БТА Банкі» АҚ	Банктік қызметтер	Қазақстан	891.092	891.092	81,48%	81,48%

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	Жүк және жолаушылар темір жол тасымалдары	Қазақстан	795.877	653.985	100,00%	100,00%
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Мұнай-газ өнеркәсібі	Қазақстан	736.286	710.541	100,00%	100,00%
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Мемлекеттік инвестициялық қызмет	Қазақстан	302.769	294.402	100,00%	100,00%
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	Уран өндіру	Қазақстан	147.275	147.275	100,00%	100,00%
«Самұрық-Энерго» АҚ	Жылу және электр энергиясын өндіру және тасымалдау	Қазақстан	138.765	91.586	94,73%	94,73%
«Альянс Банк» АҚ	Банктік қызметтер	Қазақстан	122.801	122.801	67,00%	67,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	Электр энергиясын беру	Қазақстан	112.129	111.529	100,00%	100,00%
«Қазақтелеком» АҚ	Тіркелген байланыс қызметтері	Қазақстан	88.733	88.733	51,00%	51,00%
«Kazyna Capital Management» АҚ	Инвестициялық қорлар құру	Қазақстан	69.444	69.444	100,00%	100,00%
«Даму» кәсіпкерлікті даму қоры» АҚ	Шағын кәсіпкерлікті дамыту	Қазақстан	39.521	39.521	100,00%	100,00%
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға жәрдемдесу	Қазақстан	32.493	29.615	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	Жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру	Қазақстан	32.738	27.483	100,00%	100,00%
«Темірбанк» АҚ	Банктік қызметтер	Қазақстан	23.488	23.488	79,90%	79,90%
«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ (Экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі МСК АҚ-дан қайта атауын өзгертті)	Сақтандыру қызметтері	Қазақстан	11.270	9.064	100,00%	100,00%
«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	Өнеркәсіп	Қазақстан	9.850	3.462	100,00%	60,99%
«Қазпочта» АҚ	Почталық қызмет және қаржылық қызметтер	Қазақстан	9.387	9.387	100,00%	100,00%
«Эйр Астана» АҚ	Жолаушылар авиатасымалдары	Қазақстан	7.276	7.276	51,00%	51,00%

«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	6.589	3.021	100,00%	100,00%
«Біріккен химия компаниясы» ЖШС	ҚР химия саласын дамыту	Қазақстан	7.002	3.561	100,00%	100,00%
«Тау-кен Самұрық» ҰТҚ»АҚ	ҚР тау-кен саласын дамыту	Қазақстан	3.437	3.437	100,00%	100,00%
«Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ	Геологиялық барлау қызметтері	Қазақстан	3.176	-	100,00%	-
«Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС	Жобаларды басқару	Қазақстан	2.193	2.193	100,00%	100,00%
«Павлодар әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	1.207	239	100,00%	100,00%
«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	1.196	1.196	100,00%	100,00%
«СҚ-Фармация» ЖШС	Халыққа кепілдендірілген медициналық көмек шеңберінде дәрілік заттар сатып алу	Қазақстан	700	700	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Инвестициялық жобалар бойынша кәсіби қызметтер	Қазақстан	394	394	100,00%	100,00%
«Академик Ш. Шөкин атындағы Энөрgetика ҚазҒЗИ» АҚ	Ғылыми қызмет	Қазақстан	219	219	50,00%	50,00%
«КОРЭМ» АҚ	Электр энергиясы нарығының операторы	Қазақстан	161	161	100,00%	100,00%
«Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС	Жобалау	Қазақстан	6	6	90,00%	90,00%
«Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС	Консультациялық қызметтер	Қазақстан	-	-	100,00%	-
KGF IM	Қаржы операциялары	Каймановтар аралдары	-	-	100,00%	100,00%
KGF Management	Қаржы операциялары	Каймановтар аралдары	-	-	100,00%	100,00%
KGF SLP	Қаржы операциялары	Каймановтар аралдары	-	-	100,00%	100,00%
«Қазинвест» инвестицияларға қазақстандық жәрдемдесу орталығы» ЖШС	Инвестициялық қызмет	Қазақстан	-	-	-	100,00%
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін дамыту	Қазақстан	-	22.766	-	100,00%
«Ипотекалық кредиттерді кепілдендірудің қазақстандық қоры» АҚ	Ипотекалық кредиттерді кепілдендіру	Қазақстан	-	5.675	-	100,00%

«Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС	Жылжымалы темір жол құрамын және жолдарды жөндеу	Қазақстан	-	932	-	100,00%
Минус құнсыздануына арналған резерв			(1.098.577)	(791.988)		
			2.498.897	2.583.196		

«Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС-ны құру

2011 жылғы мамырда Қор «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС еншілес ұйымын құрды, оның негізгі қызметі Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі қаржы ұйымдарының акцияларын басқару және сатуға дайындау бойынша консультациялық қызметтер көрсету болып табылады.

Еншілес ұйымдарды беру

Үкіметтің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 295 қаулысына сәйкес Қор және Акционер айырбас шартын жасады. Айырбас шартына сәйкес 2011 жылғы 12 сәуірде Қор Акционерге «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Ипотекалық кредиттерді кепілдендірудің қазақстандық қоры» АҚ акцияларын мүлікке айырбасқа берді (13-ескертпе).

Еншілес ұйымдардың инвестицияларындағы басқа да өзгерістер

«2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2010 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 939 қаулысына сәйкес Қорға «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ-ның (100%) 75,6 миллион теңге мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакеті берілді (13-ескертпе). Кейіннен, Қор «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталына 3.100 миллион теңге мөлшерінде қосымша жарнаны жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 19 қарашадағы № 1356 қаулысына сәйкес Қорға «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ-ның (39,01%) 6.388 миллион теңге мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакеті берілді (13-ескертпе).

2011 жылы Қор Республикалық бюджеттен алған қаражат есебінен еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына мынадай жарналарды жүзеге асырды:

- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталына 14.958 миллион теңге мөлшерінде. Салым тиісінше 12.135 миллион теңге және 2.823 миллион теңге мөлшерінде ақшалай және мүліктік жарна нысанында жүзеге асырылды. 12.135 миллион теңге мөлшеріндегі ақшалай жарна «Бейнеу-Бозой» газ құбыры құрылысын қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылды;

- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталы 123.440 миллион теңге мөлшерінде. Салым тиісінше 90.822 миллион теңге және 32.618 миллион теңге мөлшерінде ақшалай және мүліктік жарна нысанында жүзеге асырылды. Мүлік «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС-дағы 932 миллион теңге мөлшеріндегі 100% қатысу үлесімен және 31.686 миллион теңге мөлшеріндегі өзге де мүлікпен

көрсетілген. Ақшалай нысандағы жарналар «Қорғас-Жетіген» және «Өзен - Түркіменстанның мемлекеттік шекарасы» темір жол желілерін салу бойынша жобаларды тиісінше 64.015 миллион теңге және 26.807 миллион теңге мелшерінде қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылды;

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 43.580 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатындағы жарғылық капиталы бар. Жарналар Алматы энергетикалық кешенінің объектілерін салу бойынша және Балқаш ЖЭС құрылысын салу бойынша 29.583 миллион теңге және тиісінше 13.997 миллион теңгеге жобаларды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылды;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («KEGOC»), «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Біріккен химия компаниясы» ЖШС, «Аэропорт Павлодар әуежайы» АҚ жарғылық капиталдарына жалпы сомасы 10.352 миллион теңгеге. Салымдар ақшалай және мүліктік жарналар нысанында тиісінше 4.805 миллион теңге және 5.547 миллион теңге мөлшерінде жүзеге асырылды.

2011 жылы Қор еншілес ұйымдарға пайыздық ставкалары нарықтағыдан төмен қарыздар (7 және 8-ескертпелер) берді, осы қарыздардың әділ құны мен олардың номиналды құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген дисконт 37.689 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт еншілес ұйымдарға инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды.

2011 жылы Қор «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның кредиторларының пайдасына қаржылық кепілдіктер ұсынды. Қаржылық кепілдіктердің әділ құны тиісінше 3.552 миллион теңгені және 250 миллион теңгені құрады және осы еншілес ұйымдарға инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды.

Құнсыздану

2011 жылы Қор «БТА Банкі» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дағы инвестициялардың құнсыздануынан түскен 196 миллиард теңге, 32 миллиард теңге және тиісінше 79 миллиард теңге (2010: 611 миллиард теңге, 90 миллиард теңге және тиісінше нөл теңге) мөлшерінде шығынды таныды. «БТА Банкі» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дағы инвестициялардың өтелетін құны сату бойынша шығыстарды шегергенде әділ құнның негізінде айқындалған. Санамаланған банктердің акциялары бойынша активті нарықтың жоқтығына байланысты сатудың бағалау құны Банктің Бизнес жоспары негізінде есептелген банктің таза активтерінің күтілетін сомасы негізінде анықталған.

6. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

31 желтоқсанда қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындағы инвестициялар мынадай түрде берілді:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
------------------	-------------------------	-------------------------

Бірлескен кәсіпорын:		
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	101.502	101.502
Қауымдасқан компаниялар:		
«Астана-Финанс» АҚ	6.516	6.516
«Майқайыңалтын» АҚ	281	281
Минус: Құнсыздану	(6.516)	(6.516)
	101.783	101.783

Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорынның қызметі, олардың орналасқан елі және 31 желтоқсандағы осы ұйымдардағы Қордың үлесі мынадай үлгіде берілген:

			Жарғылық капиталдағы %-бен	
Компания	Қызмет түрі	Ел	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Бірлескен кәсіпорын:				
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	Жылу және электр энергиясын өндіру және тасымалдау	Қазақстан	50,00%	50,00%
Қауымдасқан компаниялар:				
«Астана-Финанс» АҚ	Қаржылық ұйым	Қазақстан	5,52%	5,52%
«Майқайыңалтын» АҚ	Алтын өндіру	Қазақстан	25,00%	25,00%

7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсандағы берілген қарыздар мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Тараптас және байланысты компаниялар берген қарыздар	306.314	207.411
Еншілес ұйымдар берген қарыздар	232.543	105.589
Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар (14-ескертпе)	879	781
Есептелген сыйақы	11.915	9.314
Минус: құнсыздануға резерв	(11.317)	(10.374)
Берілген қарыздардың жалпы сомасы	540.334	312.721
Минус: ағымдағы бөлігі	(81.611)	(44.682)
Ұзақ мерзімді бөлігі	458.723	268.039

31 желтоқсандағы мерзімдер бөлінісінде берілген қарыздарды талдау былайша берілген:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Құнсыздану белгілері анықталмаған қарыздар:		
- Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	537.744	311.051
Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған:		
- кемінде 30 күнге мерзімі өткен	2.000	1.670
- 360 күннен астам мерзімі өткен	590	-
Мерзімі өткен қарыздардың жиынтығы	2.590	1.670
Берілген қарыздардың жиынтығы	540.334	312.721

Тараптас және байланысты тараптарға берілген қарыздар

Kazakhmys Finance PLC

2011 жылы Kazakhmys Finance PLC-қа Қор 15 жыл өтеу мерзімдерімен 600 миллион доллар мөлшерінде (2011 жылғы 31 желтоқсандағы теңгенің бағамы бойынша 89.040 миллион теңгеге барабар) транш берді. Қарыздар бойынша жылдық пайыздық ставка LIBOR 6-айлық сомасына және 4,80% мөлшеріндегі маржға тең базалық ставкадан болды. Осы қарыз Бозшакөл мыс кен орнын өндіру үшін берілді. Осы қарызды қаржыландыру Қытайдың Мемлекеттік Даму Банкінің кредиттік желісі шеңберінде алынған қаражаттан жүзеге асырылды (14-ескертпе).

"Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." ЖШС

2011 жылдың 19 шілдесінде Қор "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." ЖШС-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу мерзімі 2024 жылдың 25 қаңтарына дейін және сыйақы ставкасының нарықтағыдан төмен болуымен Атырау облысында газ-химия кешені инфрақұрылымының құрылысын қаржыландыруға 7.500 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

Бастапқы тану кезінде осы қарыз сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдаланумен 5.668 миллион теңгені құрайтын әділ құны бойынша бағаланды. Қарыздың номиналды құнымен және оның әділ құны арасындағы 1.832 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық жиынтық кіріс туралы жеке есептегі нарықтағыдан төмен ставкалар бойынша активтерді бастапқы танудан шығын ретінде танылды.

Еншілес ұйымдарға берген қарыздар

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

2011 жылғы 17 қаңтарда Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу мерзімі 2024 жылдың 25 қаңтарына дейін және «Бейнеу-Бозой» газ құбырының құрылысын қаржыландыруға сыйақы ставкасының нарықтағыдан төмен болуымен 23.337 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

Бастапқы тану кезінде осы қарыз сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдаланумен 12.170 миллион теңгені құрайтын әділ құны бойынша бағаланды. Қарыздың номиналды құнымен және оның әділ құны арасындағы 11.167 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ға инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (5-ескертпе).

«Қазтеміртранс» АҚ

2011 жылғы 13 сәуірде Қор «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның еншілес ұйымы» «Қазтеміртранс» АҚ-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу мерзімі 2017 жылдың 15 қыркүйегіне дейін және жылдық 7,2% сыйақы ставкасымен темір жол жүк вагондарын сатып алуға 60.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

«Локомотив» АҚ

2011 жылғы 13 сәуірде Қор «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның еншілес ұйымы» «Локомотив» АҚ-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу

мерзімі 2017 жылдың 15 қыркүйегіне дейін және жылдық 7,2% сыйақы ставкасымен локомотивтерді сатып алуға 15.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

Тұрақтандыру жоспары бойынша шаралар шеңберінде 2011 жылы Қор нарықтағыдан төмен сыйақы ставкасымен тұрғын үй құрылысы аяқталған және салынып жатқан объектілерде тұрғын үйлерді және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу үшін 22.238 миллион теңге мөлшерінде «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ға қосымша транш берді.

2010 жылғы 13 желтоқсандағы қарыз алу талаптарының өзгеруіне сәйкес Қордың әр жылдың желтоқсанында «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-дан қарыз сомасын немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы бар, ал қарыз алушы Қор талап еткен жағдайда өтеуді жүргізуге міндеттенеді. Қарыз алу талаптарының осы өзгерістеріне байланысты Қор осы қарыздарды қысқа мерзімді ретінде жіктейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ

2011 жылғы 14 қаңтарда Қор «Самұрық-Энерго» АҚ-мен қарыз шартын жасады, осыған сәйкес Қор өтеу мерзімі 2024 жылдың 25 қаңтарына дейін және сыйақы ставкасы нарықтағыдан төмен болуымен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымы «Алатау Жарық компаниясы» компаниясына кіші станция құрылысын қаржыландыруға 7.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

Осы қарыз бастапқы танылған кезде сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдалана отырып, 3.651 миллион теңгені құрайтын әділ құн бойынша бағаланды. Қарыздың номиналды құны және оның 3.349 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (5-ескертпе).

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2011 жылы Қор «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу мерзімі 2036 жылға дейін және сыйақы ставкаларының нарықтағыдан төмен болуымен теміржол жолаушылар вагондары жылжымалы құрамы паркін жаңалауды қаржыландыру үшін 19.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

Осы қарыз бастапқы танылған кезде сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдалана отырып, 8.728 миллион теңге құрайтын әділ құн бойынша бағаланды. Қарыздың номиналды құны және оның 10.272 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-дағы инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (5-ескертпе).

«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ

2011 жылы 22 желтоқсанда Қор «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу

мерзімі 10 жыл және сыйақы ставкасының нарықтағыдан төмен болуымен «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-ға сауда қаржыландыру және экспорттық жеткізілімдерін сақтандыру жолымен қазақстандық локомотивтер экспортын ынталандыру мақсатында 6.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

Бастапқы тану кезінде осы қарыз сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдалана отырып, 4.261 миллион теңгені құрайтын әділ құны бойынша бағаланды. Қарыздың номиналды құны және оның 1.739 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ға инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (5-ескертпе).

«Досжан темір жолы» АҚ

2011 жылы Қор «Досжан темір жолы» АҚ-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу мерзімі 2030-2031 жылдармен және сыйақы ставкаларының нарықтағыдан төмен болуымен «Шар-Өскемен» темір жол желісінің құрылысын қаржыландыруға жалпы сомасы 10.240 миллион теңгеге қарыз берді.

Бастапқы тану кезінде осы қарыз сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдалана отырып, 4.656 миллион теңгені құрайтын әділ құны бойынша бағаланды. Қарыздың номиналды құны және оның 5.584 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ және «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ға инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (5-ескертпе).

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

31 желтоқсандағы кредит мекемелеріндегі қаражат мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
10 ірі жергілікті банктер	166.136	238.647
Өзге жергілікті кредит беру мекемелері	157.252	175.679
Есептелген сыйақы	5.804	8.720
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(36.999)	-
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	292.193	423.046
Минус: ағымдағы бөлігі	(33.681)	(84.129)
Ұзақ мерзімді бөлігі	258.512	338.917
Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
BB+ жоғары рейтингілер	17.350	6.853
Рейтинг және B-дан BB-ға дейін	42.890	46.585
B-рейтингі	92.117	196.797
B-дан төмен рейтингілер	932	-
Рейтинг жоқ	138.904	172.811
	292.193	423.046

31 желтоқсандағы мерзімдер бөлінісіндегі кредит беру мекемелеріндегі қаражатты талдау мынадай үлгіде берілген:

Миллион теңгемен	2010 жылғы 31 желтоқсан	2009 жылғы 31 желтоқсан
Құнсыздану белгілері анықталмаған қарыздар:		

- Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	292.193	422.793
Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған:		
- кемінде 30 күнге мерзімі өткен	-	132
- 30 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен	-	121
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жиынтығы	292.193	423.046

2011 жылғы 31 желтоқсанда кредиттік мекемелердегі қаражат негізінен мынадай қаржы ұйымдарына қарыздармен көрсетілген:

- Қордың еншілес ұйымы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ («Даму») шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсаты үшін 114.439 миллион теңге (2010: 162.856 миллион теңге), олардың ішінде 58.246 миллион теңге (2010: 77.559 миллион теңге) Тұрақтандыру жоспары шеңберінде орналастырылған қаражатты білдірді (1-ескертпе). Осы қарыздар бойынша пайыздар жылдық 5,5%-дан 7%-ға дейін е с е п т е л д і ;

- Екінші деңгейдегі банктер ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға, Астана және Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерінің құрылысына және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге тиісінше 123.119 миллион теңге (2010: 123.171 миллион теңге), 53.936 миллион теңге (2010: 46.538 миллион теңге), және 24.465 миллион теңге (2010: 9.954 миллион теңге) берді. Екінші деңгейдегі банктерге ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға, Астана және Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерінің құрылысына берілген қаражаттың 176.794 миллион теңге (2010: 163.027 миллион теңге) мөлшеріндегі бөлігі Тұрақтандыру жоспары шеңберінде орналастырылған қаражат болып табылады. Осы қарыздар бойынша сыйақы жылдық 3,74%-дан 7,85%-ға дейінгі мөлшерде есептелді.

2011 жылы Даму 17.480 миллион теңгені мерзімінен бұрын қайтаруды жүзеге а с ы р д ы .

2011 жылы «Қазкоммерцбанк» АҚ Қор 2009 жылы қаңтарда 3 жыл мерзімге нақты сектордың жобаларына кредит беру үшін орналастырған 37.500 миллион теңгені мерзімінен бұрын қайтаруды жүзеге асырды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ

2011 жылы 15 тамызда Қор «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен қарыз шартын жасады, оған сәйкес Қор өтеу мерзімі 2021 жылдың 20 маусымына дейін және сыйақы ставкасының нарықтағыдан төмен болуымен қаржы лизингіне қор жасау құнын төмендетуге 15.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді.

Бастапқы тану кезінде осы қарыз сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдалана отырып, 10.185 миллион теңгені құрайтын әділ құны бойынша бағаланды. Қарыздың номиналды құны және оның 4.815 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (5-ескертпе).

Кредит мекемелеріндегі қаражаттың құнсыздануы

2011 жылы Қор кредиттік мекемелердің қаражаты бойынша «БТА Банк» АҚ-ның қаржылық жай-күйінің нашарлауына, сондай-ақ банктің міндеттемелеріне екінші қайта құрылымдау жүргізу мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктердің орын алуына байланысты 36.999 миллион теңге мөлшерінде құнсыздануды есебіне жазды.

9. ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

31 желтоқсандағы өзге қаржылық активтер мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер:		
Kazakhmys PLC үлестік бағалы қағаздары	124.876	216.937
«Қазкоммерцбанк» АҚ үлестік бағалы қағаздары	36.306	73.159
«Халық Банкі» АҚ үлестік бағалы қағаздары	30.149	132.194
Борыштық бағалы қағаздар	8.223	831
Өтеу үшін ұсталатын қаржылық активтер:		
Борыштық бағалы қағаздар	-	2.000
Өзге қаржылық активтердің жалпы сомасы	199.554	425.121
Минус: ағымдағы бөлігі	(66.833)	(205.302)
Ұзақ мерзімді бөлігі	132.721	219.819

«Қазкоммерцбанк» АҚ-ның (бұдан әрі мәтін бойынша «Қазкоммерцбанк») және «Қазақстанның халық банкі» АҚ-ның (бұдан әрі мәтін бойынша «Халық банкі») елеулі ықпалын жоғалтуы

Қордың және Қазкоммерцбанктің және Халық банкінің негізгі акционерлері арасында жасалған опциондық келісімдерге сәйкес 2009 жылы акцияларды сатып алу кезінде негізгі акционерлер осы банктердің (колл опциондары) Қор сатып алған акцияларының опциондарын алды, олар Қордың банк акцияларын сатып алған алғашқы жылдан бастап бесінші жылы аяқталатын кезең ішінде кез келген уақытта орындалуы мүмкін. Осы опциондар бойынша орындалу мерзімі 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында басталады, бұл Қордың банктерге елеулі ықпалын жоғалтуға алып келді. БЕХС 28 талаптарына сәйкес Қор осы қауымдасқан компанияларға елеулі ықпалын жоғалтты және инвестицияларды сату үшін қолда бар қаржы активтері санатына қайта жіктеді. Елеулі ықпалын жоғалтудан кіріс 86.850 миллион теңгені құрады және пайдалар мен шығындарда осы инвестициялардың теңгерімдік құны және әділ құны арасындағы айырмашылық ретінде танылды.

2011 жылдың наурызында «АЛМЭКС» холдинг тобы» АҚ және «Қазақстанның халық банкі» АҚ «Қазақстанның халық банкі» АҚ-ның жай акциялары бойынша опционды ішінара орындауға талап ету құқығына жол беру туралы келісім жасады.

Осы келісімге сәйкес 2011 жылғы 30 наурызда «Қазақстанның халық банкі» АҚ өзінің опционды ішінара орындау құқығын іске асырды және 213.000.000 өзінің жай акцияларын сатып алуды жүзеге асырды. Бұдан басқа, «АЛМЭКС» холдинг тобы» АҚ өзінің опционды орындау құқығын іске асырды және «Қазақстанның халық банкі»

АҚ-ның 46.064.909 жай акцияларын сатып алуды жүзеге асырды. Сатып алынған акциялардың сатудың жалпы құны 32.849 миллион теңгені құрады.

«Қазақстанның халық банкі» АҚ жай акцияларын сатқаннан кейін әділ құны бойынша шығу күніне 93.263 миллион теңге мөлшерінде Қор жай акцияларды сатып алуға арналған опцион бойынша тиісті міндеттемелерді тануды тоқтатты, оның әділ құны сату күніне 60.021 миллион теңгені құрады. «Қазақстанның халық банкі» АҚ-ның жай акциялары бойынша сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша 6.474 миллион теңге мөлшеріндегі резерв пайдалар мен шығындарда қайта жіктелді. Қаржылық активтердің шығуынан алынған таза шығын жиынтық кіріс туралы жеке есепте 6.867 миллион теңге мөлшерінде көрсетілді.

2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанында Kazakhmys PLC, «Қазақстанның халық банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ үлестік бағалы қағаздардың әділ құны белсенді нарықта жарияланған баға белгілеудің негізінде айқындалған.

10. БАНКТІК ДЕПОЗИТТЕР

31 желтоқсанда банктік депозиттер мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
10 ірі жергілікті банктер	413.348	439.947
Өзге жергілікті кредиттік мекемелер	63.279	6.000
Есептелген сыйақы	8.753	4.820
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(245.068)	-
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	240.312	450.767
Минус: ағымдағы бөлігі	(70.202)	(47.887)
Ұзақ мерзімді бөлігі	170.110	402.880
Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
BB+-тен жоғары рейтингілер	20.000	6.151
Рейтинг және В-дан BB-ға дейін	106.786	44.427
В-рейтингі	100.991	400.189
В-дан төмен рейтингілер	12.056	-
Рейтинг жоқ	479	-
	240.312	450.767

«БТА Банкі» АҚ-да нысаналы депозитті орналастыру

2010 жылғы 13 мамырда Қор «БТА Банкі» АҚ-ға сыйақыны жыл сайын капиталдандыра отырып, жылдық 11% пайыздық ставкамен 2024 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі мерзіммен 175.000 миллион теңге сомаға депозит орналастырды. Депозит «БТА Банкі» АҚ иелігінде тұрған номиналды құны 645.000 миллион теңге Қордың облигацияларын кейіннен өтеу үшін ақша қаражатын шоғырландыру мақсатында орналастырылған (14-ескертпе). 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттің сомасы 200.565 миллион теңгені құрады.

«Альянс Банкі» АҚ-да нысаналы депозит орналастыру

2010 жылғы 18 маусымда Қор «Альянс Банкі» АҚ-ға сыйақыны жыл сайын капиталдандыра отырып, жылдық 10,5% пайыздық ставкамен 2024 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі мерзіммен 29.000 миллион теңге сомаға депозит орналастырды. Депозит «Альянс Банкі» АҚ иелігінде тұрған номиналды құны 105.000 миллион теңге Қордың облигацияларын кейіннен өтеу үшін ақша қаражатын шоғырландыру мақсатында орналастырылған (14-ескертпе). 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттің сомасы 33.310 миллион теңгені құрады.

«БТА Банкі» АҚ-да және «Темірбанкі» АҚ-да нысаналы депозиттер орналастыру

2010 жылдың желтоқсанында Қор «БТА Банкі» АҚ-ға және «Темірбанк» АҚ-ға 2020 жылға дейінгі мерзімдермен 29.300 миллион теңге және тиісінше 57.700 миллион теңге мөлшерінде депозиттер орналастырды. Депозиттер бойынша пайыздық ставка 9% және тиісінше жылдық 8%-ды құрады. Депозиттер осы депозиттер бойынша сыйақыдан түскен кіріс есебінен «БТА Банкі» АҚ иеленуінде тұрған Қордың облигациялары бойынша сыйақыны өтеу мақсатында (14-ескертпе) орналастырылды.

Уақытша бос ақша қаражатын орналастыру

Уақытша бос ақша қаражатын басқару жөніндегі саясат шеңберінде Қор ірі қазақстандық екінші деңгейдегі банктерде депозиттерді орналастырады.

2011 жылғы 31 желтоқсанда ұзақ мерзімді банктік депозиттер бойынша сыйақының орташа өлшенген ставкасы 9,52% (2010: 9,89%), қысқа мерзімді банктік депозиттер бойынша сыйақының орташа өлшенген ставкасы 9,22% (2010: 8,38%) құрады.

«БТА Банк» АҚ-дағы депозиттердің құнсыздануы

2011 жылы Қор «БТА Банк» АҚ нашарлаған қаржылық жай-күйіне, сондай-ақ банктің міндеттемелеріне екінші қайта құрылымдау жүргізу мүмкіндігіне қатысты белгісіздікке байланысты 245.068 миллион теңге мөлшерінде «БТА Банк» АҚ-да орналастырылған депозиттердің құнсыздануына шығынды таныды.

11. ӨЗГЕ ДЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

31 желтоқсанда ағымдағы өзге активтер мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Акционерге дивидендтер бойынша алдын ала төлем	9.077	7.056
Өзге дебиторлық берешек	3.184	2.153
Алуға дивидендтер	176	4.704
Өзгелер	292	6.558
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(1.872)	(1.266)
	10.857	19.205

12. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың баламалары мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен берілген банктердегі ағымдағы шоттар	449.189	393.980
АҚШ долларымен берілген банктердегі ағымдағы шоттар	1.639	3

Еуромен берілген банктердегі ағымдағы шоттар	587	1.596
Банктердегі мерзімді депозиттер	487	6.007
	451.902	401.586

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қазақстандық банктерде орналастырылған ағымдағы шоттардың көпшілігі бойынша орташа өлшенген пайыздық ставка 0,08% (2010: 0,20%) құрайды.

Мерзімді депозиттер қолма-қол ақша қаражатымен Қордың қажеттілігіне байланысты бір күннен бастап үш айға дейінгі әртүрлі мерзімдерге орналастырылған. 2011 жылғы 31 желтоқсанда банктердегі мерзімді депозиттер бойынша орташа өлшенген пайыздық ставка 0,02% (2010: 1,50%) құрады.

Банктердің шоттарында Қордың ақша қаражатының жалпы сомасында Үкіметтің нысаналы бағдарламалары бойынша Республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан алынған қаражат бар. 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы ақша қаражаты Ұлттық банктің шоттарында шоғырландырылады және 435 миллиард теңгені (2010: 373 миллиард теңге) құрайды, оның ішінде:

- Тұрақтандыру жоспарын іске асыру шеңберінде алынған Ұлттық қордың қаражаты 279 миллиард теңге (2010: 264 миллиард теңге);

- Қор іске асыратын жобаларды қаржыландыру мақсатында Республикалық бюджеттен алынған қаражат 9 миллиард теңге (2010: 34,5 миллиард теңге);

- 147 миллиард теңге (2010: 74 миллиард теңге) - операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті Қордың ақша қаражатының қалдығы.

13. КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

2011 мен 2010 жылдар бойы Қор төлемі мынадай түрде жүзеге асырылған акциялардың эмиссиясын жүргізді:

Акциялар төлемі	Шығаруға рұқсат берілген және шығарылған акциялар саны	Акциялардың номиналды құны, теңгемен	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
2009 жылғы 31 желтоқсанға	3.464.910.202		3.748.299
Ақша қаражатымен жарналар	14.144.838	10.000, 5.000, 1.000	141.447
Мүлікпен жарналар	21.627	100.000	2.163
2010 жылғы 31 желтоқсанға	3.479.076.667		3.891.909
Ақша қаражатымен жарналар	1.451.337	1.000.000, 100.000, 1.000	147.552
Мүлікпен жарналар	44.813	100.000, 10.000, 1.945, 1.000	4.458
Акциялардың мемлекеттік пакеттерімен жарналары	64.638	100.000, 34.647, 1.353	6.464
2011 жылғы 31 желтоқсанға	3.480.637.455		4.050.383

2011 жылғы 31 желтоқсанда 3.480.637.455 акция толығымен төленді (2010: 3.479.076.667 акция).

Акционермен операциялар

Акционер мен Қор арасындағы 2010 жылғы 1 наурыздағы айырбастау шартына сәйкес Қор Акционерге әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (ӘКК) және «Ұлттық инновациялық қор» АҚ акцияларын «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ (42% , бұдан әрі - «ПМХЗ»), «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (1,67%, бұдан әрі - «ҚБТУ»), «Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС (90%) мемлекеттік акциялар пакетіне, жылжымайтын және өзге де мүлікке айырбастауға береді.

2010 жылы Қор еншілес ұйымдардың акцияларын мемлекеттік меншікке берді және ПМХЗ, ҚБТУ және «Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС мүлкін және акцияларын алды. 2011 жылғы 11 сәуірде Қор және Акционер жаңа айырбас шартын жасасты. Осы айырбас шартына сәйкес Қор Акционерге еншілес ұйымдардың, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс банкі» АҚ және «Ипотекалық кредиттерді кепілдендірудің қазақстандық қоры». АҚ акцияларын мемлекетке тиесілі мүлікке айырбасқа береді.

2011 жылы айырбас операцияларының нәтижесінде Қор капиталдағы өзгерістер туралы жеке есептегі тікелей 11.511 миллион теңге (берілген инвестициялардың ағымдағы құны және алынған мүліктің әділ құны арасындағы айырмашылық) мөлшеріндегі таза кірісті таныды.

Дивидендтер

2010 жылы 26 қарашада Қордың Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 18 қыркүйектегі № 52 шешіміне сәйкес Қор жалпы сомасы 7.056 миллион теңге болатын бір жай акцияға 2 теңге 3 тиын мөлшерінде дивидендтерді алдын ала төледі (11-ескертпе). 2011 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 354 қаулысымен 2009 жылғы Қордың таза кірісін бөлу тәртібі түпкілікті бекітілді, оған сәйкес осы сома 2010 жылға жүргізілген алдын ала төлем шотында есептелді.

Акциялардың теңгерім құны

«Қазақстандық қор биржасы» АҚ («ҚҚБ») Биржа кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілік ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) теңгерім құны туралы деректері болуы қажет.

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің жиыны	4.395.122	4.734.423
Материалдық емес активтер	(199)	(221)
Міндеттемелердің жиыны	(1.587.365)	(1.464.346)
Жай акцияларға таза активтер	2.807.558	3.269.856
31 желтоқсандағы жай акциялардың саны	3.480.637.455	3.479.076.667
Бір жай акцияның теңгерім құны	807	940

14. ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсанда қарыздар, оның ішінде есептелген сыйақы мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан
Еншілес ұйымдар сатып алған шығарылған облигациялар:		
- «БТА Банк» АҚ	527.519	522.282
- «Альянс Банк» АҚ	85.846	84.817
- «Қазақстанның даму банкі» АҚ	43.657	26.068
- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	36.973	42.037
- «Темірбанк» АҚ	3.048	-
- «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сактандыру корпорациясы» АҚ	1.842	2.035
Өзге ұйымдар сатып алған шығарылған облигациялар	104.865	48.995
Алынған қарыздар	346.705	285.398
Қарыздардың жалпы сомасы	1.150.455	1.011.632
12 ай ішінде өтеуге тиісті сома шегерілгенде	(117.664)	(91.871)
12 айдан кейін өтеуге тиісті сома	1.032.791	919.761

31 желтоқсандағы қарыздар, оның ішінде есептелген сыйақы мынадай валюталарда көрсетілген:

Миллион теңгемен	2010 жылғы 31 желтоқсан	2009 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен берілген қарыздар	916.244	863.490
АҚШ долларымен берілген қарыздар	234.211	148.142
	1.150.455	1.011.632

Шығарылған облигациялар

2011 жылы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ жалпы сомасы 2.084 миллион теңге (2010: 37.926 миллион теңге) болатын Қордың облигацияларын сатып алды. Облигациялардың жылдық 0,1% купон ставкасымен 50 жыл өтеу мерзімі бар. Бастапқы тану кезінде облигациялар тиісті нарықтық пайыз ставкасын пайдалана отырып, 34 миллион теңгені құрайтын әділ құн бойынша бағаланды. Сату Қор сатып алған облигациялардың міндетті емес купоны бар екені туралы сол фактіні қоспағанда, ұқсас жағдайларда ұқсас өтеу үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигацияларды сатып алумен бір уақытта болды, міндетті емес купон төлегеннен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ біржақты және оның тарапынан бұдан әрі міндеттемелер туындатпастан шартсыз тәртіппен бас тартуға болады. 2011 жылы міндетті емес купон 6.493 миллион теңгені (2010: 4.439 миллион теңге) құрады және дивидендтерден кіріс құрамында танылды. 2011 жылғы 31 желтоқсанда «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ сатып алған Қордың облигацияларының жалпы құны 882 миллион теңгені (2010: 780 миллион теңге) құрады.

Екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде 2010 жылғы қыркүйекте Қор жалпы сомасы 75.000 миллион теңгеге облигацияларды еркін нарықта орналастырды. Облигациялардың жылдық 6,5% купон ставкасымен 10 жыл өтеу мерзімі бар. 2011 жылғы сәуірде Қор жалпы сомасы 75.000 миллион теңгеге облигацияларды еркін

нарықта қосымша орналастырды. Облигациялардың жылдық 5,89% купон ставкасымен 7 жыл өтеу мерзімі бар. Осы бағдарлама шеңберінде Қордың еншілес ұйымдары «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Темірбанк» АҚ және «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Қордың облигацияларын сатып алды. Қалған облигациялар үшінші тараптармен сатып алынды.

Алынған қарыздар

Қытай Мемлекеттік Даму Банкінің кредит желісі

2009 жылғы 22 маусымда операторды білдірген Қазақстанның Даму Банкі, Қор және Қытай Мемлекеттік Даму Банкі арасында 3 миллиард АҚШ доллары сомасына кредит желісін ашуға негіздемелік қаржылық келісімге қол қойылды. Осы келісімге сәйкес Қытай Мемлекеттік Даму Банкі Қорға 6 айлық ЛИБОР-ға тең пайыздық ставка плюс 4,3% бойынша жалпы сомасы 3 миллиард АҚШ долларына дейін АҚШ долларымен ұзақ мерзімді қарыз береді. Қарыздар Қытай мен Қазақстан арасында өнеркәсіп өндірісі мен экономиканың өзге салаларын қолдауға және дамытуға жіберіледі. Осы кредит желісі шеңберінде 2011 жылы Қор жалпы сомасы 600 миллион АҚШ долларына (2010: 400 миллион АҚШ доллары және тиісінше 59.044 миллион теңге) транш алды, бұл алу күніндегі 87.073 миллион теңгеге барабар.

2011 жылы алынған транштар Бозшакөл мыс кен орнын өндіру үшін «Kazakhmys Finance PLC» қарыз беруге арналған (7-ескертпе).

«ҚазМұнайГаз» АҚ қарызы

2011 жылғы 8 шілдеде Қор «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-дан қарыз бойынша мерзімінен бұрын ішінара өтеуді 41.381 миллион теңге мөлшерінде жүзеге асырды.

15. ҮКІМЕТТІҢ ҚАРАЖАТЫ

31 желтоқсанға Үкімет қаражаты мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2010 жылғы 31 желтоқсан	2009 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орналастырған облигациялар	352.523	328.632
Үкіметтен алынған қарыздар	52.483	26.025
	405.006	354.657

2011 жыл

«2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2010 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2011 жылы Қор Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен қарыздар алды. Қарыздардың жалпы сомасы 0,1%-дан 0,5%-ға дейін пайыздық ставкалармен 46.600 миллион теңгені құрайды. Қарыздар 10 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге алынды және мынадай нысаналы мақсаты бар:

- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ға 19.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз беру (7-ескертпе). Осы қарыз бойынша сыйақы ставкасы жылдық 0,75% - дан аспауы тиіс;

- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға 15.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз беру (7-ескертпе). Осы қарыз бойынша сыйақы ставкасы жылдық 0,2%-дан аспауы тиіс;

- «Досжан темір жолы» АҚ-дан «Шар-Өскемен» темір жол желісін салуды қаржыландыруға 6.600 миллион теңге мөлшерінде қарыз беру. Осы қарыз бойынша сыйақы ставкасы жылдық 0,5%-дан аспауы;

- «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ға 6.000 миллион теңге мөлшерінде қарыз беру (7-ескертпе). Осы қарыз бойынша сыйақы ставкасы жылдық 0,2%-дан аспауы тиіс.

Бастапқы танылу кезінде осы қарыздар сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдалана отырып және амортизациялық құн бойынша ескерілетін салдардан 24.801 миллион теңгені құрайтын әділ құн бойынша бағаланған. Қарыздардың номиналды құны және олардың әділ құны арасындағы 21.799 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте танылған.

2010 жыл

2010 жылы Қор жалпы сомасы 220.000 миллион теңге болатын бір облигацияның номинал құны 1.000 теңгеге 220.000.000 купондық облигациялар орналастырды. Облигацияның айналым мерзімі 15 жылды құрайды, жылдық 0,4% мөлшерінде купондық сыйақы әрбір жарты жылда төленеді. Барлық облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алды. Осы облигациялар облигацияларды шығару күні Қор үшін қолданылатын нарықтық пайыз ставкасын пайдалана отырып есептелген әділ құн бойынша бастапқыда көрсетілді және салдарында амортизациялық құн бойынша ескеріледі. 102.733 миллион теңге мөлшеріндегі қарыздардың номинал құны мен олардың әділ құны арасындағы айырма капиталға өзгерістер туралы жеке е с е п т е т а н ы л ғ а н .

Осы облигацияларды өткізуден алынған қаражат ұйымдасқан нарықта, сондай-ақ акциялар пакетін сатып алуға байланысты шығыстарға Kazakhmys PLC компаниясының акциялар пакетін сатып алу үшін пайдаланылды.

«2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына сәйкес 2010 жылғы желтоқсанда Қор Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен 2 қарыз алды. Қарыздардың жалпы сомасы 0,25%-дан 0,5%-ға дейінгі пайыздық ставкасымен 18.803 миллион теңгені құрады. Қарыз 11 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге алынды және мынадай мақсатты нысанасы бар:

- Азаматтардың белгілі бір санаттарына тұрғын үй кредиттерін беру үшін 15.163 миллион теңге мөлшерінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға қарыз беру. Осы қарыз бойынша сыйақы ставкасы жылдық 1%-дан аспауы қажет;

- «Шар - Өскемен станциясы» жаңа теміржол желісін салу және пайдалану» жобасы үшін 3.640 миллион теңге мөлшерінде «Досжан темір жолы» АҚ-ға қарыз беру. Осы қарыз бойынша сыйақы ставкасы жылдық 0,5%-дан аспауы қажет.

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындағаны бағамдық айырмадан болатын кірістер мен шығындар пайда мен шығындарда танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Топтың кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығындары және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- ұсынылған бухгалтерлік теңгерімдердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы осындай есептер күні жабылған бағамдар бойынша қайта есептеледі;

- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және

- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

2.ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗГІ(жалғасы)

Шетелдік валютаны қайта есептеу
Валюта айырбастау бағамдары

Қазақстандық қор биржасы (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚҚБ») белгілеген валюта айырбастаудың орташа салмақталған бағамдары Қазақстан Республикасында ресми айырбастау бағамдары ретінде пайдаланылады.

Мына кестеде 31 желтоқсандағы шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

2011 2010

АҚШ доллары	148.40	147,50
-------------	--------	--------

Евро	191,72	196,88
Швейцар франкі	157,65	157,40
Ресей рублі	4,61	4.83
Жапон Йенасы	1,91	1,81

2012 жылғы 23 мамырда ҚҚБ айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 147.70
т е н г е б о л д ы .

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер

Төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралып, 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне
енген Стандарттар мен Интерпретацияларды қоспағанда, осы шоғырландырылған
қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылатын есеп саясаты 2010 жылғы 31
желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезінде
п а й д а л а н ы л ғ а н ғ а с ә й к е с к е л е д і .

БЕХС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» түзету

ҚЕХС жөніндегі кеңес БЕХС 24 түзету жариялады, ол байланысты тараптың
айқындамасын түсіндіреді. Жаңа айқындамалар байланысты тараптарға қатысты
бөліктегі тепе-теңдікке ерекше назар аударады. Түзету сондай-ақ жеке тұлға немесе
негізгі басқарушы персонал компанияның байланысты тараппен қатынасына әсер
ететін жағдайларды түсіндіреді. Бұдан басқа, түзету мемлекетпен немесе бақыланатын,
есептілік жасайтын компания сияқты сол мемлекетпен бірлесіп бақыланатын немесе
осы мемлекет елеулі ықпал ететін компаниялармен жасалатын мәмілелер үшін
ақпаратты ашу жөніндегі талаптардан алып тастауды көздейді. Түзетуді қолдану
Топтың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер
е т к е н ж о қ .

БЕХС 32 «Қаржы құралдары: ақпарат беру»

ҚЕХС жөніндегі кеңес БЕХС 32 қаржы міндеттемесінің айқындамасын
компанияларға акцияларға, опциондар мен варианттарға құқықтардың белгілі бір
шығарылымдарын үлестік құралдар ретінде жіктеуге мүмкіндік беретіндей түрде
өзгертеді. Бұл түзету, егер осындай құқықтар кез келген валютамен тіркелген сома
үшін компанияның меншікті үлестік құралдарының тіркелген санын сатып алу
мақсатында нақ сол сыныптағы барлық меншік иелеріне компанияның туынды емес
үлестік құралдарын теңбе-тең берілген жағдайда қолданылады. Түзету Топтың
қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ,
өйткені Топта осындай құралдар жоқ.

Интерпретация 14 «Ең аз мөлшерде қаржыландыру туралы талаптарға қатысты
а л д ы н а л а т ө л е м д е р »

Түзету компанияға қатысты ең аз мөлшерде қаржыландыру туралы талап
қолданылған және компания осы талаптарды орындау мақсатында алдын ала төлем
жасаған кезде болатын қажетсіз салдарларды жояды. Түзету компанияға болашақтағы

қызметтердің құнына қатысты алдын ала төлемді зейнетақылық актив ретінде тануға рұқсат береді. Ең аз мөлшерде қаржыландыру туралы талаптар Қазақстан Республикасында қолданылмайды, сондықтан интерпретацияға түзету Топтың қаржылық жағдайына немесе оның нәтижелеріне әсер еткен жоқ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

ҚЕХС жетілдіру (2010 жылғы мамыр)

2010 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес негізінен ішкі сәйкессіздіктерді жою және тұжырымдарды нақтылау мақсатында өз стандарттарына түзетулер шығарды. Әрбір стандартқа қатысты жеке өтпелі ереже бар. Төменде санамаланған стандарттарды қолдану (өзгерістерімен) есеп саясатына өзгерістерге әкелді, алайда Топтың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

- «Бизнесті біріктіру» ҚЕХС 3 түзету бақыланбайтын қатысу үлесін бағалау тәсілдеріне өзгерістер енгізеді. Бақыланбайтын қатысу үлестерінің өзінің иесіне компания таратылған жағдайда оның таза активтеріндегі теңбе-тең үлес құқығын беретін құрамдас бөліктері не әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалануға тиіс. Өзге де барлық құрамдас бөліктер сатып алу күнінде әділ құн бойынша бағалануға тиіс.

- «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» ҚЕХС 7 түзету ұсталынатын қамтамасыз ету туралы ашылатын ақпараттың көлемін азайту, және сипаттамалардың мән-мәтінінде сандық ақпаратты пайдалану туралы талаптың арқасында ақпараттың ашылуын жетілдіру есебінен ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды оңайлату мақсатында енгізілді.

- «Қаржылық есептілік беру» БЕХС 1 түзету компанияның не өзгерістер туралы есепте, не қаржылық есептілікке ескертпелерде өзге де жиынтық кірістің әрбір құрамдас бөлігіне талдау бере алатындығын түсіндіреді.

- Төменде санамаланған, «ҚЕХС жетілдіру» жобасының нәтижесінде қабылданған стандарттарға өзге де түзетулер Топтың есептік саясатына, қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ:

- ҚЕХС 3 «Бизнесті біріктіру» (ҚЕХС 3 қабылданғанға дейін жасалған бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелермен келісілген шартта сыйақы (2008 жылғы редакция).

- ҚЕХС 3 «Бизнесті біріктіру» (акцияларға негізделген төлемдері бар орналастырылмаған және ерікті негізде орналастырылған сыйақылар).

- БЕХС 27 «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік».

- БЕХС 34 «Аралық қаржылық есептілік».

Төменде санамаланған интерпретациялар мен интерпретацияларға түзетулер қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ:

- Интерпретация 13 «Клиенттердің адалдығын ұстауға бағытталған бағдарламалар» (бонустық бірліктердің әділ құнын айқындау).

- Интерпретация 19 «Үлестік құралдарды беру арқылы қаржылық міндеттемелерді

ө т е у » .

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар мен интерпретациялар

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген мынадай стандарттарды қолданған жоқ. Тізімге Топтың көзқарасы тұрғысынан, болашақта қолданған жағдайда ақпаратты ашуға, қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен интерпретациялар енгізілді. Топ ҚЕХС 9 қоспағанда, осы стандарттарды олар күшіне енген күнінен бастап қолдану ниетінде.

БЕХС 1 «Қаржылық есептілік: ақпарат беру» - «Өзге де жиынтық кірістің баптарын б е р у »

БЕХС -ге түзетулер өзге де жиынтық кірістің құрамында ұсынылатын баптардың топтамасын өзгертеді. Болашақтағы белгілі бір сәтте пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар (мысалы, тану немесе өтеу тоқтатылған жағдайда), ешқашан қайта жіктелінбейтін баптардан бөлек ұсынылуға тиіс. Түзету беруге ғана әсер етеді және Топ қызметінің қаржылық жағдайын немесе қаржылық нәтижелерін қозғамайды. Түзету 2012 жылғы 1 шілдеден кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ББХС 19-ға түзетулер «Қызметкерлерге сыйақы беру»

ҚЕХС жөніндегі кеңес БЕХС 19-ға бірнеше түзетулер жариялады. Олар іргелі өзгерістерден (мысалы, дәліз тетігін және жоспар активтерінің күтілетін кірістілігі түсінігін шығару) тұжырымдаманың қарапайым түсіндірмелеріне және өзгерістеріне дейін құбылып отырады. Түзетулер 2013 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық есептік кезеңдерден кейін күшіне енеді,

БЕХС 12 «Пайдаға салынатын салық» — «Кейінге қалдырылған салықтардың негізіне жататын активтерді өтеу»

Түзетуде әділ күн бойынша қайта бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке қатысты кейінге қалдырылған салықты айқындау тетігі түсіндіріледі. Түзетудің шеңберінде оны бағалау үшін БЕХС 40-қа сәйкес әділ құнның моделі пайдаланылатын жылжымайтын мүлікке арналып кейінге қалдырылған салықтың оның баланыстық құнының сату арқылы өтелетіндігі туралы жол берілімдігі негізінде айқындалуға тиістігі туралы дәлелді жол берілім енгізіледі. Бұдан басқа, түзетуде активті сату туралы жол берілімнің негізінде ғана БЕХС 16-дағы қайта бағалау моделіне сәйкес бағаланатын амортизацияланбайтын активтер бойынша кейінге қалдырылған салықты есептеу қажеттілігі туралы талап енгізіледі. Түзету 2012 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

БЕХС 27 «Жеке қаржылық есептілік» (2011 жылғы редакцияда)

Жаңа стандарттардың жариялануының нәтижесінде жаңа редакциядағы ҚЕХС 10 және ҚЕХС 12, БЕХС 27 еншілес, бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан компаниялар ескеріле отырып, жеке қаржылық есептілікте шектеледі. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күшпен кейін басталатын жылдық есептік

кезеңдер үшін күшіне енеді.

БЕХС 28 «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынатын
инвестициялар» (2011 жылғы редакцияда)

ҚБХС 11 және ҚЕХС 12, БЕХС 28 жаңа стандарттардың жариялануының нәтижесінде БЕХС 28 «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялар» деген жаңа атау алды және қауымдасқан компанияларға салынатын инвестицияларға қатысты ғана емес, сонымен бірге бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестицияларға қатысты да үлестік қатысу әдісінің қолданылуын сипаттайды. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» — «тануды тоқтату туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптарды жетілдіру»

Түзету оларды тану тоқтатылмаған активтердің және тиісті міндеттемелердің өзара байланысының сипатын Топтың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға түсіну мүмкіндігін беру үшін берілген, бірақ оларды тану тоқтатылмаған қаржылық активтер туралы қосымша ақпаратты ашуды талап етеді. Бұдан басқа, түзету қаржылық есептілікті пайдаланушыларға оларды тану тоқтатылған аталған активтердегі компанияның жалғасып отырған қатысуының сипатын және онымен байланысты тәуекелдерді бағалау мүлікті беру үшін активтерге жалғасып отырған қатысу туралы ақпаратты ашуды талап етеді.

ҚЕХС 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» — «тануды тоқтату туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптарды жетілдіру» (жалғасы)

Түзету 2011 жылғы 1 шілдеден кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету ақпаратты ашуға ғана қатысты болады және Топтың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

ҚЕХС 9 «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»

ҚЕХС жөніндегі кеңестің БЕХС 39 ауыстыру жөніндегі жобасының бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша шығарылған ҚБХС 9 БЕХС 39 белгіленгендей, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеуге қатысты қолданылады. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді- Кейінгі кезеңдердің барысында ҚЕХС жөніндегі кеңес хеджирлеу есебін және қаржы активтерінің құнсыздануын қарайды. ҚЕХС 9 бірінші кезеңін қолдану Топ қаржы активтерінің жіктелуіне және бағалануына әсер етеді, бірақ қаржылық міндеттемелердің жіктелуіне және бағалануына әсер етпейді. Аяқталған көріністі көрсету үшін Топ олар жарияланғаннан кейін жобаның басқа кезеңдерімен байланыста қаржылық есептіліктегі тиісті сомаға осы стандарттың әсерін б а ғ а л а й д ы .

ҚЕХС 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»

ҚБХС 10 БЕХС 27 «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктің»

шоғырландырылған қаржылық есептілікте есебі қарастырылатын бөлігін ауыстырады. Стандарт сондай-ақ «Шоғырландыру - арнайы мақсаттағы компаниялар» ПКИ-12 Интерпретациясында қаралатын мәселелерді қозғайды. ҚЕХС 10 арнайы мақсаттағы компанияларды қоса алғанда, барлық компанияларға қатысты қолданылатын бірыңғай бақылау моделін көздейді. ҚЕХС 10 стандарты енгізетін өзгерістер басшылықтан компаниялардың қайсысының бақыланатындығын, және демек, БЕХС 27 талаптарын қолдану кезіндегіге қарағанда негізгі компаниямен шоғырландыруға тиістігін анықтау кезінде пайымдаулардың барынша ауқымды көлемін талап етеді. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім»

ҚЕХС 11 БЕХС 31 «Бірлескен қызметке қатысу» және «Бірлесіп бақыланатын компаниялар - қатысушылардың монетарлық емес салымдары» ПКИ-13 Интерпретациясын ауыстырады. ҚЕХС П бірлесіп бақыланатын компанияларды теңбе-тең шоғырландыру әдісімен есепке алу мүмкіндігін жоққа шығарады. Оның орнына бірлескен кәсіпорындардың анықтамасын қанағаттандыратын бірлесіп бақыланатын компаниялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС 12 «Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу»

ҚЕХС 12 бұрын БЕХС 27-де шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде көзделген ақпаратты ашуға қойылатын барлық талаптарды, сондай-ақ бұрын БҰХС 31 және БЕХС 28-де көзделген ақпаратты ашуға қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Ақпаратты ашуға қойылатын осы талаптар компаниялардың, еншілес компанияларға, бірлескен қызметке, қауымдасқан және құрылымдалған компанияларға қатысу үлестеріне жатады. Сондай-ақ ақпаратты ашуға қойылатын жекелеген жаңа талаптар да енгізілген. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС 13 «Әділ құнды бағалау»

ҚЕХС 13 бір стандартта ҚЕХС сәйкес әділ құнды бағалауға қатысты барлық нұсқауларды біріктіреді. ҚЕХС 13 компаниялар әділ құнды пайдалануға міндетті болғанда өзгерістер енгізбейді, ал әділ құнды етілгенде немесе рұқсат етілгенде ҚЕХС сәйкес әділ құнды бағалауға қатысты нұсқауларды кезде Топ осы стандартын қолданудың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің әсерін бағалауда. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

Қ а й т а т о п т а у л а р

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімінде 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімді ұсыну форматымен сәйкестендіру мақсатында кейбір қайта топтаулар жүргізілді. Төменде көрсетілген сомаларды жіктеудегі өзгерістер 2010 жылғы 31 желтоқсандағы ағымдағы міндеттемелердің баптарын қайта топтауға әкелді және 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімге айтарлықтай әсер еткен жоқ.

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімге қайта топтаудың әсері:

Миллион теңгемен	Қалай ұсынылғаны	Қайта топтау	Ұсынылғаны
Резервтер	108.130	7.275	115.405
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	401.123	9.264	460.387
Ағымдағы өзге де міндеттемелер	406.969	(66.539)	340.430
	916.222	-	916.222

Бұдан басқа, Топ 6-ескертпеде ашылғандай, тоқтатылған қызметке ауыстырылған қауымдасқан компания кірісінің көрсеткіштеріне қатысты 2010 жыл ішіндегі деректер бойынша кейбір қайта топтауларды ескерді.

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың қаржылық есептілігін қамтиды (37 - ескертпе).

Еншілес ұйымдар

Еншілес ұйымдар, бұл Топ бақылайтын кәсіпорындар. Топтың осындай түрде оның қызметінен пайда ала отырып, кәсіпорынның қаржы және операциялық саясатын тікелей немесе жанама басқару өкілеттігі болғанда бақылау болады. Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар арасындағы мәміледе сатып алуды қоспағанда, еншілес ұйымдар өздерін сатып алған сәттен бастап шоғырландырылады, ол мұндай бақылау тоқтатылған күнге дейін Топтың оларды бақылауды сатып алған күні болып табылады. Еншілес ұйымдарды сатып алған кезде сатып алу құны олардың сату күніндегі әділ құны негізіндегі активтер мен міндеттемелерге бөлінеді. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі келісілген есеп саясаты пайдаланыла отырып, Компанияның қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде дайындалады. Мәмілелер бойынша барлық фирмаішілік сальдо мен топ ішілік мәмілелер бойынша туындайтын іске асырылмаған кірісті қоса алғандағы мәмілелер есептіліктен толығымен шығарылды. Іске асырылмаған шығындар, олар құнсыздану туралы куәлік болмағандай дәрежеде ғана шығарылатынын қоспағанда, іске асырылмаған кіріс сияқты шығарылды.

Бақыланбайтын үлес Топқа тиесілі емес және шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімде жеке, негізгі компанияның акционерлік капиталынан жеке көрсетілетін еншілес ұйымдардағы кірістің немесе шығынның бөлігін және таза активтерді білдіреді. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда

да бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Топтың бірлескен кәсіпорындарда бірлесіп бақыланатын компаниялар нысанында қатысу үлестері бар, оларда бірлескен қызметке қатысушылар компаниялардың экономикалық қызметіне бірлескен бақылау қоятын шарттық келісімге кірді. Сондай-ақ Топтың олардың экономикалық қызметіне елеулі ықпалы бар қауымдасқан компанияларда үлесі бар. Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар(жалғасы)

Қатысу үлесі әдісіне сәйкес бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялар шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімде бастапқы құн плюс Топқа тиесілі бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның таза активтері үлесінде туындаған өзгерістер бойынша ескеріледі. Бірлескен кәсіпорынға/қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның теңгерімдік құнына енгізіледі және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның қызметінің қаржылық нәтижелерінің үлесін көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса бұл фактыны ашады. Топтың бірлескен кәсіпорынмен/қауымдасқан компаниямен бірлескен операциялары бойынша туындаған іске асырылмаған пайдалары мен шығындары бірлескен кәсіпорында/қауымдасқан компанияда Топтың үлесі бар дәрежеде шығарылады.

Бірлескен кәсіпорында/қауымдасқан компаниядағы пайданың үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған. Ол бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан бірлескен кәсіпорындардың/қауымдасқан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен азшылық үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

Бірлескен кәсіпорынның /қауымдасқан компаниялық қаржылық есептілігі негізгі компанияның қаржылық есептілігіндей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер е н г і з і л е д і .

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ Топтың бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялары бойынша құнсызданудан келген қосымша шығынын тану қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануының объективті куәліктерінің болуын анықтайды. Осындай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның өтелетін

құны мен оның теңгерімдік құнының арасындағы айырма ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте таниды.

Бірлескен кәсіпорындағы/қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның елеулі ықпалды жоғалтқан сәттегі теңгерімдік құнының және қалған инвестициялардың әділ құны мен шығудан түскен түсімдердің арасындағы айырма пайдалар немесе шығындарда танылады.

Кәсіпорындарды біріктіру

Кәсіпорындарды (бизнесті) біріктіру сатып алу әдісі пайдаланыла отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесі біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол тиісті түрде шарттың талаптарына, сатып алу күніндегі тиісті жағдайлардың экономикалық жағдайына байланысты сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасалуы жатады.

Кәсіпорындарды біріктіру (жалғасы)

Бизнес кезең-кезеңімен біріктірілген жағдайда сатып алу күніндегі әділ құн бұрын сатып алатын тарапқа тиесілі сатып алынатын компаниядағы қатысу үлестері пайда немесе шығын арқылы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша қайта бағаланады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Актив немесе міндеттеме болуы мүмкін шартты сыйақының әділ құнының кейінгі өзгерістері БЕХС 39 сәйкес, не пайданың немесе шығынның құрамында, не өзге де жиынтық кірістің өзгерісі ретінде танылуға тиіс. Егер шартты сыйақы капитал ретінде жіктелсе, ол капиталдың құрамында оны толық өткенге дейін қайта бағаланбауға тиіс.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы сомасынан асатын сома ретінде белгіленетін және таза сәйкестендірілетін активтердің сомасынан жоғары деп танылған бақыланбайтын қатысу үлесі танылған және ол қабылдаған міндеттемелер бастапқы күн бойынша бағаланады. Егер осы сыйақы еншілес ұйым сатып алған таза активтердің әділ құнынан кем болса, айырма пайданың немесе шығынның құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесі біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді құнсыздану мәніне тексеру мақсаттары үшін, гудвилді құнсыздану мәніне тексеру

мақсаттары үшін, гудвил компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың ақша ағындарын генерациялайтын әрбір бөлімшесіне бөлінеді, олар сатып алынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататын-жатпайтынына қарамастан, бизнестің бірігуінен пайда алады.

Егер гудвил ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса, және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып қалса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығарылуынан келетін пайданы немесе шығында анықтау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына қосылады. Осындай жағдайларда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды (мемлекет бақылайтын кәсіпорын) сатып алуды есепке алу үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Жалпы бақылаудағы еншілес ұйым берген активтер мен міндеттемелер берген күнгі берген компанияның (алдыңғы иесі) есептілігінде олардың теңгерім құны бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы иесінен ұйымды бастапқы сатып алған кезде пайда болатын гудвилл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте де көрсетіледі. Алдыңғы иесінің гудвиллін қоса алғанда, таза активтердің жалпы теңгерім құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма меншік капиталды түзету ретінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілген.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік егер еншілес ұйымды Топ ойы бастапқыда Алғашқы иесі сатып алған күні сатып алғандай жасалды.

Бар еншілес компаниялардағы үлестің өзгеруі

Бар еншілес ұйымдағы иелену үлесінің сатылатын немесе сатып алынатын, бірақ бақылау құқығы өзгертін транзакцияларда еншілес ұйымның таза активтерінде иеліктен шығарылатын немесе сатылып алынатын үлестің теңгерім құны мен сату құнының немесе осы үлесті сатып алу құнының арасындағы айырма бөлінбеген пайданың ұлғаюы немесе кемуі ретінде көрсетіледі.

Сату үшін арналған ретінде жіктелген активтер және тоқтатылған қызмет

Сату үшін арналған ретінде жіктелген активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп, екі мәннің - теңгерімдік құн мен әділ құнның азы бойынша бағаланады. Айналымнан тыс активтер мен шығу топтары, егер олардың теңгерімдік құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, сату бойынша сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сату үшін арналған болып жіктеледі. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел, мүмкін болса, сақталған болып саналады. Баспшылықтың оған қатысты жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алуды жасауға бекем ниеті бар.

Есепті кезең ішіндегі, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңі ішіндегі

жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен кірістер мен шығыстар, егер тіпті сатқаннан кейін Топ еншілес ұйымдағы азшылық үлесін сақтағанның өзінде әдеттегі кірістер мен шығыстардан жеке ескеріледі. Салықтар шегерілгеннен кейінгі пайда немесе шығын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған е с е п т е ж е к е ұ с ы н ы л а д ы .

Сату үшін арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар амортизациялануға ж а т п а й д ы .

Минералдық ресурстарды барлау және игеру жөніндегі активтер (мұнай-газ және тау - кен активтері)

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу жөніндегі шығындар

Жер қойнауын пайдалану (барлау және өндіру) құқығын сатып алу жөніндегі шығындар қол қою бонустарын, тарихи шығындарды, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалған міндетті шығыстарды қамтиды және кең орнын барлау және бағалау сатысында жер қойнауын пайдалану құқығы ретінде материалдық емес активтердің құрамында капиталдандырылады. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға дейін ұшыраған осыдан шығындар да тиісті құқықты Қор компаниясы алады деген негізді сенімділігі болған кезде барлау және бағалау сатысында кен орнын жер қойнауын пайдалану құқығы сияқты капиталдандыруға жатады. Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу шығындарын есепке алу кен орны бөлінісінде жүргізіледі. Әрбір құқық объектісі жыл сайын құнсыздану мәніне қаралады. Егер объекті бойынша болашақтағы жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындардың қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық негізделген алынатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») табылған жағдайда, амортизация құқығы тоқтатылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқығы (қалған шығындар) негізгі құралдар құрамына көшіріледі және дәлелделген қорлардың жалпы сомасы негізге алына отырып, іс жүзіндегі өндіру бойынша өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады.

Барлау және бағалау жөніндегі шығындар (аяқталмаған құрылыс)

Барлау және бағалау жөніндегі шығындар геологиялық және геофизикалық шығыстарды; барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындарды; ашу жұмыстарын; әкімшілік нақты кен орнына жатқызуға болатын бағалау жөніндегі өзге де шығыстарды қамтиды. Мұндай шығындар жалақыны, материалдар мен жанармайды, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Геологиялық және геофизикалық шығыстарды қоспағанда, барлау және бағалау жөніндегі шығындар аяқталмаған құрылыс ретінде негізгі құралдардың құрамында капиталдандырылады, есеп кен орындары бөлінісінде жүргізіледі, амортизация есептелмейді. Егер минералдық ресурстар табылмаса, бұл құнсыздану куәлігі болуы мүмкін. Барлық капиталдандырылған шығындар кемінде жылына бір рет коммерциялық әзірленім

немесе табылғаннан пайда алудың қандай да бір тәсілі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқару тексеруіне жатады. Керісінше жағдайда шығындар шығыстарға шығарылады.

Минералдық ресурстардың қорлары дәлелденгенде және игеруді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар мұнай-газ немесе тау-кен активтерінің кіші сыныптарына көшіріледі.

Барлау және өндіру шығындары (мұнай-газ және тау-кен активтері)

Барлауға және өндіруге жұмсалатын шығындар бұрын капиталдандырылған және игерудің басында қайта жіктелген жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарын және барлау және бағалау шығындарын; бұрғылау нәтижелеріне қарамастан пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға; полигондар салуға; кен орындарындағы минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жер үстілік технологиялық құрылыстар салуға арналған шығыстарды; кен орындарында коммерциялық өндіру ұйымдастыру барысында жұмсалған өзге де шығындарды; ұңғымаларды консервациялауға және учаскелерді қалпына келтіруге арналған капиталдандырылған дисконтталған шығындарды қамтиды. Барлау және өндіру шығындары негізгі құралдардың (мұнай-газ және тау-кен активтері) құрамында капиталдандырылады, есеп кен орындары бөлінісінде жүргізіледі. Барлау және өндіру шығындары өндірістік әдіспен мынадай тәртіппен жүргізіледі: (1) кен орындарын пайдаланудан шығаруға жұмсалған дисконтталған шығындарды қосатын жер қойнауын пайдалану құқығын алу шығындары, дәлелденген қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады, (2) кен орындарын игеруге жұмсалған қалған шығындар дәлелденген игерілген қорлардың есебінен амортизацияланады. Мұнай-газ және тау-кен активтерінің кен орындарының пайдалы қызмет мерзімінен айтарлықтай ерекшеленетін пайдалы қызмет мерзімі бар кейбір объектілері (жер үстілік технологиялық құрылыстар мен жабдықтар) тура сызықты әдіс пайдаланыла отырып, пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады.

Негізгі құралдар

Бастапқы тану кезінде негізгі құралдар бастапқы құны немесе бұрын ҚЕХС алғашқы болып қабылдаған Топтың кейбір ұйымдарына қатысты бастапқы құн бойынша бағаланады. Кейіннен негізгі құралдар жинақталған тозу, ескіру және құнсыздану алынған құны бойынша ескеріледі. Шаруашылық тәсілмен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, тікелей еңбек шығындарын және өндірістік жүктеме шығыстарының тиісті үлесін қамтиды. Мұнай-газ активтерінен басқа негізгі құралдар негізінен мынадан негізгі құралдардың кластарын қамтиды, олар мына пайдалы қызмет мерзімі ішінде тіке желілік әдіспен амортизацияланады:

Құбыр жолдар мен қайта өңдеу активтері	4-100 жыл
Ғимараттар мен құрылыстар	5-100 жыл
Темір жолдар мен инфрақұрылым	10-80 жыл

Тау-кен активтері активы	40 жыл
Машиналар мен жабдықтар және көлік құралдары	2-50 жыл
Өзгелері	3-40 жыл

Негізгі құралдардың объектілері ірі ауқымды техникалық тексерудің мәні болып табылғанда, шығындар 16 БЕХС-да белгіленген тану өлшемдерін сақтау талабы кезінде ауыстыру ретінде негізгі құралдардың теңгерім құнында танылады.

Негізгі құралдардың объектісін тану ол істен шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан не істен шығуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмейтін болса, тоқтатылады. Активті тану тоқтатылуы кезде болған кез келген кірістер немесе шығыстар (істен шығу мен активтің қалдық құнынан түскен таза түсімдер арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есепті кезеңдегі кірістер мен шығыстар туралы есепке енгізіледі.

Активтің қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және амортизациялау әдісі әрбір қаржы жылының аяғында қажеттілік болғанда қайта қаралады және түзетіледі.

Материалдық емес активтер

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтерді бастапқы тану кезінде сатып алу құны бойынша ескеріледі. Ұйымдарды біріктіру бойынша операциялар шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің құны сатып алу күнгі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтерді бастапқы танығаннан кейін кез келген жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болатын кез келген жинақталған шығынды шегере отырып, сатып алу құны бойынша ескеріледі. Кен көзін игеруге капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, өз күштерімен құрылған материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыстар шығыстар пайда болған сол кезеңде кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі шектеулі немесе шектеусіз ретінде анықталады. Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер қызметтің осы мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес актив құнсыздануы мүмкін көрсеткіш болғанда құнсыздану мәніне бағаланады. Амортизациялау кезеңі және пайдалы қызметтің мерзімі шектелген материалдық емес активтер үшін амортизация әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың аяғында қайта қаралады. Пайдалы қызметтің күтілетін мерзіміне немесе материалдық емес активтен түсетін алдағы экономикалық пайданың күтілетін көлеміне өзгерістер амортизация кезеңіне өзгерістер немесе мән-жайлар бойынша амортизация әдісі арқылы ескеріледі және бухгалтерлік бағалауға өзгерістер ретінде қаралады. Қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар материалдық емес активті белгілеуге сәйкес шығыстар құрамында кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады. Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер негізінен пайдалы қызметтің мынадай мерзімі ішінде тікелей әдісімен амортизацияланатын активтердің мынадай сыныптарын қамтиды:

Лицензиялар	2-20 жыл
Бағдарламалық камтамасыз ету	2-10 жыл
Жер қойнауын пайдалану құқығы	18-45 жыл
Өзгелері	2-20 жыл

Қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер амортизацияланбайды, бірақ жыл сайын құнсыздануға тексеріледі немесе құнсыздану көрсеткіштері болғанда және қажет болған кезде өтелетін шамаға дейін есептен шығарылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ активтерді немесе активтер тобын оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтік теңгерімдік құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздану мәніне бағалайды. Жекелеген активтер негізіне ақша ағындарына қарамастан, басқа активтер топтарымен генерацияланатын сәйкестендірілген ақша ағындары бар ең төменгі деңгейде құнсыздануға бағалау мақсаттары үшін топтастырылады. Егер құнсызданудың осындай көрсеткіштері болған жағдайда, немесе активтер топтарын құнсыздануға жыл сайын тестілеу талап етілген кезде, Топ активтің өтелген құнын бағалауды жүзеге асырады.

Активтер тобының өтелген құны оны сатуға кеткен шығыстарды шегергенде әділ құнның және оның пайдалану құнының ең көбі болып табылады. Активтер тобының теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан асып кеткен жағдайда, активтер тобы құнсыздануға жатады және активті өтеу құнына дейін төмендетуге арналған резерв құрылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер топтарына тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау ставкасы пайдаланыла отырып, ағымдағы құнға дисконтталады. Бағалау бұрын танылған құнсыздану жөніндегі резервтер ендігі жоқ немесе азайды дегеннің қандай да бір көрсеткішінің бар-жоқтығына қатысты әрбір есептілік күні жүргізіледі. Егер ондай көрсеткіштер бар болса, онда өтелетін құн бағаланады. Құнсыздану жөніндегі соңғы резерв танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгерістер болса ғана құнсыздану бойынша бұрын танылған резерв сторнирланады. Мұндай жағдайда, активтің қалдық құны өтелетін құнға дейін ұлғаяды. Активтің ұлғайтылған құны, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздану жөніндегі резерв танылмаған болса, тозуды немесе амортизацияны шегергенде анықталған теңгерімдік құннан аспайды. Мұндай сторнирлау пайда және шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Сторнирлау өткізілімі жүргізілгеннен кейін келесі кезеңдерде қалдық құны шегеріле отырып, активтің қайта қаралған теңгерімдік құнын бөлу үшін амортизация жөніндегі шығыстар жүйелі негізде пайдалы қызметінің қалған мерзімі ішінде түзетіледі.

Гудвилдің құнсыздануын бағалау кезінде мынадай үдеріс қолданылады;

Әрбір есепті күні Топ гудвиллдің құнсыздану белгілерінің болуын бағалайды. Гудвилл жыл сайын және жағдаяттар теңгерімдік құнның құнсыздануының мүмкіндігін көрсеткенде құнсыздану белгілерінің болуына тестіленеді.

Гудвиллдің құнсыздануы оған гудвилл жататын ақша ағындарын генерациялайтын өтелетін бірліктер сомасын бағалау арқылы айқындалады. Егер оған гудвилл жататын ақша ағындарын генерациялайтын өтелетін бірліктер сомасы оның теңгерімдік құнынан аз болса, онда құнсызданудан болған шығын танылады. Құнсызданудан болған шығын болашақ кезеңдерде қалпына келтірілмейді

Қ а р ж ы а к т и в т е р і

Топтың, инвестициялары өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар немесе сату үшін қолда бар инвестициялар кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері ретінде жіктеледі. Бастапқыда инвестициялар әділ құн бойынша бағаланады. Егер инвестициялар кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері ретінде жіктелмесе, онда есептілікте көрсеткен кезде олардың әділ құнына онымен тікелей байланысты мәміле жөніндегі шығындар қосылады. Топ өзінің қаржылық инвестицияларының жіктемесін бастапқы танылғаннан кейін анықтайды. Барлық сатып алынған және сатылған инвестициялар есеп айырысу күнінде, яғни инвестициялар Топқа берілген немесе Оларды Топ берген күні танылады.

Тіркелген немесе төлем мөлшерін анықтауға икемді және өтеудің тіркелген мерзімді туынды емес қаржы активтері, егер Топ оларды өтеу мерзіміне дейін ұстауға ниетті және қабілетті болған жағдайда, өтегенге дейін ұсталатын ретінде жіктеледі.

Қарыздар мен дебиторлық берешек тіркелген немесе төлем мөлшерін анықтауға икемді белсенді нарықта баға белгіленбейтін өнімсіз қаржы активтері болып табылады. Мұндай активтер пайыздың тиімді ставка әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Мұндай активтер бойынша пайда мен шығындар тану тоқтатылған сәтте немесе мұндай активтер құнсызданған жағдайда, сондай-ақ амортизация арқылы кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар инвестициялар сату үшін қолда бар ретінде жіктелетін және жоғарыда аталған кез келген үш санатқа енгізілмеген өнімсіз қаржы активтерін білдіреді.

Есепте бастапқы көрсетуден кейін сату үшін қолда бар инвестициялар әділ құн бойынша бағаланады, бұл ретте, пайда мен шығындар инвестицияларды тану немесе құнсыздандыру тоқтатылған сәтке дейін капитал құрамында бөлек Құрауыш ретінде көрсетіледі. Капитал құрамында бұрын көрсетілген жиынтық пайда немесе шығын кірістер мен шығыстар туралы есепке енгізілген жағдайда. Үлестік инструменттерге байланысты құнсызданудан болатын шығындарды қалпына келтіру кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетілмейді. Борыштық инструменттерге байланысты құнсызданудан болатын шығындар пайда немесе шығын құрамында түзетіледі, егер

инструменттің әділ құнынан арту кірістер мен шығыстар туралы есепте құнсызданудан болатын шығынды танығаннан кейін болған оқиғаға объективті түрде жатқызылуы мүмкін.

Ұйымдасқан қаржы нарықтарында белсенді айналымдағы инвестициялардың әділ құны есеп күнгі саудалар аяқталған сәттегі сатып алуға нарықтық баға белгілеу бойынша анықталады. Нарықта белсенді айналымы жоқ инвестицияларды әділ құны бағалау әдістерін пайдалана отырып, оның ішінде нарықтық жағдайларда жасалған мәмілелер уақыты бойынша соңғысымен ұқсас бойынша, сондай-ақ іс жүзінде қаралатын инструментке ұқсас немесе дисконтталған ақша ағындарын талдауды ескере отырып, қаржы инструментінің ағымдағы нарықтық құны негізінде анықталады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күні Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының болған-болмағанын айқындайды.

Амортизациялық құн бойынша ескертілетін активтер

Егер амортизациялық құн бойынша ескерілетін активтер бойынша құнсызданудан болатын шығындардың пайда болуы туралы объективті куәлік болса, шығынның сомасы активтің теңгерімдік құны мен қаржы активі бойынша бастапқы тиімді сыйақы ставкасы (яғни бастапқы таныған кезде есептелген тиімді пайыздық ставка бойынша) бойынша дисконтталатын болашақта күтілетін ақша ағындарының (әлі туындамаған болашақтағы кредиттік шығындарды қоспағанда) арасындағы айырма ретінде бағаланады. Активтің теңгерімдік құны резерв пайдаланыла отырып төмендетілуі тиіс. Шығынның сомасы пайда немесе шығындарда танылады.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болатын шығын сомасы азайса, онда бұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін жүргізілген оқиғаларға объективті түрде байланысты болуы мүмкін, құнсызданудан болған бұрын танылған шығын қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған шығынды кез келген келесі қалпына келтіру панда мен шығындар туралы есепте активтің теңгерімдік құны бұл активтің қалпына келтірілу күніндегі амортизациялық құнынан аспайтындай көлемде танылады.

Егер Топ шот-фактураның бастапқы шарттарына сәйкес өзіне тиесілі бүкіл соманы алмайтынының объективті куәлігі болса (мысалы, дебитордың төлем қабілетсіздігі немесе баски да елеулі қаржылық қиындықтары мүмкіндігі), сауда-дебиторлық берешек бойынша құнсыздану резерві жасалады, Дебиторлық берешектің теңгерімдік құны резерв шотын пайдалану арқылы азайтылады. Егер құнсызданған берешек үмітсіз болып саналса, оларды тану тоқтатылады.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары

Егер сату үшін қолда бар актив құнсызданса, оны сатып алуға кеткен шығындар (негізгі сома мен амортизация төлемдерін шегергенде) мен бұрын пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылған оның ағымдағы әділ құны арасындағы айырма капиталдан пайда және шығындар туралы есепке көшіріледі. Сатуға арналған

ретінде жіктелген үлестік құралдар бойынша құнсызданудағы бұрын танылған шығынды қалпына келтіру пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылмайды. Борыштық құралдар бойынша құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру, егер құралдың әділ құнының ұлғаюы пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте құнсызданудан болған шығындар танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті түрде байланыстылығы мүмкін болса, пайда мен шығындар а р қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Туынды қаржы құралдары

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Топ шикізат тауарларына бағаның құбылуына байланысты өз тәуекелін хеджирлеу үшін валюта нарықтары мен капитал нарықтарында фьючерстерді, форвардтарды, своптар мен опциондарды қоса алғанда әртүрлі туынды қаржы құралдарымен, мұнай шикізаты бойынша форвардтық және своп келісім-шарттарымен операцияларды жүзеге асырады. Мұндай қаржы құралдары негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталынады және бастапқыда қаржы құралдарын тану саясатына сәйкес танылады, ал кейіннен олардың әділ құны бойынша бағаланады. Әділ құн тиісті құралдардың ағымдағы нарықтық және келісім-шарттық бағалары мен басқа да факторлар назарға алынатын тіркелген биржа бағасының немесе баға модельдерінің негізінде есептеледі. Туынды қаржы құралдары әділ құн оң болып табылғанда активтер ретінде (іске асырылмаған кіріс) және әділ құн теріс болып табылғанда міндеттеме ретінде (іске асырылмаған шығын) ескеріледі. Көрсетілген құралдармен жасалатын пайдалар мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қ о р л а р

Қорлар өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша бағаланды. Өзіндік құн қорларды жеткізуге және ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты шығындарды қамтиды. Таза өткізу құны аяқтауға шығындарды және өткізуге есеп айырысу шығындарын шегере отырып, қарапайым қызмет барысында қорларды өткізу бағасын бағалауды білдіреді Шығындарды есептеп шығарудың ұқсас формуласы ұқсас сипаты және белгіленімі бар барлық тауар-материалдық қорлар үшін пайдаланылады. Мұнай мен газ және электр энергиясын беру секторының тауарлық-материалдық қорлары ФИФО әдісі негізінде бағаланады. Барлық қалған тауар-материалдық қорлар орташа салмақталған құн негізінде бағаланады.

Ақша және оның баламалары

Ақша және оның баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, мерзімді салымдарды, бұрын айтылған ақша қаражаты сомасына еркін айырбасталатын және олардың құнының өзгеруіне байланысты тәуекелдік елеусіз деңгейіне расталған өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді және өтімділігі жоғары инвестицияларды қамтиды.

Қарыздар және тартылған қаражат

Қарыздар бастапқыда мәміле бойынша келтірілген шығындарды шегере отырып, әділ құн бойынша танылады. Келесі кезеңдерде қарыздар амортизацияланған құн

бойынша бағаланады: алынған қаражаттың (мәміле жөніндегі шығыстарды шегергенде) әділ құны мен өтеу сомасы арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздың тиімді ставкасы пайдаланыла отырып, қарыз берген мерзім ішінде көрсетіледі. Егер топ төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Топтың не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдар Үкіметтің қаражатын және мәмілемен тікелей байланысты шығындарды шегере отырып алынған қаражаттың әділ құны бойынша бастапқыда ескерілетін кредиттік мекемелерден алынған қарыздарды қамтиды. Кейіннен алынған қаражат амортизациялық құн бойынша көрсетіледі.

Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай актив құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша өзге де шығындар туындаған сәттегі шығыстар ретінде танылады.

Айырбасталатын борыштық құралдар

Міндеттеменің сипаттамасы бар кәсіпорындарды біріктіру кезінде сатып алынған айырбасталатын борыштық құралдардың құрамдас бөлігі мәміле жөніндегі шығындар шегеріле отырып, бухгалтерлік теңгерімде міндеттеме ретінде танылады. Міндеттеме құрамдас бөлігінің әділ құны осыған ұқсас айырбасталмайтын міндеттемелер үшін қолданылатын нарықтық ставка бойынша анықталады; және бұл сома айырбастау немесе сатып алу кезінде өтеуге дейін амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемесі ретінде жіктеледі.

Кәсіпорындарды біріктіру кезінде туындайтын қалған азшылық үлесі бойынша опциондар

Егер кәсіпорындарды біріктіру кезінде Топ опцион тарабына айналса, сатып алынған кәсіпорындағы азшылықтың қалған үлесі бойынша путы Топ мұндай опционда осындай азшылық үлесіне меншік құқығымен байланысты пайда мен тәуекелдерге қатысу беретіндігін бағалайды.

Қалған акциялары бойынша пут опционы үлестік иелену пайдалары мен тәуекелдеріне қол жетімділік беретіні анықталғанда, кәсіпорындар бірлестігі опционмен келісілген путтың сатып алынуы негізінде ескеріледі. Пут опционы бойынша миноритарлық акционерлерге арналған міндеттеменің әділ құны кәсіпорындар бірлестігі құнының бөлігі ретінде танылады. Өзге жағдайда азшылық үлесіне жатқызылатын ретінде қарастырылатын осындай құн мен таза активтердегі үлестер арасындағы кез келген айырма гудвилл құрамында көрсетіледі. Кейіннен

жарияланған және осындай миноритарлық акционерлерге төленген кез келген дивиденттер пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетіледі.

Кейіннен қаржылық міндеттеме БЕХС 39 талаптарына сәйкес бағаланады. Қаржы міндеттемесінің әділ құнына өзгерістер, сондай-ақ кез келген қаржылық төлемдер пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетіледі.

Кәсіпорындарды біріктіру кезінде туындайтын сатып алған үлес бойынша опциондар

Егер инвестицияларды сатып алу кезінде Қор үшінші тарапқа кәсіпорында сатып алған үлес бойынша колл опциондарын берсе, Қор осындай опционға қатысу үшінші тарапқа осындай үлеске меншік құқығына байланысты пайда мен тәуекелдерге қол жетімділік беретінін-бермейтінін бағалайды.

Егер сатып алған үлес бойынша колл опциондары үшінші тарапқа үлестік иеленудің пайдасы мен тәуекелдеріне қол жетімділік бермеген жағдайда бұл опцион Қордың елеулі ықпалын анықтау кезінде ескерілмейді.

Қор үшін опцион бойынша міндеттемелердің әділ құны сатып алынған инвестициялар құнының бір бөлігі ретінде танылады. Кейіннен қаржылық міндеттеме БЕХС 39 «Қаржы құралдары: Тану және Бағалау» талаптарына сәйкес бағаланады. Қаржылық міндеттеменің әділ құнындағы өзгерісіер, сондай-ақ осы опциондарды іске асырумен байланысты кез келген кірістер немесе шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ескеріледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қ а р ж ы а к т и в т е р і

Қаржы активтері (немесе, қолданылуына қарай - қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағындарын алу құқығын сақтаса, бірақ қайта бөлу туралы келісімге сәйкес үшінші тарапқа елеулі кешігусіз оларды толығымен беру міндеттемесін қабылдаса; немесе

- Топ өзінің активтен ақша ағындарын алуға арналған құқықтарын берсе және не (а) активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақы берсе, не (б) бермесе, бірақ активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды өзінде сақтаса, алайда активтерге бақылауды берсе бухгалтерлік теңгерімде ескерілуін тоқтатады.

Қ а р ж ы л ы қ м і н д е т т е м е л е р

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттеме бухгалтерлік теңгерімде танылуын тоқтатады.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға, ал нетто-сома:

- қазіргі сәтте жүзеге асырылатын танылған сомаларды өзара есепке алуға арналған

к е з д е ;

- нетто-негізде есеп жүргізу, не активтерді сату және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болған кезде ғана шоғырландырылған қаржылық теңгерімде көрсетілуге жатады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Олармен сауда әрбір есепті күні белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындар шегерілместен нарықтық баға белгіленімдері немесе дилердің баға белгіленімдері (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгіленімдері) негізге алынып анықталды.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құнын талдау және оны анықтаудың әдістері туралы қосымша ақпарат 40 - ескертпеде келтіріледі.

Ж а л д а у

О п е р а ц и я л ы қ ж а л д а у

Жалдау объектісіне меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайданы жалға алушы іс жүзінде сақтаған кезде мүлікті жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыстарға тепе-тең есептен шығарылады.

Қ а р ж ы л ы қ ж а л д а у

Топ жалданған мүліктің әділ құнына тең сомада немесе егер бұл сома әділ құнына төмен болса, ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны бойынша жалдау мерзімі басталған күнгі шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімде активтер мен міндеттемелердің құрамында қаржылық жалдау шарттарын таниды. Дисконттау коэффициенті ретінде ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құнын есептеу кезінде , егер мұндай ставканы анықтау мүмкін болып табылса, жалдау шарты бойынша пайыздың ішкі ставкасы пайдаланылады. Өзге де жағдайларда, Топтың қарыз қаражаты бойынша өспелі ставка пайдаланылады. Бастапқы төте шығындар актив құрамында е с к е р і л е д і .

Жалдау төлемдері міндеттемелерді қаржыландыру және өтеу бойынша шығыстар арасында бөлінеді. Қаржыландыру бойынша шығыстар жалдау мерзімі ішінде әрбір есепті кезеңге міндеттемелердің қалдығына есептелетін тұрақты мерзімді пайыз ставкасы бойынша шығыстарды көрсетуді қамтамасыз ететіндей түрде есепті кезеңдерге жатқызылады.

Қаржылық жалдау активке қатысты амортизация бойынша шығыстың ұлғаюына, сондай-ақ әрбір есепті кезеңге қаржылық шығыстарға әкеледі. Жалға алынатын активке қатысты амортизация саясаты меншік активтерді амортизациялау жөніндегі саясатта с ә й к е с к е л е д і .

Р е з е р в т е р

Активтің істен шығуы (пайдаланудан шығару) бойынша міндеттеме

Пайдаланудан шығаруға резервтер Топтың жабдықты немесе тетікті демонтаждау және көшіру бойынша және жабдық болған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервке пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болғанда дисконттау негізінде толық көлемде танылады.

Танылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама тиісті негізгі құрал құрылғы. Соның салдарынан, осы актив өндірістік әдіс негізінде өндірістік құралдар және тасымалдау құралдары бойынша күрделі шығындар шеңберінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі Қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау ставкасындағы өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан :

(а) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңге тиісті актив құнына қосылады немесе ш е г е р і л е д і ;

(б) актив құнынан шегерілген сома оның теңгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің теңгерім құнынан асып кетсе, онда асып кету кірістер мен шығыстар туралы есептерде дереу танылады; және

(в) егер активтің құны ұлғаюға әкелсе, Топ активтің жаңа теңгерім құны толығымен өтелмейтіні осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл осындай көрсеткіш болып табылса, Топ оның өтелетін құнын бағалау арқылы құнсыздануға активті тестілеуді жүзеге асырады және 36 БЕХС сәйкес құнсыздану бойынша кез к е л г е н ш ы ғ ы н д ы е с к е р е д і .

Банк аккредиттері мен кепілдіктеріне резерв

Әдеттегі қызметін жүзеге асыру кезінде Топ аккредиттер, кепілдіктер және акцепттер нысанында қаржылық кепілдіктер береді. Қаржы кепілдіктері шарттары алынған комиссия мөлшерінде «Өзге де міндеттемелр» бабы бойынша әділ құн бойынша бастапқыда қаржы есептілігінде танылады. Бастапқы танылғаннан кейін Топтың кепілдіктің әрбір шарты бойынша міндеттемесі екі шаманың ең көбі бойынша бағаланады: амортизациялық комиссия сомасы немесе кепілдік бойынша туындантын қаржылық міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындардың ең жақсы бағасы.

Қаржы кепілдігі шарттарына байланысты міндеттеменің ұлғаюы пайда және шығындар туралы есепте ескеріледі. Алынған комиссия кепілдік шарты әрекетінің мерзімі ішінде желілік негізде пайда мен шығындарда танылады.

Ө з г е д е р е з е р в т е р

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ

міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде қаржы есептілігінде көрсетіледі. Егер Топ резервтің өтелгенін күтсе, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде көрінеді, бірақ өтеу ы қ т и м а л б о л ғ а н д а ғ а н а .

Егер ақша қаражатының уақытша құнының әсері мәнді болып табылса, резервтер ақша қаражатының уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлегенге дейін ставка бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюы уақыттың өтуі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

Қызметкерлерге сыйақы

Белгіленген жарналармен зейнетақы жоспары

Топ аударымдар ретінде өзінің қызметкерлерінің жалақысынан 10% олардың зейнетақы қорларына ұстайды. Заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақы төлемдеріне өздері жауапкершілікте болады және Топтың қызметкерлер зейнеткерлікке шыққаннан кейін оларға төлемдер бойынша болашақтағы міндеттемелері болмайды.

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық есептеуге қарай шығыстарға жатады.

Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары

Ұжымдық шартқа сәйкес Топ өздерінің қызметкерлеріне еңбек қызметін аяқтағанда («Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары») белгілі бір сыйақы т ө л е й д і .

Топ олар анықталған сол кезеңде қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта бағалаудан туындаған актуарлық кірістер мен шығындарды таниды және 19 «Қызметкерлерге сыйақы» БЕХС-да анықталған бағаға сәйкес сыйақы бойынша шығыстарды және міндеттемені таниды.

Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспарына сәйкес міндеттемелер және сыйақы бойынша шығыстар болжамдалған шартты бірлік әдісі көмегімен анықталады. Бұл әдіс сыйақы алуға құқықтың қосымша бірлігінен асатын ретінде әрбір жұмыс істелген жылды қарастырады және жиынтық міндеттемені көрсету үшін әрбір бірлікті бөлек өлшейді. Сыйақылар беру бойынша шығыстар Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары бойынша сыйақы формуласына сәйкес қызметкерлердің жұмыс өтілі ішінде жиынтық сыйақыны бөлу үшін кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Бұл міндеттеме валюта мен талап Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің валютасымен және бағаланған талаптарымен салыстырмалы мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы ставкасына ұқсас дисконт ставкасын

қолдана отырып, болашақтағы есеп айырысу ақша қозғалысының ағымдағы құны
б о й ы н ш а ө л ш е н е д і .

Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары қаржыландырылмайтын
б о л ы п т а б ы л а д ы .

К а п и т а л

Ж а р ғ ы л ы қ к а п и т а л

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа, жаңа акциялар шығаруға қатысты тікелей сыртқы шығындар капитал түсімдері сомасынан шегерім ретінде көрсетілген. Шығарылған акциялардың атаулы құнынан алынған қаражаттың әділ құнының кез келген асып түсуі бөлінбеген кірістің ұлғаюы
р е т і н д е т а н ы л а д ы .

Б а қ ы л а н б а й т ы н қ а т ы с у ү л е с і

Бақыланбайтын қатысу үлесі шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімде Қордың акционеріне жататын капиталдан жеке меншікті капиталдың құрамында ұсынылады. Еншілес компанияның шығындары егер тіпті бұл теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда да бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Д и в и д е н д т е р

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және есепті күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнгі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Ү л е с т і к қ ұ р а л д а р н е г і з і н д е г і т ө л е м д е р

Топ қызметкерлері үлестік құралдар жөніндегі операцияларға негізделген төлемдер нысанында сыйақы алады. Қызметкерлер өздері жұмыс істейтін еншілес ұйымның үлестік құралдармен сыйақы алатын қызметтерді ұсынады ("олар бойынша үлестік құралдармен жүзеге асырылатын мәмілелер, есептер").

Олар бойынша есеп үлестік құралдармен жүзеге асырылатын қызметкерлермен жасалған мәмілелердің құны олар берілген күнгі осындай құралдардың әділ құны негізге алына отырып, бағаланады. Әділ құн тиісті бағалау моделінің көмегімен а й қ ы н д а л а д ы .

Үлестік құралдар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар бойынша шығыстар онда қызмет нәтижелеріне қол жеткізу шарттары және/немесе белгілі бір мерзімнің еңбек сіңіру шарттары орындалатын кезеңнің ішінде өзге капитал бойынша резервтерде тиісті ұлғаюмен бір мезгілде танылады және қызметкерлер сыйақыға арналған толық құқықтарды алған кездегі күні аяқталады (сыйақы алуға құқықтық көшкен күні). Бұл мәмілелер бойынша жиынтық шығыстар сыйақы ретінде берілетін үлестік құралдар санына қатысты Топтың онтайлы бағалауының негізінде аяқталған мерзімге теңбе тең міндеттемелер өтелгенге дейінгі әрбір есепті күні танылады. Кезең

ішіндегі пайда және шығындар туралы есепте шығыс немесе кіріс кезеңнің басында немесе аяғында танылған жиынтық шығыстың өзгерісін білдіреді.

Оған арналған құқық қызметкерлерге түпкілікті өтетін үлестік құралдармен сыйақы бойынша шығыс танылмайды.

Егер үлестік құралдармен төленетін сыйақының шарттары өзгерсе, шығыс ең төменгі ретінде, егер шарттар өзгермегендей мөлшерде танылады. Бұдан басқа, өзгеріс жөніндегі қосымша шығыс танылады, ол сыйақының жалпы әділ құнын осындай өзгеріс күнінде жүргізілген бағаға сәйкес үлестік құралдарымен немесе қызметкер үшін өзге түрде тиімді құралдармен ұлғайтады.

Егер үлестік құралдармен төленетін сыйақының күші жойылса, ол оған арналған құқық күші жойылған күнге өткендегідей болып ескеріледі. Бұл ретте әлі танылмаған шығыстар жедел түрде танылады. Алайда, егер күші жойылған сыйақы жаңа сыйақымен ауыстырылса, және жаңа сыйақы ол ұсынылған күнгі күші жойылған сыйақының орнын толтырған ретінде қарастырылса, күші жойылған және жаңа сыйақы, алдыңғы абзацта сипатталғандай, бастапқы сыйақының өзгерісі жүргізілгендей болып ескеріледі.

Сауда және өзге де кредиторлық берешек

Сауда және өзге де кредиторлық берешек бойынша міндеттеме бастапқы күн бойынша ескеріледі, ол Топтың шотына қойылғанына қарамастан алынған тауарлар мен қызметтер болашақта төленуі тиіс соманың әділ құны болып табылады.

Түсімді тану

Егер Топ экономикалық пайда алады деген мүмкіндік бар болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады.

Тауарларды сату

Шикі мұнайды, мұнай өнімдерін, газды, уран өнімдері мен басқа да тауарларды сатудан түскен кірістер тауарды жеткізу жүргізілгенде және тәуекел мен меншік құқығы сатып алушыға берілгенде танылады.

Қызметтер көрсету

Қызметтер көрсетуден түсетін кірістер қызметтер көрсетілген сәтте танылады.

Тасымалдауға жататын қызметтерге қатысты, аяқталу дәрежесі мен кірістің сомасының жеткілікті түрде дәл анықталуы шартымен шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерім күнінде тасымалдаудың аяқталу дәрежесі бойынша танылады. Өлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомалары алу сәтінде тапсырыс берушілерден алынған аванстар құрамында көрсетіледі. Көрсетіліп қойған қызметтерден түсетін күтілетін есепті кіріске шамамен алғанда тең болатын тапсырыс берушілерден алынған аванстар шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімдегі өзге де ағымдағы міндеттемелердің құрамындағы болашақтағы кезеңнің кірістеріне көшіріледі. Болашақтағы кезеңдердің кірістері қызметтердің көрсетілуіне қарай кірістерге жатады.

Клиенттердің әділдігі бағдарламасы бойынша. сатып алушылар қосымша балл алатын авиабилеттерді сату көрсетілген қызметтер мен болжанатын награда арасындағыға жатқызылған олардың әділ құны бойынша кіріс операцияларының кол элементі ретінде ескеріледі. Болжанатын награда әділ құн - осы награданы бөлек сатылу құны бойынша бағаланады. Бұл бағалау тауарды сату/қызметтер көрсету сәтіндегі кіріс болып танылмайды, болашақ кезеңнің кірісі ретінде көрсетіледі, және аталған награда пайдаланылғанда және Топтың міндеттемелері толығымен орындалғанда

кіріс

болып

танылады.

Т а р и ф т е р

б е л г і л е у

Топтың бірқатар еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (бұдан әрі мәтін бойынша "ТМРА") тарапынан реттеу объектілері болып табылады. ТМРА тарифтерді және тариф ставкаларын есептеу әдістемелерін бекітуге жауап береді, олардың негізінде еншілес ұйымдар өз кірістерінің айтарлықтай бөлігін алады.

Мемлекеттік

субсидиялар

Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның жалғыз акционері болып табылатындығына байланысты Топ Үкімет қандай жағдайларда басты негізде акционер ретінде әрекет ететіндігін бағалай отырып, Үкіметпен барлық транзакцияларды т а л д а й д ы .

Егер нақты транзакция кезінде Үкіметтің акционер ретінде әрекет ететіндігі белгіленсе, Топтың мұндай транзакцияның нәтижесінде көтерген кез келген пайдасы немесе шығындары тікелей капиталда жарна ретінде немесе акционердің капиталын б ө л у д е п т а н ы л а д ы .

Егер Үкіметтің ерекшелік транзакциясы акционер ретіндегі әрекет ретінде белгіленбесе, мұнай транзакциялар БЕХС 20 «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» ережелеріне сәйкес ескеріледі. Мұндай жағдайларда мемлекеттік субсидиялар субсидиялардың алынатындығы және онымен байланысты барлық қажетті жағдайлардың орындалатындығына ақылға қонымды сенімділік болған кезде олардың әділ құны бойынша танылады. Егер субсидия шығыс бабына жатқызылатын жағдайда, ол жүйелі негізде өтемақы төлеуге тиіс тиісті шығыстармен сәйкес келуі үшін қажетті кезең ішіндегі кіріс ретінде танылады. Субсидия активке жататын кезде әділ құн кейінге қалдырылған кіріс есебіне кредиттеледі және тиісті активтің пайдалы қызмет етуінің күтілетін кезеңі ішінде пайда және шығындар туралы есепте тең жыл сайынғы бөліктермен көрсетіледі. Кіріске жататын субсидиялар пайда және шығындар туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен түсетін кірістердің құрамында жеке ұсынылған.

Ш ы ғы с т а р д ы

т а н у

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікте

Бір жылға табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы меншік капиталға тікелей жатқызылған баптарға тиісті сол көлемді қоспағанда, кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетіледі және бұл жағдайда, ол меншік капиталда танылады. Үстеме пайдаға салынатын салық табыс салығы ретінде қаралады және табыс салығы бойынша шығыстардың бөлігін құрады, Салық бойынша ағымдағы шығыстар бұл бір жылға салық салынатын кіріс бойынша төлеуге күтілетін салық және еткен жылдарға қатысты төлеуге салыққа қатысты кез келген түзетулер.

Үстеме пайдаға салынатын салық табыс салығы ретінде қаралады және табыс салығы бойынша шығыстардың бөлігін құрайды. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттарға сәйкес Топ белгілі бір мәндерден асатын пайданың ішкі нормасы кезінде жер қойнауын пайдалануға қолданылатын келісім-шартқа сәйкес белгілі бір шегерімдер сомасына түзетуге жататын салық салудан кейін пайда сомасынан көрсетілген ставка бойынша үстеме пайдаға салық есептейді және төлейді.

Пайданың ішкі нормасы жер қойнауын пайдалануға әрбір келісім-шарт бойынша ақша ағындарының негізінде есептеледі және инфляцияның ұлттық деңгейін түзетіледі. Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығына да және үстеме пайдаға салық үшін де есептеледі. Үстеме пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық келісім-шарт бойынша төлеуге тиісті үстеме пайдаға салықтың күтілетін ставкасы бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттарға жатқызылған активтер үшін уақытша айырмалар бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің теңгерім құны мен салық салу мақсаты үшін пайдаланылған сома арасындағы уақытша айырмалар бойынша теңгерім бойынша міндеттемелер әдісі бойынша ескеріледі. Мына уақытша айырмалар танылмайды:

- компанияларды біріктіру болып табылмайтын мәміледе активті немесе міндеттемені бастапқы тану және мәміле сәтінде бухгалтерлік кіріске де. Салық салынатын кіріске немесе шығынға да әсер етпейді; және
- уақытша айырмаларды түзету мерзімін реттеуге болатын еншілес ұйымдағы инвестициялар және уақытша айырмалар шолу жасалған болашақта түзетілмейтін ы қ т и м а л д ы қ б а р .

Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер қолданылған немесе бухгалтерлік теңгерім жасаған күні іс жүзінде қолданысқа енгізілген салық ставкалары (және салық заңнамаларын) негізге ала отырып, актив алынған немесе міндеттеме төленген кезеңге қолданылатын салық ставкалары б о й ы н ш а е с е п т е л е д і .

Кейінге қалдырылған салық активі актив өткізілуі мүмкін шотқа салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар сол көлемде ғана танылалы. Табыс салығы бойынша

кейінге қалдырылған тиісті салық жеңілдігін өткізуден артық ықтималдық жоқ сол
к ө л е м д е к е м і т і л е д і .

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтеуге ҚҚС ішкі нарықта сату бойынша ҚҚС шегерілген ішкі нарықта сатып алу бойынша ҚҚС-ны білдіреді. Экспортқа сатудың нөлдік ставкасы бар .

Байланысты тараптар

Байланысты тараптар Топтың акционерлерін, негізгі басқарушы персоналды, қауымдасқан ұйымдарды және дауыс беретін акциялардың біршама үлесі тікелей немесе жанама Топтың акционерлеріне немесе негізгі басқарушы персоналына тиесілі
ұ й ы м д ы қ а м т и д ы .

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды. Мұндай міндеттемелер туралы деректер экономикалық пайдаларды құрайтын ресурстар ағынының ықтималдығы аз болып табылған жағдайды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде (41 - ескертпе) ашылады.

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Егер мұндай активтерге байланысты экономикалық пайдаларды алудың жетікілікті ықтималдығы болған жағдайда, көрсетілген активтер туралы деректер ескертпелерде
а ш ы л а д ы .

Кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғанда болған және есепті күнгі Топтың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпараты бар оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУ

ҚЕХС-ға сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау көрсетілген актив есептілігіне, міндеттемелер мен шартты активтерге және шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаған күнгі міндеттемелерге әсер ететін бағалар мен жол берулерді, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерді, міндеттемелерді, кірістерді, шығыстарды және шартты активтер мен есепті кезең ішіндегі міндеттемелерді пайдалануды Топ басшылығының пайдалануын талап етеді. Нақты нәтижелер осы субъективті бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Есепті күнге бағаның айқындалмауының болашаққа және өзге де негізгі көздерге қатысты және келесі есепті жыл ішіндегі активтер мен міндеттемелердің теңгерім құнына біршама түзету енгізу қажеттігінен пайда болған елеулі тәуекелді көтеретін негізгі болжамдары төменде қарастырылады:

Мұнай кен газдың қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Тол кен орындарын өңдеуге қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін басшылық та қолданатын ұзақ мерзімді жоспарлық бағаны пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлық бағаларды пайдалану жыл аяғына іркілу бағасын пайдалануға тән тұрақсыздықтың әсерін жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша болжам өнім өндіру бойынша қызметтің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газ қорларын бағалау үшін неғұрлым қолайлы негізді береді деп санайды.

Қорлардың барлық бағалау айқындалмаудың кейбір деңгейін білдіреді. Айқындалмаушылық негізінен мұнай деректерді бағалау және түсіндіру сәтінде қол жетімді сенімді геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне байланысты.

Айқындалмаушылықтың салыстырмалы деңгейі екі негізгі санаттың біріне қорларды жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар. Дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда дәлелденген қорларды тартуға үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды тарту мүмкіндігіне қатысты прогрессивті түрде өсіп келе жатқан айқындылықтың болмауын көрсету үшін өңделген және өңделмеген қорларға бұдан әрі бөлінуі мүмкін. Жыл сайын баға талданады және түзетіледі. Түзетулер қолда бар геологиялық деректерді, кәсіпшілік өлшемдерін немесе өнім туралы деректерді; жаңа деректердің болуын; немесе бағалар бойынша болжамдарға өзгерістерді бағалау немесе қайта бағалау салдарынан пайда болады. Қорларды бағалау қайтарымды арттыруға арналған жобалардың қолданылу, пласттың өнімділігіне өзгерістер немесе өңдеу стратегиясына өзгерістер салдарынан қайта қаралуы мүмкін, Дәлелденген қорлар тозуды, ескіруді және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыстың көлеміне үйлесімді амортизация ставкасын есептеуге пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты.

Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген өңделген қорлардағы кему тозуға, ескіруге және амортизацияға (өндірудің тұрақты деңгейі кезінде) аударымдардың ұлғаюына, кірістің кемуіне әкеледі және мүліктің теңгерім құнында тікелей кемуге де әкелуі мүмкін. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез

келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі
м ү м к і н д і г і б о л а д ы .

У р а н қ о р л а р ы

Уран қорлары активтердің өтелетін құнын бағалау үшін және тозу және амортизация бойынша аударымдарды айқындау үшін пайдаланылатын Қор ақша қаражатының болжанатын қозғалысын бағалаудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Уран қорларының сомасын бағалау кезінде геологиялық және барлау деректерін интерпретациялау және барланған (дәлелденген) қорлар мен бағаланған (ықтимал) қорларды айқындау үшін Қазақстан Республикасының минералдық қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы анықтаған (ҚМК) есептеу әдістемесінің негізінде қорларды бағалауды жүргізетін геолог-мамандардан Топ есептер алады. Қорларды бағалау сараптамалық бағалауларға және тәжірибеге негізделген. Қорларды бағалау кейбір белгісіздік дәрежесін қамтиды. Белгісіздік негізінен сенімді геологиялық және техникалық ақпараттың толықтығымен байланысты. Бұдан басқа, қорлардың болуы барлық қорлар экономикалық тұрғыдан тиімді негізде алынуы мүмкін дегенді білдірмейді. Қорлардың бағалары жыл сайынғы негізде талданады және түзетіледі. Өндірілуі жоспарланатын уранның мөлшері өндіруді ұлғайту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру, өндірістік қуаттағы өзгерістер немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістер нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелер

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелері барлық өнімді ұңғымаларды біртіндеп жабуға және құбыр арналарын, ғимараттарды демонтаждау және келісім-шарт аумағын қалпына келтіру сияқты түпкілікті жабу бойынша қызметке жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық жағынан негіздемелі түрде пайдалануды аяқтау өткенде өтелуі қажет болса, онда көрсетілген міндеттемені ұңғымаларды жою бойынша қосымша шығыстарды және жабу бойынша соңғы шығыстардың біршама өсіруі мүмкін. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты. Ешқандай да міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісім-шарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың

болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі м ү м к і н .

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа тәуекелсіз пайыздық ставканы пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 Интерпретацияға сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін т ү з і л е д і .

Жабуға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған байымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздікпен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Түпкілікті жабуға шығындарға жатқызылатын айындықтың болмауы күтілетін ақша ағындарын дисконттау әсерінен кемітіледі. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұнғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Э к о л о г и я л ы қ о ң а л т у

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпарат және қалпына келтіру жөніндегі күтілетін жоспарлар негізінде анықталады және егер рәсімдер мерзімі тиісті органдармен келісілмесе, дисконтталмаған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық нормативтік базаның талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. ҚМГ ҰК-ның еншілес ұйымы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚМГ БӨ») Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен 2005 жылғы шілдеде қол қойған өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес Топ өндіруді бастауға қатысты мұнай өндірудің нәтижесі болып табылған су мен

топырақтың кейбір ластануына жауапкершілікті өзіне алуға келісті. Осы қаржылық есептілік шыққан күнгі қалпына келтіру жөніндегі жоспардың көлемі және мерзімі Үкіметпен келісілмеді. Тиісінше міндеттеме дисконтталмады. Өйткені, міндеттемелердің бастапқы мерзімі әлі белгіленген жоқ және басшылық он жылға дейінгі кезең ішінде қалпына келтіру жөніндегі жоспарды орындауды негіздемелі түрде күтуде. Топ 2012 жылы көтерілуі тиісті шығындардың бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде осы міндеттемені жіктеді. Экологиялық жағынан оңалту бойынша резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге, қоғамдық күтуден, аумақтық жағдайларды қолға түсіру мен талдауға өзгерістер және тазалау технологияларына өзгерістер салдарын бағалаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық жағынан оңалтуға қатысты қосымша айқындықтың болмауы 41-ескертпеде ашылған. Экологиялық жағынан оңалтуға міндеттемелер бойынша резервке өзгерістер

21-ескертпеде

ашылған.

Әлеуметтік активтер салуға арналған резервтер

2011 жылғы 31 желтоқсанға өзге де резервтер Үкіметтің тапсырмасы бойынша еншілес ұйымдардың мынадай Астана қаласында «Қазақстан тарихының мұражайы» (ҚМГ), «Телерадиокешені ғимараты» (КТЖ ҰК), «Мектеп оқушылары шығармашылығы сарайы» (ҚАӨ ҰАҚ) сияқты объектілер салу және Мәскеу қаласында "Дүниежүзілік көрме орталығы" объектісін қайта жөндеу жөніндегі жалпы сомасы 109.064 миллион теңге (2010 жылы: 71.582 миллион теңге) резервтерін қамтиды. Құрылысын салу және қайта жөндеу аяқталғаннан кейін осы объектілер Үкіметке өтеусіз берілетін болады, нәтижесінде Топ болашақта ол бойынша ақша қаражатының жылыстауы сенімді бағалануы мүмкін сындарлы міндеттемені таныды. Көрсетілген объектілерді салуға жұмсалған шығындардың бағалау сомасы тиісінше 26.631 миллион теңге, 55.744 миллион теңге, 22.730 миллион теңге және 3.959 миллион теңгені құрады (2010 жылы: тиісінше 25.560 миллион теңге, 27.130 миллион теңге, 18.892 миллион теңге және нөл теңге). Құрылыстың жалпы бағалау құны капиталда Акционерге бөлу ретінде танылды (17-ескертпе). 2011 жыл ішіндегі резервтегі ұлғаю 37.481 миллион теңгені құрады және ол негізінен «Телерадио кешенінің ғимараты» үшін жабдықтар сатып алу (28.614 миллион теңге) және «Дүниежүзілік көрме орталығын» қайта жөндеу жөніндегі Үкіметтің қосымша тапсырмаларынан, сондай-ақ басқа объектілерді салуға арналған резервтерді бастапқы бағалаудағы өзгерістерден туындады. 2010-2011 жылдары шегілген 62.268 миллион теңге сомасындағы шығындар және жеткізушілерге аударылған 12.537 миллион теңге сомасындағы аванстар өзге де ағымдағы активтер құрамында көрсетілді. Құрылыс салуға жұмсалған шығындарды бастапқы бағалаудағы өзгерістер резервтер сомасына әсер етуі мүмкін және мұндай өзгерістердің жиынтық әсері елеулі болуы мүмкін. Топ құнға тигізілетін уақытша әсер елеулі болып табылады

с а н а й д ы .

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер ақша ағындарын шоғырландыратын активтің немесе бөлімшенің теңгерімдік құны мынадай шамалардың: сатуға арналған шығындар шегерілген әділ құнның және пайдаланудан болатын құндылықтың бірінің ең көбі болып табылатын оның өтелетін құнынан асса құнсыздану орын алады. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген косымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және өзіне ақша ағындарын шоғырландыратын құнсыздану мәніне тексерілетін бөлімше активтерінің нәтижелерін жақсартатын оны жүргізу бойынша Топта әлі міндеттеме немесе болашақтағы елеулі инвестициялар жоқ қайта құрылымдау жөніндегі қызметті қамтиды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау ставкасына, сондай-ақ ақша қаражатының күтілетін ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша ағындарын шоғырландыратын әртүрлі бөлімшелердің өтелетін құнын анықтау кезінде пайдаланылған түйінді жол берілімдер туралы неғұрлым нақты ақпарат 7 және 8 ескертпелерде келтіріледі.

2011 жылы Топ негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығынды жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте 49.063 миллион теңге сомасында (2010:11.522 миллион теңге) таныды.

2011 жылы Топ гудвилдің құнсыздануынан болған шығынды жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте 2.371 миллион теңге (2010 жылы: нөл) сомасында таныды (8 ескертпе).

Барлау және бағалау жөніндегі активтер қайта өңдеу жөніндегі материалдық және материалдық емес активтерді аудару сәтінде немесе құнсыздану индикаторлары болған кезде құнсызданудың болуы мәніне тестіленеді.

Кейбір кен орындарында барлау және бағалау жөніндегі қызметтің тоқтатыла тұруына байланысты Топ 2011 жылы барлау және бағалау жөніндегі активтерді 20.859 миллион теңге сомасына құнсыздандырды (2010 жылы: 931 миллион теңге) (7 және 8-ескертпелер), Топ сондай-ақ осы кен орындарының біріндегі барлау және бағалау жұмыстарын қаржыландыруға байланысты 7.812 миллион теңге сомасындағы қарызды есептен шығарды. Қаржыландыру туралы келісімге сәйкес коммерциялық табу болмаған жағдайда Топ жобаны қаржыландырудағы өз үлесін өтеу жөніндегі міндеттемелерден босатылады.

Негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызмет мерзімі

Топ әрбір есепті күнгі негізгі құралдардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін қайта қарайды және егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер 8 «

Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» БЕХС-ке сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтер

Кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі. Кейінге қалдырылған салық жөніндегі танылған активтердің сомасы 2011 жылғы 31 желтоқсанда 56.813 миллион теңгені құрады (2010: 194.713 миллион теңге). Неғұрлым нақты ақпарат 36-ескертпеде қ а м т ы л ғ а н .

С а л ы қ с а л у

Күрделі салық заңнамасын интерпретациялауға, салық заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ болашақтағы салық салу кірісін алу сомалары мен мерзімдеріне қатысты белгісіздік бар. Топ халықаралық операцияларының елеулі әр алуандығын, сондай-ақ ұзақ мерзімді сипатын және қолда бар шарттық қатынастардың күрделілігін ескергенде, іс жүзіндегі нәтижелер мен қабылданған жол берілімдердің болашақтағы өзгерістері табыс салығы бойынша шығыстардың және кірістердің көрсетілген есептілігіне болашақта түзетулерге әкелуі мүмкін. Негізді жол берілімдерді негізге ала отырып Топ ол өз қызметін жүзеге асыратын елдің салық органдары жүргізетін салық аудитінің ықтимал салдарларына резервтер жасайды.

Осындай резервтердің шамасы әртүрлі факторларға, мысалы, бұрынғы аудиттердің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасының әртүрлі интерпретацияларына байланысты. Интерпретациядағы осындай әр түрліліктер Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде басым болатын жағдайларға байланысты мәселелердің көп саны бойынша туындауы мүмкін.

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық, егер қосымша салықтарды салық органдары есептейтін болса, ол сәтті шағымдана алады деп Топ дауласпайтын немесе санамайтын салық заңнамасын сақтамаудың белгілі салаларының ықтимал міндеттемелері ретінде қарайды. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. 21-ескертпеде ашылған салық тәуекелдері бойынша резерв, негізінен, 2002 жылдан бастап 2006 жылды қоса алғандағы кезеңге шикі мұнайды экспорта сатуға қатысты трансферттік баға белгілеу туралы қазақстандық заңнаманы Топтың

қолдануына жатқызылады. Салық салуға жатқызылған қалған айқындылықтың
болмауы 41-ескертпеде ашылған.

Қаржы инструменттерінің әділ құны

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы
инструменттерінің және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар
негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін
қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Осы модельдердің
бастапқы деректері ретінде мүмкіндігінше бақыланатын нарықтардан ақпарат
пайдаланылады, алайда бұл іс жүзінде жүзеге асырылмайтын болған сол жағдайларда,
әділ құнды белгілеу үшін пайымдаудың белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдау
өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және құбылмалылық ретінде осындай бастапқы
деректердің есебін қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер
шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген қаржы инструменттерінің әділ
құнына әсер етуі мүмкін.

Қызметкерлерге төлем бойынша міндеттеме

Топ зейнетке шыққаннан кейінгі белгіленген төлемдер және осыған байланысты
ағымдағы қызметтердің құны бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын анықтау
үшін бағалаудың актуарлық әдісін пайдаланады (22-ескертпе). Бұл сыйақы
болжанылған жұмыс істеп жатқан және жұмыстан кеткен қызметкерлердің
болашақтағы мінездемелеріне қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыста
немесе одан кейін қайтыс болу, персонал санының өзгеруі бойынша статистика және
басқалар), сондай-ақ қаржылық жорамалдарды (дисконттау ставкасы, болашақтағы
жылдық материалдық көмек, болашақтағы жылдық ең төменгі жалақы, темір жол
билетінің болашақтағы орташа құны) пайдалануды талап етеді.

Клиенттерге және қаржы мекемелеріне қарыздар бойынша құнсызданудан болған шығындар

Әрбір есепті күнге Топ құнсызданудан болатын шығындар пайдалар мен шығындар
туралы есепте ескерілуі қажеттілігін бағалау үшін клиенттер мен кредит мекемелеріне
қарыздардың әрқайсысы бойынша өздерінің маңыздылығына талдау жүргізеді. Атап
айтқанда, басшылықтың пайымдауы құнсызданудан болатын шығынды анықтау
кезінде болашақ ақша ағынының сомасы мен мерзімін бағалауда талап етіледі. Мұндай
ақша ағынын бағалау кезінде Топ қарыз алушының қаржы жағдайы мен құнсыздануды
іске асырудың таза құны туралы пайымдаулар шығарады. Бұл бағалар факторлар
қатарында жорамалдарға негізделген жеке нақты нәтижелері болашақта резервке
өзгерістер әкелетін өзгелер болуы мүмкін.

Содан соң, бөлек-бөлек бағаланған және құнсызданбаған қарыздар және барлық
жекеше маңызы жоқ қарыздар жиынтықта, оған қатысты объективті куәлік бар, бірақ
әсері анық болып табылмайтын шығын жағдайы болуының салдарында резерв құру
қажеттілігін анықтау үшін ұқсас тәуекел сипаттамалары бар активтер тобында

бағаланады.

Жиынтық бағалау кредиттік қоржын деректерін (кредит сапасы, мерзімін ұзарту деңгейі, кредитті пайдалану, қамтамасыз етуге қарыздың қарым-қатынасы және т.б. сындылар), тәуекелдер мен экономикалық көрсеткіштер шоғырлануын (оның ішінде жұмыссыздық деңгейі, жылжымайтын мүлікке бағалар индекстері, ел тәуекелі және әртүрлі бөлек топтардың жұмыс көрсеткіштері) назарға алады. Клиенттер және кредит мекемелеріне қарыздарды құнсыздандыру бойынша шығындар 10-ескертпеде және 11-ескертпеде біршама егжей-тегжейлі ашылған.

Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтер

Топ күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв құрады. Біршама пайымдаулар күмәнді борыштарды анықтау кезінде пайдаланылады. Күмәнді борыштарды анықтау кезінде клиенттердің тарихи әрі күтілетін мінез-құлқы қаралады. Экономикадағы өзгерістер немесе клиенттің жеке шарты осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте күмәнді берешек бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін. 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күмәнді борыштар бойынша резервтер 74.923 миллион теңге (2010:78.582 миллион теңге) мөлшерінде құрылды {13 және 15-ескертпелер}.

5 . С А Т Ы П А Л У **2 0 1 1 жылғы сатып алу**

Ural Group Limited BVI (бұдан әрі мәтін бойынша - «UGL») қатысу үлесін сатып алу 2011 жылғы 15 сәуірде ҚМГ БӨ Exploration Venture Limited-тен (бұдан әрі мәтін бойынша - «EVL») UGL жай акцияларының 50%-дық үлесін сатып алды, UGL Батыс Қазақстан облысындағы Федоров блогында көмірсутегіге барлау жүргізуге құқығы бар «Ural Oil and Gas» (бұдан әрі мәтін бойынша - «UOG») 100%-дық қатысу үлесінің меншік несі болып табылады. 2010 жылғы мамырда барлауға арналған лицензия 2014 жылғы мамырдың маяғына дейін ұзартылды.

UGL 50%-дық үлес төлем көзіндегі табыс салығымен жиынтықта 164.497 мың АҚШ доллары (23.907 миллион теңге) мөлшеріндегі ақша қаражатына сатып алынды. Сатып алу құнына енгізілген 46.687 мың АҚШ доллары (6.784 миллион теңге) мөлшеріндегі сома бірлескен кәсіпорыннан алынатын қарызға жатқызылды және бастапқыда әділ құн бойынша танылды және одан әрі тиімді пайыздық ставка әдісі бойынша амортизациялық құн бойынша бағаланады.

UGL-дегі инвестициялар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бірлескен кәсіпорынға инвестициялар ретінде танылады.

Сатып алу кезінде танылған әділ құн бойынша сатып алу күніндегі UGL активтері мен міндеттемелеріндегі Топтың үлесі төменде көрсетілген:

Миллион теңгемен	Сатып алу күніндегі әділ құн

Ұзақ мерзімді қорлар	2 8 . 5 3 6
Ағымдағы активтер	1 0 4
Ақша қаражаты	232
Активтер жиыны	28.872
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	1 1 . 4 6 4
Ағымдағы міндеттемелер	285
Міндеттемелер жиыны	11.749
Таза активтер	17.123

Ural Group Limited BVI (бұдан әрі мәтін бойынша - «UGL») қатысу үлесін сатып алу
(ж а л ғ а с ы)

Ұзақ мерзімді активтердің әділ құны 17.460 миллион теңге мөлшерінде UOG барлауға арналған лицензиясын қамтиды.

«АқтауМұнайСервис» ЖШС және «Карповский Северный» АҚ сатып алуы

2011 жылғы 10 маусымда ҚМГ ҰК 334 миллион АҚШ доллары (мәміле жасау күніндегі бағам бойынша 48.590 миллион теңге) мөлшерінде ақша қаражаты үшін АқтауМұнайСервис (бұдан әрі мәтін бойынша -«АМС») ЖШС-дағы қатысу үлесінің 100%-ын сатып алды. Бес еншілес ұйымы бар АМС негізгі қызметі Батыс Қазақстандағы мұнай өндіретін компанияларға қызмет көрсету (бұрғылау, жөндеу, тасымалдау және басқалар) болып табылады. АМС негізгі клиенті ҚМГ ӨК 50% бірлескен кәсіпорны «Манғыстаумұнайгаз» АҚ болып табылады.

2011 жылғы 23 желтоқсанда ҚМГ БӨ «Карповский Солтүстік» АҚ-дағы (бұдан әрі мәтін бойынша - «КС») 100%-дық үлесін сатып алды. КС Батыс Қазақстан облысында орналасқан Карповский Солтүстік газ конденсатты кен орнын барлауға лицензиясы бар мұнай-газ компаниясы болып табылады. КС-дағы үлес 8.486 миллион теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақыға сатып алынды. ҚМГ БӨ 8.076 миллион теңгені төледі және 410 миллион теңге сомасында кредиторлық берешекті таныды. 2011 жылдың аяғында белгілі бір талаптарды орындағаннан кейін барлауға арналған лицензия 2012 жылдың желтоқсаннан бастап 2014 жылғы желтоқсанға дейін ұзартылды. Ұзақ мерзімді активтердің әділ құны 6.899 миллион теңге мөлшерінде КС барлауға арналған лицензияны және 3.151 миллион теңге мөлшерінде барлау мен бағалау жөніндегі өзге де активтерді қамтиды.

АМС және КС сәйкестендірілетін активтерінің, міндеттемелерінің және шарттық міндеттемелерінің әділ құны мынадай түрде ұсынылады:

миллион теңгемен	«АқтауМұнайСервис»ЖШС	«Карповский Северный»АҚ
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	33.456	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	-	10.100
Қорлар	9.988	-
Дебиторлық берешек және өзге де ағымдағы активтер	8.847	6

Ақша қаражаты және олардың баламалары	1.660	-
Активтердің жиыны	53.951	10.106
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	7.002	296
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттеме	3.813	1.321
Қарыздар және өзге де ағымдағы міндеттемелер	6.468	3
Міндеттемелердің жиыны	17.283	1.620
Таза активтер	36.668	8.486
Сатып алу кезінде туындайтын гудвил (8-ескертпе)	11.922	-
Сатып алудың жалпы құны	48.590	8.486
Төленген ақша қаражаты	(48.590)	(8.486)
Еншілес ұйымнан сатып алынған ақша қаражатының таза сомасы	1.660	-
Ақша қаражатының таза ағыны	46.930	8.486

«АқтауМұнайСервис» ЖШС және «Карповский Северный» АҚ сатып алуы (ж а л ғ а с ы)

Егер сатып алу 2011 жылғы 1 қаңтарда орын алған болса, бұл Топтың 2011 жыл ішінде түсімі мен таза пайдасына елеулі әсерін тигізген жоқ.

Гудвилл в размере 11.922 миллион теңге мөлшерінде Гудвилл сатып алудан күтілетін бірлескен қызметке жатады, өйткені АМС «Маңғыстаумұнангаз» АҚ өз қызметтерінің елеулі бөлігін ҚМГ ӨК-нің бірлескен кәсіпорнының еншілес ұйымы - «Маңғыстау Инвестментс Б.В.» көрсетуде. Гудвилл «Мұнай газ сегменті» (8-ескертпе) енгілген және Маңғыстау Инвестментс Б.В.-да Топ инвестицияларымен бірлесіп қ ұ н с ы з д а н у ғ а т е с т і л е н е д і .

«Кварц» ЖШС, «KazSilicon» ЖШС МК және «Орталық» ЕК» ЖШС (бұдан әрі мәтін бойынша - «Кварц», «KazSilicon», «Орталық») сатып алуы

2011 жылғы қарашада ҚАӨ ҰАК Кварц-тағы қатысу үлесінің 100%-ын және KazSilicon-дағы қатысу үлесінің 100%-ын сатып алды. Кварцтың Қазақстан Республикасының Алматы облысында орналасқан Сарыкөл кен орнында талшықты кварцты өндіруге жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарты бар.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік күні БТА Банк басшылығы осы сот үдерісінің ықтимал бастапқы сомасына немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсері деңгейіне негіздемелі бағалау жасай алмайды.

Грузия Республикасының аумағындағы талап арыздар

2007-2009 жылдары БТА Банк Грузия Республикасы аумағында бірнеше компанияларға жылжымайтын мүлік және инфрақұрылым объектілерін салуға жалпы сомасы 73.000.000 АҚШ доллары болатын кредиттер берді. Осы компаниялар бойынша қаржыландыруға бекітілген жалпы сома 262.000.000 АҚШ долларын

Грузия Республикасы аумағындағы БТА Банк қарыз алушыларының бірі БТА Банкке қатысты бизнес-беделіне келтірген зияны үшін 500.000.000 АҚШ доллары мөлшерінде шығындарды өтеу туралы талаптармен талап арыз берді. Осы талап арыз Тбилиси қалалық сотының бірінші инстанциядағы сотының қарауында жатыр, іс мәні

бойынша қаралған жоқ. БТА Банк талап арыз жеткілікті негізделмеген және әділ сот талқылаулары қамтамасыз етілген жағдайда қанғаттандырылуы тиіс емес деп санайды. Азаматтық Даулар бойынша Тұрақты Төрелік Сотқа да (бұдан әрі - АДТТС) БТА Банк пайдасына салынған жылжымайтын мүліктен ауыртпалықты алып тастау туралы екі өтініш берілді. Талапкерлер тиісті кепіл шартының күшін жоюды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаларға тиесілі жылжымайтын мүлікке бұрын берілген кепілді ауыстыруды с ұ р а д ы .

АДТТС екі талап арызды да қанағаттандырды. Соттардың шешімдері қарыз алушылардың БТА Банкпен бұған дейін келісілген сомаларды толық алмауымен байланысты қарыз алушылар шеккен шығындармен уәждемді. БТА Банк Грузияның тиісті сот органдарына (Тбилиси Қалалық Соты, Тбилиси апелляциялық соты) ведомстволық бағыныс және соотылық АДТТС құзыреттілігіне дау айтып (заң бойынша наразылық), сондай-ақ талапкердің даудың мәні бойынша мәлімдеген фактілеріне қатысты, шығарылған арбитраждық шешімдерге наразылық өтінішін берді. БТА Банктің өтінішінен Грузияның тиісті барлық сот инстанциялары бас тарты. Арбитраждық шешімдер заңды күшіне енді және БТА Банктің 31.592.400 АҚШ доллар сомасына бірқатар кепілдік қамтамасыз етуінің жоғалуына алып келді.

Rompetrol Rafinare S.A. (ҚМГ ҰК еншілес ұйымы)

2010 жылы Румыния Қаржы министрлігінің тұлғасында Румыния Үкіметі мен ANAF 2010 жылы айырбасталатын борыштық инструментті Rompetrol Rafinare S-A. өтеуіне байланысты сот талқылауларына ынтагерлік білдірді. 17.5-ескертпеде ашып көрсетілгендей, басшылық Топқа қарсы сот талап-арызының заңды негіздемелері жоқ және Топ оларды жеңеді деп санайды.

Экологиялық міндеттемелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде тұр, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар ете қатаң болуы мүмкін. Заңнамада қолданылып жүрген ережелер, азаматтық талаптар немесе өзгерістерді ете қатаң түсіндіру нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелер дұрыс бағалануы мүмкін емес. Резервтер қалыптастырылған сомадан басқа(21-ескертпе), басшылық Топтың қаржылық жағдайына, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебі мен ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебіне біршама елеулі әсер етуі мүмкін ықтимал не мүмкін экологиялық міндеттемелер жоқ деп с а н а й д ы .

ҚАӨ ҰАК-нің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелері

1999 жылғы 19 желтоқсандағы «Америка Құрама Штаттары Энергетика министрлігі және Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі арасындағы жұмыс келісіміне» сәйкес Америка Құрама Штаттары және Қазақстанның үкіметтері Қазатомөнеркәсіптің иелігінде тұрған БН-350 реакторын

пайдаланудан шығарғаны және реактордың ядролық отын өзегін сақтағаны үшін өздеріне жауапкершілік алды. Осы келісімге сәйкес АҚШ үкіметі Еуропалық Одақтың, «Пресиозо» (Франция), Канберра (Бельгия), «АЛСТОМ» (Франция) ТМД (ТПСНГ) елдеріне, сондай-ақ отандық коммерциялық емес ұйымдарға: «БЯЦ» ғылыми өндірістік орталық және «КАТЭП» АҚ техникалық көмек бағдарламасын қоса алғанда, халықаралық ұйымдарға қаржылық көмегі үшін хабарласуға өзіне міндеттеме алды. БН-350 атомдық реакторды пайдаланудан және толық жөндеуден шығару үшін қаржылық міндеттемелердің ұсынылып отырған сомасы 35.000 миллиард теңгені құрайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазатомөнеркәсібіне көрсетілген соманы бермейді, сондықтан БН-350 пайдаланудан шығару бағдарламасын одан әрі қаржыландыру туралы мәселе шешімін тапқан жоқ.

Тауарларға арналған бағаларды өзгерту тәуекелі

Топтың кірістерінің елеулі бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Тарихи тұрғыдан алғанда, осы өнімге бағалар тұрақты болып көрген емес және ұсыныс пен сұраныстың өзгеруіне, нарықтық белгісіздіктерге, әлемдік және өңірлік экономиканың қызметіне және индустриядағы циклдылыққа байланысты елеулі түрде өзгеріп отырды.

Бағалар, сондай-ақ тарифтерді және импорттық баждарды енгізуді, биржалық алыпсатарлысты, негізгі нарықтарға Топтың өнімдерімен жабдықтау мүмкіндігімен немесе асыра қамтамасыз етуге байланысты да әсеріне бейім болады. Осы сыртқы факторлар және нарықтардағы өзгерістер болашақ бағаларды бағалауды қиындатады.

Тауарларға бағалардың маңызды түрде немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан ақша ағындарына елеулі түрде немесе теріс әсер етуі мүмкін. Топ тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне өзінің бейімділігін елеулі түрде хеджирлемейді.

Сақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму сатысында түр және әлемнің басқа өңірлерінде кең тараған сақтандыру қорғанысының көптеген нысандары тұтастай алғанда әзірше қол жетімді емес. Топтың өзінің өндірістік объектілері немесе мүлкіне немесе қоршаған Топ объектілеріндегі апаттардың немесе оның қызметіне қатысты туындаған нәтижелер бойынша үшінші тұлғаның алдындағы жауапкершілігін сақтандырудың өтеуі жоқ. Топ жеткілікті сақтандыру өтеуіне ие болғанға дейін залал немесе белгілі бір активтердің бұзылуы Топтың қызметіне және оның қаржылық жай-күйіне елеулі теріс ықпалық тигізу тәуекелі орын алады. Топ коммерциялық сақтандыру компанияларымен жасалған шарттарға сәйкес міндетті сақтандыру өтуге ие.

С а л ы қ с а л у

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулердің мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және

республикалық салық органдары арасында пікір сәйкессіздігі жиі болады. Қазақстанда қолданылатын заңдар негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі елеулі болуы мүмкін. Айыппұл санкциялары, әдетте, қосымша есептелген салық сомасының 50%-ы мөлшеріндегі айыппұлды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша есептелген 2,5-ке көбейтілген өсімақыны қамтиды. Нәтижесінде айыппұл санкциясы мен өсімақының сомасы қосымша есептеуге жататын салықтың сомасынан бірнеше есе асады, Қаржы кезеңдері тексеру жүргізілетін жыл алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық. Белгілі бір жағдайларда тексеру неғұрлым ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін. Жоғарыда жазылғандардың нәтижесінде, егер мұндай жағдай болса, салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімақының түпкілікті сомасы осы уақытта шығыстарға жатқызылған және 2011 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асуы мүмкін.

Басшылық 2011 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер есептелген немесе осы қаржылық есептілікте басқа түрде ашылған жағдайлардан басқа, Топтың салық жөніндегі ұстанымы расталатын мүмкіндік бар деп санайды (4 және 22-ескертпелер).

«БТА Банк» АҚ-да орналастырылған активтерге қатысты провизиялар

2010 жылдың қыркүйегінде ҚР Астана қаласы бойынша Салық комитеті Қордың 2009 жылғы қызметіне кешенді салықтық тексеруге бастамашылық жасады. Салықтық тексеру барысында салық органдары 2009 жыл ішіндегі корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаты үшін Провизияларды шегерудің заңдылығы туралы мәселе көтерді. Осы қаржылық есептіліктің шығару күніндегі жағдай бойынша салықтық тексерудің нәтижелері туралы акт Қорға ұсынылған жоқ.

Үкіметтің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2275 қаулысымен «Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тұлғалардың пайдасына не өзара байланысты тұлғалардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін, оны қалыптастыру ережесін және активтер мен шартты міндеттемелерді күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу қағидасы» (бұдан әрі мәтін бойынша «Қағида») бекітілді.

Қағидаларға сәйкес, Қор корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаты үшін «БТА Банк» АҚ-да орналастырылған 846.748 миллион теңге сомасындағы активтерге қатысты провизиялар жасады және шегерімге жатқызды.

Қордың басшылығы 2011 жылғы 31 желтоқсанда оны түсіндіру үшін заңнаманы (

Қағидаларды қоса алғанда) қолдануға жарамды және Қордың осы провизияларды шегерімге жатқызуға қатысты ұстанымы расталған деп санайды. Тиісінше, Қор осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте салық органдары тарапынан қоса есептеу мүмкіндігімен байланысты қандай да бір провизияларды таныған жоқ.

Трансфертті баға түзу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға түзу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансфертті баға түзу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді.

Қазақстанда трансфертті баға түзу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Жаңа заң анық көрсетілмеген болып табылмайды, және оның ережелерінің кейбіреуі қолданудың шағын тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заң әзірлеу сатысында тұрған егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды ұсынбайды. Нәтижесінде, операциялардың әр алуан түрлеріне трансфертті баға түзу туралы заңды қолдану нақты көрсетілген болып табылмайды.

Трансфертті баға түзу туралы қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктен салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар, бұл 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтар, айыппұлдар мен өсімақылардың қосымша сомаларына әкелуі мүмкін.

Басшылық 2011 жылы 31 желтоқсанда трансфертті баға түзу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансфертті баға түзу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтиялдың қолданылады деп санайды.

Грузиядағы кәсіпорындардың салықтық міндеттемелері (КТО)

Грузияның салық кодексіне сәйкес салық органдарының, егер мәміле байланысты тараптар арасында жүзеге асырылатын болған жағдайда, салық салу мақсаты үшін нақты бағаларды пайдалану туралы шешім қабылдауға құқығы бар. Әйтсе де, ГСК тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағаларын анықтау жөніндегі белгілі бір басшылық бар, кемшілікті анықтау тетігінің өзі әзірленген және Грузияда трансферттік баға түзу бойынша жекелеген заңнама жоқ. Осыған ұқсас түсініксіздік ұстаным бөлігінде тұрлаусыздық жасайды, ол байланысты талаптар арасында мәмілелердің салық салуын қарау кезінде салық органдарына орын алуы мүмкін.

ҚМГ ҰК Грузин еншілес ұйымдары ҚМГ ҰК шетелдік еншілес ұйымдарымен, сондай-ақ өзара жасалатын мәмілелердің біршама көлемі бар. Бұл мәмілелер байланысты тараптар арасында мәмілелерді анықтауға түседі және Грузия салық органдары келіспеуі мүмкін.

Басшылық онда ҚМГ ҰК ұйымдары арасында жасалатын мәмілелердегі баға түзу

нарықтық жағдайларда жүзеге асырылатын негіздеме үшін біршама дәлелдер бар деп санайды, алайда нарықтық бағаларды анықтау бойынша заңнамалық базаның болмауының салдарынан салық органдары осы мәселеде ҚМГ ҰК алған ұстанымнан ерекшеленетін ұстанымды алуы мүмкін.

Монополияға қарсы заңнама

Топ Қазақстан Республикасының және Еуропалық одақтың монополияға қарсы заңнамасының бақылауында болуы мүмкін қайта өңдеу саласында және сада сегменттерінде операциялар жүргізеді.

2011 жылы Топ Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын сақтамау бойынша ықтимал тәуекелдермен байланысты 7.794 миллион теңге сомасына резервтерді таныды (2010 жыл: нөл).

2011 жылы желтоқсанда қарағаннан кейін Бәсекелестікті қорғау жөніндегі Румын Кеңесі 2012 жылы 9 қаңтарда TRG еншілес кәсіпорны Rompetrol Downstream S.R.L. Бәсекелестікті қорғау туралы Заңның 5-бабын және Еуропалық Одақтаң жұмыс істеуі туралы шарттың 101-бабын бұзған деп шешті және 159.553.612 румын лейі сомасында айыппұл салды (46,8 миллион АҚШ долларына немесе жыл аяғындағы бағам бойынша 6.945 миллион теңгеге барабар). Топ барлық айыппұлдардың заңды негіздемесі жоқ деп санайды, өйткені Rompetrol Downstream S.R.L. осы мәселе талқыланған кездесулерге қатысқан жоқ, осы мәселе бойынша басқа тараптың шешімі туралы хабарланған хат-хабарларды алған жоқ, өзінің іс-қылығы туралы сұрақтарға жауап берген жоқ және нарықта іс-қимыл еркіндігі бар - ендеше, бірлескен жоспар арқылы бәсекелестік тәуекелдерін болғызбау бойынша заңды ынтымақтастық болған жоқ.

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Үкіметпен жасалған өнімді бөлу лицензиялары, келісімдерінің және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыстар бағдарламасын орындауға қатысты төмендегідей міндеттемелері болды (миллион теңгемен):

Жыл	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
2012	151.538	36.011
2013	33.460	32.472
2014	154.287	52.906
2015	3.359	30.305
2016-2024	26.694	211.527
Жиыны	369.338	363.221

Ішкі нарыққа арналған жеткізілімдер бойынша міндеттемелер

Қазақстан үкіметі шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан, негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерін компанияның көктемгі және күзгі егіс дала жұмыстары уақытында қолдау үшін, жыл

сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қамтамасыз ету үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді. Жергілікті нарықтағы мұнайдың бағасы экспортты бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтан қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет Топ қазіргі уақытта жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топтың қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2011 жылы Топ өзінің міндеттемелеріне сәйкес ішкі нарыққа 2.811.271 тонна шикі мұнай жеткізді (2010: 3.159.150 тонна).

Өзге де келісімшарттық міндеттемелер

2011 жылдың 31 желтоқсанына Топтың негізгі құралдарды сатып алу бойынша өзге де келісімшарттық міндеттемелері шамамен 46.567 миллион теңгені (2010: 61.397 миллион теңге) құрады.

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

Қ Т Ж Ұ К

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТЖ ҰК-нің «Өзен - Түркіменстанмен мемлекеттік шекара» және «Қорғас-Жетіген» темір жол желісінің құрылысы, Астана қаласында емдеу-оналту орталығының, байланыстың бастапқы магистралды көліктік желісін, Астана қаласында жолаушылар вагондарын шығару зауытың, темір жол төсемін күрделі жөндеу құрылыстары бойынша, «Достық» станциясын дамытуға бағытталған жалпы сомасы 467.859 миллион теңгеге (2010: 182.808 миллион теңге) жолаушылар вагондарын сатып алу бойынша іс-шаралардың шарттық міндеттемелер болды. Осы сома бірлескен бақылаудағы «Электровоз құрастыру зауытты» ЖШС кәсіпорнында 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін 296.299 миллион теңге сомасында жеткізуге жолаушылар вагондарын сатып алуға міндеттемелерді, сондай-ақ бірлескен бақылаудағы «Тұлпар-Тальго» ЖШС кәсіпорнында 55.726 миллион теңге сомасында 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін жеткізумен жолаушылар вагондарын сатып алуға арналған міндеттемелерді қамтиды.

Қ М Г П М ж ә н е Т R G

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұнайды қайта өңдеу бойынша жобаларға күрделі салымдары бойынша міндеттемелер 419.530 миллион теңгені (2010: 146.102 миллион теңге) құрады. Осы келісімшарттар негізінен хош иісті көмірсутектерін өндіру жөніндегі кешеннің құрылысына және өндірістік қуаттарды ұлғайту және мұнай өңдейтін зауытты еуропалық стандарттарға сәйкес келтіру жөніндегі жобаларға жатады.

Қ а ш а ғ а н

2011 жылғы 31 желтоқсанында Қашағанның барлау және бағалау бойынша активтерде және әзірлеу сатысындағы жалпы сомасы 1.070.559 мың АҚШ доллары немесе 158.871 миллион теңге (2010: 1.295.711 мың АҚШ доллары немесе 190.981 миллион теңге) мұнай-газ активтерінде иеленудің бөлінбейтін үлесін сатып алуға, құрылысына немесе әзірлеуге күрделі шығындар бойынша міндеттемелер болды.

К Е Г О С

2011 жылғы 31 желтоқсандағы «KEGOC» АҚ 56.140 миллион теңге (2010:19.347 миллион теңге) сомасында кіші станциялар мен электр беру желілерін салу және электр желісін жаңғырту жөніндегі жобалар бойынша инвестициялық міндеттемелері болды.

Э й р - А с т а н а

2008-2010 жылдар ішінде Эйр-Астана келісімге қол қойды Airbus және Embraer-мен алты және екі тар фюзельді әуе кемелерін сатып алуға арналған келісімге қол қойды және төлеу мерзімдері 2013 жылға дейін және тиісінше 2012 жыл. Топ төлемнің айтылған кестесіне сәйкес алдына ала төлемді төлейді. Келісімшарттың талаптары сатып алу құнын алу мүмкіндігіне жол бермейді.

«Kazyna Capital Management» АҚ

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық қорлардың алдындағы инвестициялық міндеттемелер 66.114 миллион теңгені (2010:66.488 миллион теңге) құрады. Осы міндеттемелер үш жылдан бес жылға дейінгі инвестициялық кезең ішінде инвестициялық қорлардың талаптары бойынша о р ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «Ж ы л ж ы м а й т ы н м ү л і к қ о р ы »)

2011 жылғы 31 желтоқсанда Жылжымайтын мүлік қорында құрылыс компанияларымен шарттар бойынша 2.532 миллион теңге (2010:31.910 миллион теңге) сомаға шарттық міндеттемесі болды.

«Қазтрансгаз» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚТГ», ҚМГ ҰК еншілес ұйымы)

Концессия шартының талаптары бойынша ҚТГ берілген газ-көлік активтерін жақсарту мен жөндеуге және жаңа газ-көлік активтеріне инвестицияларға 30 миллион АҚШ долларын жыл сайын инвестициялау міндеттемесі бар. Концессия шартының талаптарына сәйкес жоғарыда көрсетілген инвестициялардың ағымдағы құны концессия шартының мерзімі аяқталғаннан кейін ҚТГ өтелетін болады. 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ шамамен 34.102 миллион теңге (2010:47.371 миллион теңге) сомаға осы инвестициялық міндеттемеге жатқызылатын келісімшарт м і н д е т т е м е с і б о л д ы .

Қ ы р ғ ы з а й н а л ы м ы (Қ Т Г)

ҚТГ тарифтерді өтеуді қамтитын белгілі бір шарттарды сақтау кезінде шамамен 90-100 миллион АҚШ доллары (13.275 - 14.750 миллион теңге) мөлшерінде концессия шартында анықталған күн бойынша қырғыз айналымын әзірлеуге және салуға міндетті.

Алайда, концессия шартының талаптары бойынша қырғыз айналымын салудың негізгі шарты болып табылатын жаңа ішкі тарифтер 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әлі жарияланған жоқ.

Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер

Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер негізінен 5 жылдан 10 жылға дейінгі жалдау мерзімдері бар ұшақтарды жалдауға байланысты. Операциялық лизингтің барлық келісімшарттары, егер Эйр Астана оларды ұзарту мүмкіндігін пайдаланған жағдайда, нарықтық бағаларды жаңарту жөніндегі бөлімдерді қамтиды. Эйр Астана жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жолданған активтерді сатып алу мүмкіндігіне ие бола алмайды.

31 желтоқсанға операциялық жалдау бойынша міндеттемелер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2011	2010
Бір жыл ішінде	20.043	18.865
1 жылдан 5 жылға дейін	28.122	37.192
Бес жылдан жоғары	12.493	8.187
Жиыны	60.658	64.244

Операциялық жалдау бойынша міндетті төлемдер тіркелген жалдау төлемдерін, сондай-ақ ұшу сағаттарына байланысты түрлендірілетін техникалық қызмет көрсету бойынша төлемдердің белгілі бір бөлігін қамтиды.

Тіркелген және айнымалы жалдау төлемдері көрсетілген және АҚШ долларында телеуге жатады. Осы валюта күнделікті әуе кемелерін жалдау кезіндегі халықаралық есептерде пайдаланылады.

Қазақтелекомның лицензиялық міндеттемелері

Сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге арналған бірқатар лицензия шарттарына сәйкес Қазақтелекомның өз желісін жабу аймағына қатысты белгілі бір міндеттемелері бар. Қазақтелеком Қазақстан Республикасының негізгі магистралдарының, шағын қалалар мен қала үлгісіндегі кенттердің бойындағы аудандарды қамти отырып, ұтқыр желіні жабуды кеңейтуге міндетті. Топтың басшылығы Қазақтелеком лицензиялардың шарттарын сақтайды деп санайды.

Кредиттер, кепілдіктер, аккредитивтер беру жөніндегі міндеттемелер және есеп операцияларына жатқызылған басқа да міндеттемелер

Кез келген уақытта Топтың кредиттерді беру жөніндегі өтелмеген міндеттемелері болады. Осы міндеттемелер кредиттік карточкалар және овердрафтар бойынша бекітілген қарыздар мен лимиттер нысанын қабылдайды және белгілі бір жағдайлар болған кезде күші жойылатын болып табылады. Топ үшінші тараптардың алдында клиенттердің міндеттемелерін орындау кепілдігін беру мақсатында қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтерді ұсынады. Осы келісімнің тіркелген лимиттері болады және әдетте бес жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Міндеттемелердің келісімшарттық сомалары санат бойынша мына кестеде

көрсетілген. Кестеде көрсетілген міндеттемелер бойынша сомалар бұл соманың толығымен орындалғанын болжайды. Аккредитивтер бойынша кестеде көрсетілген сомалар егер контрагенттер келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындамаса, есепті күні танылатын ең жоғарғы бухгалтерлік шығынды білдіреді.

Миллион теңгемен	2011	2010
Шарттық сома		
Қарыз. кредиттік желі және қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	342.751	359.192
Кепілдіктер	89.302	97.700
Есеп айырылу операцияларына жатқызылатын аккредитивтер және өзге де міндеттемелер	110.038	112.781
Минус: Шектеу талаптары бар кепілдіктер мен салымдар	(9.559)	(7.895)
Минус: Банктік аккредитивтер мен кепілдіктерге резерв (21-ескертпе)	(6.136)	(540)

Топ кредиттік бақылау мен басқарудың осындай саясатын теңгерімдік операцияларды жүзеге асырған кезде пайдаланылатын теңгерімделген әлеуетті міндеттемелерді өзіне қабылдаған кезде қолданады.

Жоғарыда көрсетілген кредит беру жөніндегі шартты міндеттемелердің қолда бар жалпы сомасы ақшалай қаражаттағы болашақта қажеттіліктің өзін міндетті емес білдіреді, өйткені осы міндеттемелер олар қаржыландырылғанға дейін мерзімі өтуі немесе жабылуы мүмкін, сондай-ақ Топ кредиттік қаржылық құралдар бойынша қамтамасыз етуді сұрауы мүмкін.

Сенімгерлік басқару (трастілік қызмет)

Топтың кейбір еншілес қаржылық ұйымдары жеке тұлғаларға, трастілік компанияларға, зейнетақы қорларына және басқа да ұйымдарға сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді, атап айтқанда, клиенттің нұсқауларына сәйкес активтерді басқарады немесе әртүрлі қаржылық құралдарға алынған қаражатты инвестициялайды. Топ осы қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқаруда алынған активтер Топтың активтері болып табылмайды және тиісінше оның қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді. Топ көрсетілген салымдарды жүзеге асырған кезде кредиттік тәуекелге ұшырамайды, өйткені ол көрсетілген инвестицияларға кепілдіктер бермейді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қылмыстық тергеуі (Қашаған)

2007 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (бұдан әрі «БП») негізгі қарызсыз құрылыс бойынша келісімшарттар беруге қатысты ағымдағы қылмыстық тергеу туралы бұрынғы операторды хабарландырды: № 2004-0504 Норт Каспиан Констракшн Н.В. келісімшарты (бұдан әрі «НKK») және № 2004-0584 Оверсиз Интернэшнл Констракшн ГмбХ келісімшарты (бұдан әрі «ОИК»). Қылмыстық тергеу персоналдың бұрынғы оператордың құрылыс жөніндегі жұмыстарының құнынан асуының негіздемелігін тексеру мақсатында және 336 миллион АҚШ доллары немесе

49.526 миллион теңге сомасына мұнай-газ өңдеуші қондырғыны орнату және Аджип ККо персоналының құрылыс жөніндегі жұмыстарының құнынан асуының және Мердігердің алаяқтық активтері нәтижесінде ОИК жалған келісімшарт жасау үшін өкілеттіктерден асудың негіздемелігін тексеруге АТ қозғалды. Атап айтқанда, БП Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 177-бабы бойынша бұрынғы оператордың қызметкерлеріне қарсы қылмыстық іс қозғады.

2008 жыл ішінде БП келісімшарттардың көлемінің көптігіне байланысты сараптамалық заңды шолуды белгілеу туралы хаттама шығарды. 2008 жылы қарашада бұрынғы оператор осы хаттаманың күшін жоюға шағым берді. Жауап 2009 жылғы қаңтардың басында алынды, онда осы заңды тұлғалар үшін қажетті жұмыстар мен ресурстардың көлемін бағалау жүріп жатқаны туралы айтылған. 2009 жылғы 13 шілдеде сарапшы заңды шолу аяқталды және ахуалды шешу үшін шешім қабылдау үшін жеткілікті қашан да бір ақпаратты Қаржы полициясына бере алмады. Қаржы полициясы қайталама сараптаманы талап етті. Қазіргі сәтте бұрынғы оператор барлық сұратылған құжаттарды берді және билік органдарымен ынтымақтастықты жалғастыруда.

Топ басшылығы БП бекітуін негізсіз деп санайды. Ағымдағы тексерумен байланысты басшылық бағалары бойынша қылмыстық істі растаудың ықималдығы аз жағдайда, әлеуетті тәуекел шамамен 112 миллион АҚШ долларын немесе 16.509 миллион теңгені (Қашағананың үлесі шамамен 18.8 миллион АҚШ долларына немесе 2.771 миллион теңгеге тең) құрайтын ОИК-пен келісімшартқа қатысты жүргізілген шығыстарды және КТС мақсатында осындай шығыстарды шегерулерді өтеуге қатысты.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеуі

2009 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Бас прокурордың қадағалауымен ҚазАтомӨнеркәсіптің бұрынғы бірінші басшысы және ҚазАтомӨнеркәсіптің және оның еншілес кәсіпорындарының бұрынғы қызметкерлеріне қатынасты тергеуді бастады. Осы тергеу негізінен активтерді ұрлау және аффилирленген оффшорлы компанияларға белгілі бір уран кен орындарың заңсыз сату айыптауларына қатысты болды. 2010 жылғы 12 наурызда сот бұрынғы бірінші басшыны 14 жылға түрмеге жабуға үкім шығарды. Сондай-ақ, 2010 жылғы наурызда прокуратура ақшаны жылыстау айыптауларымен бұрынғы бірінші басшыға қатысты жаңа тергеу туралы хабарлады. Бұдан әрі жаңа тергеулер басталуы мүмкін. Басшылық осы тергеулер мен айыптаулар ҚазАтомӨнеркәсіптің қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді, өйткені олар ҚазАтомӨнеркәсіпке емес, бұрынғы басшылыққа қатысты б а с т а л д ы д е п с а н а й д ы .

Тұрақтандыру жоспары бойынша міндеттемелер

Қор Үкімет 2008 жылы бекіткен Тұрақтандыру жоспарын жүзеге асыруда Үкіметтің негізгі операторы болып тағайындалды (*1-ескертпе*). 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық секторды тұрақтандыру және шағын және орта бизнесті

қолдау жөніндегі міндеттемелер орындалды.

Жылжымайтын мүлік нарығындағы ахуалды тұрақтандыру бойынша міндеттеме

Үкімет жылжымайтын мүлік нарығындағы ахуалды тұрақтандыру үшін қаражат беруді шешті. Үкімет Қорға екінші деңгейдегі банктерде депозиттер орналастыруды және құрылыс компанияларына тікелей қаржыландыруды беруді тапсырды. 2011 жылғы 31 желтоқсанда Қор және оның еншілес ұйымдары арқылы жалғастырылатын құрылысты аяқтау және дайын тұрғын үйді сатып алу үшін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер 1.442 миллион теңгені (2010:33.784 миллион теңгені) құрады.

Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 115.000 миллион теңге инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін «Қазақстанның Даму банкі» АҚ жарғылық капиталына берілді. 2011 жылғы 31 желтоқсанда инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру бойынша Қордың міндеттемелері 5.000 миллион теңгені құрады. Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін мақұлданған жобалар 55.980 миллион теңгені құрады. 2011 жылғы 31 желтоқсанда «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-ның инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелері 59.020 миллион теңгені құрады.

42. САРАЛАНЫМ ЕСЕПТІЛІГІ

Басқару мақсаты үшін Топтың қызметі өндіретін өнім түріне және көрсетілетін қызметтің тұрпатына сәйкес мынадай жеті операциялық сараланымға бөлінеді:

Мұнай-газ сараланымы мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, мұнай мен газды, шикі мұнайды және қайта өңделетін өнімдерді қайта өңдеу және сату бойынша операцияларды қамтиды

Тау-кен өндіру сегменті минералдық ресурстарды барлау, өндіру, өңдеу және сату жөніндегі операцияларды, қорғаныс кешені мен азаматтық машина жасау кәсіпорындарын, химия саласы мен геологиялық барлауды дамыту жөніндегі жобаларды қамтиды.

Тасымалдау сараланымы жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды.

Телекоммуникация сараланымы жергілікті, қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды.

Энергетикалық сараланым электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан

Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды.

Қаржы институттар және даму институттары сараланымы Қазақстан экономикасының барлық сараланымдарында инвестициялық және инновациялық қызметті ұлғайту және ынталандыру жөніндегі операцияларды қамтиды.

Самұрық-Қазына операциялары Корпоративтік орталық және жобалар сараланымына енгізілді.

Жоғарыда аталған есептік сараланымдардың кейбіреулері Топтың ұйымдық құрылымына сәйкес неғұрлым ұсақ есептік сараланымдарды біріктіру арқылы қалыптастырылды. Әрбір есептік сараланым ҚЕХС-қа сәйкес бухгалтерлік есепті жүзеге асырады. ҚЕХС-қа сәйкес дайындалған әрбір сараланым қызметінің қаржылық нәтижелері сараланымға ресурстарды бөлу және оның қызмет нәтижелерін бағалау туралы шешімдерді қабылдау мақсаты үшін Бас басқарушыға және шешімдер қабылдауға жауаптыға беріледі.

Төменде 2011 жыл ішіндегі Топтың операциялық сараланымдарының пайдалары мен шығындары, активтер! мен міндеттемелері туралы ақпарат келтірілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен	Тасымалдау
Сыртқы клиенттерге сатудан кіріс	2.600.312	335.347	790.775
Басқа сараланымдарға сатудан кіріс	26.750	18.231	11.743
Кірістердің жиыны	2.627.062	353.576	802.518
Бір жыл ішіндегі жалпы пайда	789.342	92.218	252.800
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(160.072)	(21.691)	(78.008)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(350.701)	(3.779)	(6.771)
Қаржылық кіріс	45.600	5.689	6.337
Қаржылық шығындар	(171.313)	(12.309)	(22.865)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістердегі үлесі	534.623	43.983	69
Бағамдағы айырымадан түсетін кіріс/(шығыс),нетто	(9.987)	(414)	(1.709)
Тозу,ескіру және амортизация	(146.708)	(16.328)	(63.643)
Берілген қарыздардың құнсыздануы	(14)	-	-
Банктерге берілген қарыздардың құнсыздануы	-	-	-
Өзге де активтердің құнсыздануы	(60.593)	(3.320)	(9.336)
Резервтерге аударымдар	11.036	5.572	29.536
Табыс салығы шығыстар	(153.131)	(17.553)	(35.780)
Кезең ішінде жалғастырылатын қызметтен түскен таза кіріс	482.548	80.581	129.152
Кезең ішінде тоқтатылған операциялардан түскен таза кіріс	-	-	-
Кезең ішіндегі таза кіріс жиыны	482.548	80.581	129.152
Сараланымдар бойынша өзге ақпарат			
Сараланым активтерінің жиыны	6.181.018	653.788	1.767.920
Сараланым міндеттемелерінің жиыны	3.020.860	277.728	771.842
Күмәнді дебиторлық берешек және бойынша резервтер	3.636	272	1.161

Бірлескен кәсіпорындардғы және қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	919.154	105.018	4.940
Күрделі шығындар	465.531	33.919	347.228

кестенің жалғасы

Телекоммуникация	Энергетика	Қаржы институттары мен даму институттары	Корпоративтік орталық және жобалар	Элиминация	Барлығы
184.564	129.312	288.065	74.551		4.402.926
5.075	11.508	69.814	112.801	(255.922)	
189.639	140.820	357.879	187.352	(255.922)	4.402.926
55.400	32.153	38.819	33.844	(61.466)	1.233.110
(22.018)	(12.854)	(105.684)	(44.106)	5.852	(43В.683)
(4638)	(291)	(18)	(1.842)	862	(376.178)
3.996	2.538	2.982	63.973	(64.276)	66.848
(9.503)	(7.468)	(1.438)	(176)	30.857	(194.215)
(3)	25.467	7.038	-	-	611.177
(107)	1.259	(12.913)	32	(54)	(23.893)
(39.931)	(14.437)	(6.623)	(318)	-	(287.988)
-	-	(146.816)	(943)	799	(146.974)
-	-	(599)	(282.068)	282.068	(599)
(2.564)	(17)	(26.853)	(307.193)	306.742	(84.462)
21	7.334	5.966	-	-	59.465
(4.302)	(5.104)	(141.819)	(10.194)	-	(367.883)
18.096	38.515	(389.428)	(513.881)	472.555	318.138
33.023	-	-	(532)	-	32.491
51.119	38.515	(389.428)	(514.413)	472.555	350.629
461.835	661.982	3.628.629	4.125.542	(4.067.309)	13.413.405
169.721	247.481	3.667.810	1.592.738	(2.064.378)	7.683.802
(281)	(206)	502	-	(59)	5.026
24	176.741	89.105	-	-	1.294.982
46.624	73.631	31.020	27.471	(5.854)	1.019.770

Төменде 2010 жыл ішіндегі Топтың операциялық сараланымдарының пайдалары мен шығындары, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат келтірілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен	Тасымалдау
Сыртқы клиенттерге сатудан кіріс	2.083.257	229.817	656.331
Басқа сараланымдарға сатудан кіріс	15.686	16.870	85.779
Кірістердің жиыны	2.098.943	246.687	742.110
Бір жыл ішіндегі жалпы пайда	689.941	66.836	207.857
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(138.181)	(17.009)	(64.664)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(238.739)	(2.727)	(6.035)
Қаржылық кіріс	58.671	5.536	4.390
Қаржылық шығындар	(152.577)	(10.187)	(15.941)

Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістердегі үлесі	343.176	37.590	245
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс/(шығыс),нетто	(5.740)	406	(212)
Тозу,ескіру және амортизация	(131.142)	(10.938)	(54.952)
Берілген қарыздардың құнсыздануы	(1.120)	-	-
Банктерге берілген қарыздардың құнсыздануы	-	-	-
Өзге де активтердің құнсыздануы	(11.117)	(1.232)	(9.240)
Резервтерге аударымдар	33.536	20.361	30.706
Табыс салығы шығыстар	(132.675)	(13.244)	(44.637)
Кезең ішінде жалғастырылатын қызметтен түскен таза кіріс	397.035	59.940	74.901
Кезең ішінде тоқтатылға операциялардан түскен таза кіріс	-	-	-
Кезең ішіндегі таза кіріс жиыны	397.035	59.940	74.901
Сараланымдар бойынша өзге ақпарат			
Сараланым активтерінің жиыны	5.752.399	559.306	1.421.531
Сараланым міндеттемелерінің жиыны	3.021.046	258.947	619.613
Ескірген тауарлық-материалдық қорларға,күмәнді дебиторлық берешекке және өтелетін күмәнді ҚҚС арналған резервтер	3.214	108	1.031
Бірлескен кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	696.881	74.985	2.777
Күрделі шығындар	444.932	27.013	205.608

кестенің жалғасы

Телекоммуникация	Энергетика	Қаржы институттары мен даму институттары	Корпоративтік орталық және жобалар	Элиминация	Барлығы
161.629	110.651	306.601	60.929	-	3.609.215
4.699	11.140	76.055	282.647	(492.876)	
166.328	121.791	382.656	343.576	(492.876)	3.609.215
45.097	28.671	54.493	228.484	(206.014)	1.115.365
(23.097)	(9.886)	(118.880)	(12.889)	12.381	(372.225)
(4.365)	(369)	-	(1.458)	675	(253.018)
3.263	4.323	769	46.978	(48.324)	75.606
(9.710)	(7.678)	(2.038)	-	30.141	(167.990)
26.039	7.542	8.567	-	-	423.159
592	866	21.909	585	330	18.736
(38.232)	(12.343)	(9.447)	(247)	18	(257.283)
-	-	(1.498)	(11.641)	2.185	(12.074)
-	-	(2.056)	-	(12.755)	(14.811)
(676)	504	2.295	(701.493)	700.836	(20.123)
40	1.180	(61.597)	-	-	24.226
(5.190)	(4.661)	158.836	12.828	-	(28.743)
33.108	20.786	(103.644)	(365.829)	517.411	633.707
844	-	(200)	-	-	644
33.952	20.786	(103.844)	(365.829)	517.411	634.351

403.759	429.409	4.146.905	4.687.269	(4.585.270)	12.815.308
156.569	198.983	3.719.492	1.468.459	(2.050.215)	7.392.894
2.240	(587)	8.403	-	(225)	14.184
53.812	174.790	35.000	-	1.096.077	
42.846	59.792	14.137	5.010	(469)	798.869

43. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Қордың жарғылық капиталына жарналар

2012 жылғы бірінші жарты жылдықта Үкімет 36.154 миллион теңге сомасында Қордың жарғылық капиталына жарналарды жүзеге асырды. Жарналар ақша қаражаты және мүлікті жарнасы нысанында жүзеге асырылды.

О п е р а ц и я л ы қ қ ы з м е т

2012 жылдың ақпанында «Эйр Астана» АҚ үш Boeing-787 және төрт Boeing-767 ұшақты сатып алуға Boeing компаниясымен шартқа қол қойды. Төртінші ұшақ Boeing-767 төртінші ұшақ «Эйр Астана» АҚ 2012 жылғы қыркүйекте сатып алуға бекітілетін болады. «Эйр Астана» АҚ төлемдердің келісілген кестесіне сәйкес алдын ала төлемді жүзеге асырады.

2012 жылғы 20 ақпанда Kazakhstan Growth Fund (KGF) қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады. Қазіргі уақытта KGF-тың басқа қорға инвестициялық қоржынды және міндеттемелерді беру туралы мәселе қарастырылуда. Осыған байланысты тоқтата тұру күніне KGF Тобы қорға инвестициялардың әділ құнын активтердің таза құны әдісі бойынша бағалады және осы қорға 472 миллион теңге мөлшеріндегі инвестициялардың әділ құнынан өзгерулерден болатын шығынды көрсетті.

2012 жылғы 1 сәуірінен бастап ҚР АРЕМ Топқа жүк темір жол тасымалдарына орташа алғанда тарифтерді 15% көтеруді келісті және бекітті.

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап «Эйр Астана» АҚ халықаралық рейстерде отын алымдарын авиациялық керосинге бағалардың күрт көтерілуімен байланысты 40%-ға дейін арттыруды жүргізді. 2012 жылғы 5 сәуірден бастап авиациялық керосинге бағалардың өсуін өтеу мақсатында «Эйр Астана» авиакомпаниясының ішкі рейстерінде авиабилеттердің бағасын орташа алғанда 16%-ға арттыруға әкелетін отын алымы енгізілді.

Топ құрылымындағы өзгерістер

2012 жылдың 25 қаңтарында GSM Қазақстан қауымдасқан компаниясы бұған дейінгі кезеңдер үшін жалпы сомасы 34.723 миллион теңгенің «Қазақтелеком» АҚ-дағы Топ дивидендтерінің үлесін жариялады. Бұл сома 2012 жылдың ішінде алынады, олардан 2012 жылдың наурызында 8.681 миллион теңге алынды.

2012 жылғы 1 ақпанда «Қазақтелеком» АҚ тобы 1.519 миллион АҚШ доллары (225.739 миллион теңгеге барабар) мөлшеріндегі сыйақы үшін GSM Қазақстан қауымдасқан компаниясын сатуды аяқтады.

2012 жылдың сәуірінде 7.557 миллион теңге сыйақы үшін Балқаш ЖЭС 75%

акцияларын сату жөніндегі мәміле аяқталды.

Б е р і л г е н қ а р ы з д а р

2012 жылғы 19 қаңтарда Қор «Kazakhmys Finance PLC»-ке Қазақстанның Бозшакөл мыс кен орындарын ендіру жөніндегі жобаны қаржыландыруға 200 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қарыз берді. Қаржыландыру Қытайдың Мемлекеттік Даму Банкінің 2012 жылғы қаңтардағы кредиттік желісі шеңберінде алынған қаражат есебінен жүзеге асырылды.

А л ы н ғ а н қ а р ы з д а р

2012 жылғы ақпанда Bank of Tokyo Mitsubishi UFJ, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ және «Astana Solar» ЖШС (қоса қарыз алушылар) арасында стратегиялық инвестициялық жоба шеңберінде жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру мақсатында 12 жыл мерзімге 80.4 млн.еуроға дейінгі сомада (15.962 миллион теңгеге барабар) кредиттік келісім жасалды.

«ПМХЗ» АҚ (ҚМГ-ның еншілес ұйымы) «Қазақстанның халық банкі» АҚ-мен жалпы сомасы 20.969 миллион теңгеге қарыз шартын жасады.

2012 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қор компаниялары тобының қаржылық орнықтылығын арттыру мақсатында Қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынған және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде орналастырылған облигацияларды орналастыру талаптарын өзгерту туралы шешім қабылдады (*19-ескертпе*). Осы шешімге сәйкес облигацияларды өтеу мерзімі купон ставкасын 0,01%-ға дейін төмендете отырып 2062 жылға дейін ұзартылатын болады.

Сондай-ақ, Кеңес ҚМГ ҰК-ге Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан 2013 жылы 2,5 миллиард АҚШ доллары сомасында өтеу мерзімі 2028 жылы және 2012 жылы 1,5 миллиард АҚШ доллары сомасында өтеу мерзімі 2035 жылы купон ставкасының 3%-ымен облигациялық қарыздар бөлу туралы шешім қабылдады.

БТА Банктің қаржылық жай-күйі

2012 жылғы 18 қаңтарда БТА Банк бас облигациялар, дисконты бар облигациялар және субординирленген облигациялар бойынша БТА Банк 2012 жылы 3 қаңтарда есептелген сыйақы сомасын төлемегені үшін дефолтқа жол берді.

2012 жылғы 6 ақпанда БТА Банк кредиторлар комитетін қалыптастырады. Комитетке Ashmore Investment Management Limited, Asian Development Bank. O.E. Shaw Oculus International Inc., D.E. Shaw Laminar International Inc., Gramercy Funds Management LLC, J.P. Morgan Securities Ltd., Nomura International pic, Swedish Export Credits Guarantee Board - EKN, The Royal Bank of Scotland pic (RCTFF қатысушыларының өкілі), және VR Capital Group Ltd енді.

2012 жылғы 23 сәуірде БТА Банк қалпына келтіруге арналған облигацияларға қатысты барлық төлемдерді тоқтата тұру туралы жариялады, бұл осы облигациялар бойынша дефолт оқиғасы болып табылады. Нәтижесінде, 2012 жылдың 28 сәуірінде

Банк Bank of New York Mellon Corporate Trustee Services Limited-тен қалпына келтіруге арналған облигацияларды ұстаушылардың сезімді меншік иесі ретінде бастапқы жиынтық базалық сомасы 5.221.494.216 АҚШ долларын құрайтын қалпына келтіруге арналған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарлама алды.

2012 жылғы 2 мамырда БТА Банк Алматы қаласының Мамандандырылған қаржылық сотына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық берешекті қайта құрылымдауды бастау туралы өтінішпен жүгінді. 2012 жылғы 8 мамырда Алматы қаласының Мамандандырылған қаржылық соты БТА Банктің қаржылық берешегін қайта құрылымдау туралы өтінішін қанағаттандырды. БТА Банк Қазақстан Республикасының аумағында қайта құрылымдау үдерісі шеңберінде заңды қ о р ғ а у ғ а и е б о л д ы .

Ө з г е д е о қ и ғ а л а р

Өз акцияларын және ЖДҚ қайта сатып алу бағдарламасы шеңберінде 2012 жылдың 1 қаңтары мен 2012 жылдың 26 наурызы арасында ҚМГ БӨ 2.197.086 ЖДҚ және жалпы құны 5.499 миллион теңгенің 2.028 жай акцияларын сатып алды.

2012 жылдың бірінші тоқсанында Темір банк жалпы ағымдағы құны 1.000 миллион теңге мөлшеріндегі өзінің 1.002,062 артықшылықты акцияларын 772 миллион теңгеге с а т ы п а л д ы

2012 жылдың қаңтарынан бастап «Қазақстанның халық банкі» АҚ және оның «Nalyk Groups-қа кіретін еншілес ұйымдары Топ үшін байланысты тараптар болып т а б ы л м а й д ы .

2012 жылғы 19 қаңтарда Үкіметтің № 139 қаулысымен Қордың 2010 жылғы 9.077 миллион теңге мөлшеріндегі таза кірісін бөлудің түпкілікті тәртібі бекітілді, оған сәйкес осы сома дивидендтер бойынша алдын ала төлеу шотына есептеледі (15-ескертпе).